

Бекітемін:

Мектеп-интернат директоры

_____ Ж.Ахмедов

**Оңтүстік Қазақстан облысының білім
басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы
№5 мамандандырылған физика-математикалық
мектеп-интернаты» КММ-нің
2018-2019 оқу жылына арналған
оқу–тәрбие жұмысының ж о с п а р ы**

02-01

Атбұлақ ауылы - 2018 ж.

Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» КММ-нің 2018-2019 оқу жылына арналған оқу–тәрбие жұмысының ж о с п а р ы

- I. Өткен оқу жылының қорытындылары және дарынды балалармен жұмыс істеудің 2018-2019 оқу жылындағы мақсаты мен міндеттері. Педагогикалық жұмыстардың концепциясы.
- II. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының іске асырылуы.
- III. Педагог кадрлармен жұмыс.
- IV. Оқу -тәрбие процесін ұйымдастыру және оған басшылық.
 - 4.1 Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және дарынды балалардың жеке шығармашылығын жетілдіру шаралары.
 - 4.2 Оқушылардың қабілетіне қарай саралап оқыту және жеке шығармашылық тұлға қалыптастыру.
 - 4.3 Инновация және ІТ технологияны оқу процесінде қолдану шаралары.
 - 4.4 Тәрбие жұмыстары және халық педагогикасы негізінде жүргізілетін шаралар.
 - 4.5 Сыныптан, мектептен тыс жұмыстар.Балалар мен жастар ұйымының жұмысы.
 - 4.6 Еңбекке баулу және нарық экономикасына бейімдеу жұмыстары.
 - 4.7 Спортпен шұғылдану,сауықтыру жұмыстары.
 - 4.8 Кітапхана жұмыстары.
 - 4.9 Интернаттағы тәрбие жұмыстары.
 - 4.10 Жаратылыстану пәндері мұғалімдерін үш тілде білім беруге дайындау шаралары
 - 4.11 Мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілігін арттыру жұмыстары
- V. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар.
 - 5.1 «Н.Назарбаев зияткерлік мектептерінің» озат іс-тәжірибелерін оқыту-тәрбиелеу үрдісіне енгізу.
 - 5.2 Жоғары оқу орындарымен байланыс жұмыстары.
 - 5.3 Мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми жұмыстары.
 - 5.4 Әдістемелік семинар жұмыстары және Ж.Қаппаров атындағы пән олимпиадасын облыстық деңгейде өткізу.
 - 5.5 Педагогикалық озат тәжірибелерді ендіру, зерттеу және жинақтау.
 - 5.6 Жас мұғалімдермен жұмыс.
 - 5.7 Мұғалімдердің шығармашылығын ұйымдастыру.
- VI. Мектепшілік басшылық пен бақылау.
 - 6.1 Педагогикалық кеңес.
 - 6.2 Директор жанындағы кеңес.
 - 6.3 Қоғамдық ұйымдардың мәжілістері.
- VII. Ата-ана, жұртшылық және мекемелермен байланыс.
- VIII. Материалдық-техникалық базаны нығайту және шаруашылық жұмыстары.

Өткен оқу жылының қорытындысы және жаңа 2018-2019 оқу жылында дарынды балалармен жұмыс істеудің мақсаттары мен міндеттері

2017-2018 оқу жылында мектебімізде 48 мұғалім, 15 тәрбиешіден тұратын 63 педагог еңбек етті. Мұғалімдердің жоғары білімдісі - 47, арнайы орта білімдісі - 1. Педагогикалық еңбек өтілі 1-5 жыл аралығын құрайтындардың саны - 23, 5-10 жыл аралығын қамтитындар саны - 20 болса, 10-25 жылға жеткендер саны - 8. 26 және одан жоғарылар саны - 12. Педагогтарымыздың жоғары біліктілік санаттысы - 14, бірінші біліктілік санаттағылары - 15, екінші біліктілік санаттағылары - 15, санатсыздары - 19. Қазақстан Республикасы үкіметінің наградаларын иеленгендер саны - 2. Физика-математика ғылымдарының кандидаты - 2, педагогика ғылымдарының кандидаты - 1, математика ғылымдарының кандидаты - 1. Үш айлық біліктілік арттыру курсынан өткендер саны - 18. Облыстық, Республикалық семинарларға - 54 мұғалім қатысып, біліктілігін шыңдады.

Білім мекемесі Шымкент қаласындағы М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтымен, физика-математика және химия-биология бағыттарындағы «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарымен және Алматы қаласындағы О.А.Жәутіков атындағы республикалық физика-математикалық мектеп-интернатымен тығыз ғылыми-шығармашылық байланыс жасады. Физика-математика пәндерін тереңдетіп оқыту үшін сабаққа қажетті методикалық, дидактикалық тағы басқа материалдар аталған білім ордаларынан алынды.

2017-2018 оқу жылының қыркүйек айы негізінен ұйымдастыру мәселелеріне арналды. Алдымен оқу-тәрбие жоспары, содан соң барлық сала бойынша атқарылатын жұмыстардың жылдық жоспарлары жасалып бекітілді.

Түрлі деңгейлердегі пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар байқауына және интеллектуалды байқауларға дайындық жоспарлары мен дайындық сабақтарының кестесі түзілді. Пән үйірмелері ұйымдастырылып, жетекшілері тағайындалды. 2017-2018 оқу жылында түрлі деңгейлердегі ғылыми жобалар байқауына жолданатын жұмыстар мектепшілік іріктеуден өткізіліп, облыстық білім басқармасындағы тиісті мамандарға жолданды. Сондай-ақ әрбір мұғалімнің өз білімін көтеру жоспары жасалып бекітілді және оқу-тәрбие процесін жетілдіру проблемалары жайлы жұмыс істейтін шығармашылық тақырыптары анықталып, тіркелді.

31.08.2017ж күні Атбұлақ елді мекенінен тыс жерден қабылданған оқушылар жатақханаға орналастырылды. Ай бойында оқушылардың сабаққа қатысуы жіті қадағаланды.

05.09.2017ж күнге дейін оқушыларды алфавиттік кітапқа тіркеп, оқушылар қозғалысына бұйрық жазу жұмысы жүргізіліп, оқушылардың іс қағаздары ретке келтірілді.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ – мен байланыс жасалып, келісім шартқа сәйкес жұмыстар іске асырылды.

Жатақханада орналасқан оқушылардың ыстық тамағы, орналасқан бөлмелерінің санитарлық жағдайлары үнемі бақылауда болды.

Тамыз айында мұғалімдердің мамандығы, шеберлігіне қарай педагогикалық жүктеме бөлінді, сыныптарға жетекшілік тағайындалды, оқу кабинеттеріне мұғалімдер бекітілді, мұғалімдердің біліктілік санаттары белгіленді.

Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің ішкі еңбек тәртібін сақтауын, еңбек заңдылығын орындауын үнемі қадағалап жауапкершіліктерін арттыру жұмысын қолға алды. Сондай ақ мұғалімдердің санитарлық-гигиеналық, техника қауіпсіздік ережелерін орындауы, оқушылардың жазу, сызу құралдарымен қамтамасыз етілуі үнемі қадағаланды.

Сабақ кестесі, үйірме, сыныптан тыс жұмыстардың, тәрбие шараларының кестелері жасалды.

Оқу бағдарламалары, курстардың жоспарлары, олимпиадаға дайындық бағдарламалары талқыланып бекітілді. Сынып жетекшілердің тәрбие сабақтарын өту кестесі, мектепшілік басшылық пен бақылаудың кестесі жасалды.

Мектептің жарғысымен, жалпы ішкі тәртіп ережелерімен оқушыларды және ата-аналарды таныстыру жұмысы жүргізілді. Жолда жүру ережелерімен, техника қауіпсіздік шараларымен таныстыру, танысқандығы жайлы өздерінің арнайы журналына тіркеу жұмысы жасалды.

Күнделікті және тәрбие жоспарлары жасалып, бекітілді, І-ші жарты жылдықтағы өткізілетін ашық сабақтар мен тәрбие сабақтарының кестесі жасалды.

Мұғалімдердің сағат жүктемесі жасалып, бекітілді. Мектептің ОШ-1, РИК есептері аудандық білім бөліміндегі, облыстық білім басқармасындағы тиісті мамандарға дер кезінде тапсырылды.

Жатақханада қыркүйек айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Сонымен қатар секция бойынша орналастырылған оқушылардың төсек орындарының тазалығы қадағаланды. Жаңадан 7-ші сыныпқа келген оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалды.

1-қыркүйек күні 7-сыныпқа қабылданған оқушылардың ата-аналарымен келісім-шарттарға қол қойылып, оқушыларға интернат ғимаратына ішек құртқа анықтамасыз кіргізілмейтіні ескертіліп, ата-аналарға тапсырылды, сонымен қатар тамақ құнын төлеу тәртібі түсіндірілді.

Интернат ғимаратында әр апта сайын жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәрбиешілер мен түнгі бала күтушілердің жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп-интернат ғимаратында медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады.

Мектеп психологы, сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темперамент типтерін анықтап, психологиялық карталарын түзді.

Интернат тәрбиешілері мен оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы бірлесе отырып интернат ғимаратында 7-сынып оқушылармен танысу кешін ұйымдастырды.

Интернатқа кезекші мұғалімдердің өз уақытысында кезекшілікке келуі, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Жаңа оқу жылы қарсаңында әр оқушыны оқулықтармен толық қамтамасыз ету мақсатында «Мектепке –оқулықпен !»тақырыбында сыныптар арасында акция өткізілді.

Кітапхананың 2017-2018 оқу жылында атқарылатын жылдық жұмыс жоспары бойынша оқырмандардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру мақсатында кітапханаға түскен жаңа әдебиеттермен таныстыру сағаттары, кітапханалық сабақтар,шолулар,әңгімелер өткізілді.

Аз қамтылған оқушылардың әлеуметтік диагностикасы, әр сыныптың әлеуметтік паспорты мен мектептің әлеуметтік паспорты жасалынып, әр оқушы зерттелінді.

Оқу жылының басында «Қамқоршылық» кеңесінің бас қосу жиыны өткізілді. Кеңестің негізгі мақсаты мектептегі тұрмысы төмен жартылай жетім балаларды қорғау мен қолдау болғандықтан бірінші кезекте олардың оқулықтармен қамтамасыз ету міндеті қойылып, әлеуметтік аз қорғалған оқушылар оқулықпен түгел қамтамасыз етілді. Әр оқушының әлеуметтік тұрмыс жағдайы жөнінде мәлімет жиналып, әр оқушы зерттелді.

1 қыркүйек- Білім күніне арналған салтанатты мерекелік іс-шара өз деңгейінде ұйымдастырылып өткізілді.

1 қыркүйек күні мектепте жалпы және сынып аралық ата- аналар жиналыстары болды. Әр аптада жоспар бойынша тәрбие сағаттары, сынып жиналыстары өтілді, сенбі күні сынып күнделіктері мен сынып тазалығына қадағаулар жүргізілді. Сынып тәрбиешілері мен сынып жетекшілеріне сынып күнделіктерін толық толтырмаған оқушыларға қадағаулар ұсынылды.

7-10 сынып оқушыларынан оқушының қабілетін анықтауға арналған диагностикалық тест алынып, нәтижесі сынып жетекшілермен және тәрбиешілермен талқыланды.

Қыздар, ұлдар ұйымының жиналысы болды.Сыныптарда сынып жиналыстары болып сынып активтері сайланды.

Қазақстан Республикасының рәміздерінің шығу тарихы туралы сыныптар арасында түсіндірме жұмыстары, сауалнамалар жүргізілді.

«Тілдер мерекесінің» іс- шара жоспары жасалынып , онда жоспарланған жұмыстардың барлығы дер кезінде, өз деңгейінде орындалды.

«Тілдер мерекесінің» аясында 8 сыныптар арасында мәжіліс залында Лингвистикалық турнир ұйымдастырылып өткізілді.

Жыл басында қабылданған 7-сынып оқушыларының мектептегі адаптациясын анықтау мақсатында бірнеше түсіндірме жұмыстары мен бақылау жүргізілді. Аптаның жұма күндері интернатта ортаңғы сынып оқушыларымен шағын жиналыс өткізіліп, онда мектеп пен интернат ғимаратындағы тәртіп, білім туралы мәлімет берілді.

Ортаңғы және жоғарғы сыныптарға жаңадан келген оқушылардың жеке мінез-құлқы ерекшеліктеріне зерттеу жүргізу мақсатында Г.Айзенктің сауалнамасы, графикалық диктант, ынталандыру материалдары ұйымдастырылып, қорытындысы жазылды.

Ортаңғы 7-сынып оқушыларының мінез-құлқын анықтау үшін Стреляу, Г.Айзенктің (темперамент типін) тесттері жүргізілді. Оның қорытындысы өңделіп, диаграммасы түзілді.

7-сыныптардан психологиялық тест 08.09-09.09.2017ж. күндер аралығында алынды. Тест қорытындысы сынып жетекші мен тәрбиешілерге таныстырылды. **Мақсаты:** оқушының мінез-құлық ерекшелігі мен эмоционалдық тұрақтылығын анықтау.

Ортаңғы буын сынып оқушыларының математикалық есте сақтау қабілеттерін анықтау мақсатында сөздер қатары әдістемесі алынды. **Мақсаты:** оқушының есте сақтау қабілеттерін анықтау.

7-8 сынып оқушыларының ұжым ортасындағы ұйымшылдығын арттыру мақсатында «Сіз мені танысыз ба?» атты дамыту сабағы ұйымдастырылды. Мұнда – оқушылар бірнеше жаттығуларды орындау арқылы өзара қарым-қатынастағы қияндықтан шығу керектігін ұғына алды.Топқа бөлінген оқушылар арнайы сұрақтарға жауап беріп, жағдаяттарды шешуді үйренді. Орындалған жаттығулар:

1. Әңгіме құрастыру;
2. Допты шеңберден шығару;
3. Импульсті жаттығу;
4. Ең ақылды жануар;
5. Релаксация;
6. Рефлексия.

Оқушылар дамыту сабағына белсене араласып, ойларын анық жеткізе алды.

8-10 сыныптарына жаңадан келген оқушылардың жеке қабілеттерін, отбасындағы жағдайы, зейіннің тұрақтылығын анықтау мақсатында «Табиғатта кездеспейтін жануар», «Шатасқан әріптер» атты әдістемесі жүргізілді. Ол үшін оқушыларға плакат беріліп, оған сынып оқушылары әлемде кездеспейтін жануар суретін салу тапсырылды. Қатысқан оқушылар саны: 7 оқушы. Жүргізілген жұмыстың нәтижесі бойынша жоғарғы сынып оқушылардың зейін тұрақтылығы орта

деңгейлі, ал орта буын сынып оқушысында шашыраңқылық белгісі бар. Оқушылардың ешқайсысында тәртіп бұзу икемділігі байқалмады.

Кеңес беру бағыты бойынша 7 О-О, 2 Т, 2 М, 1 А-А кеңес берілді. Сұраныстың басым көпшілігі тәрбиешілер тарапынан болғандықтан, аты аталған оқушылармен жекеленген түзету жұмыстары атқарылды. Жүргізілген тесттер мен сауалнамалар қорытындысы сынып жетекші мен тәрбиешілерге таныстырылды.

ҰБТ-ке қатысушы 11-сынып оқушылары арнайы тест тапсырып, жекеленген кеңес берілді(мамандыққа байланысты).

Тау самалы мен Балдаурен оқу сауықтыру лагеріне баратын оқушыларды мектеп әкімшілігімен іріктей келе, оларға психологиялық мінездемелер жазылды.

11-сынып оқушыларын электронды және қағаз форматындағы жаңа тест материалдарымен қамтуға көп мән беріліп, 190 нұсқалы базалық тест мектептің баспа құралдары арқылы кітапша түрінде шығарылып, оқушыларға берілді, сондай ақ оқушылар физика, Қазақстан тарихы пәндері бойынша базалық тест материалдарымен қамтылды.

Мектептегі интерактивті тақтасы бар оқу кабинеттеріне электронды форматтағы тест материалдары орнатылып, 11 сыныптардың сабақтарының мүмкіндігінше сол кабинеттерде өтуі қарастырылды.

Әр апта сайын тест орталықтары дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.

Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.

Шығармашылық топ отырысында ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

Айдың әр аптасында Ұлттық тестілеу орталығы дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тесттерінде оқушылар төмендегідей көрсеткіштер көрсетті:

11-сынып оқушылары:

Тест №	Қатысқан оқушы саны	Жалпы балы	Пәндер бойынша орта балы				
			Матем. сау-қ	Оқу сау-ғы	Қазақстан тарихы	1-таңдау пән	2-таңдау пән
1	58	66,5	9,0	14,0	12,3	12,3	19
2	58	76,4	11,8	16,4	11,5	18,4	18,3
3	57	97,1	14,7	17,5	16,6	24,1	24,2
4	56	81,4	11	16,1	13,5	20,7	20,1

9А,Б,В сынып оқушыларынан 3 рет ОЖСБ байқау тесті алынып, нәтижесі бойынша жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізуге терең мән берілді. Алғашқы тесттің орта балы орыс сыныбында- 27,58 , қазақ сыныптарында-29,46 болды.

Екінші тесттің орта балы орыс сыныбында-30,27, қазақ сыныптарында-26,5, үшінші тесттің орта балы-38,1 болды.

23.10-27.10.2017ж күндері аралығы қорытынды апта болып, аптасына екі реттен кем болмайтын барлық негізгі пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар қойылып, үздіктердің, екпінділердің, қанағаттанарлық бағасы бар оқушылардың үлесі төмендегі кестедегідей болды:

мазмұны	7- сынып	8- сынып	9- сынып	10- сынып	11- сынып	мектеп бойынша	%
I тоқсан соңындағы оқушы саны	71	71	59	66	58	325	100
Оқу озаты	1	3	7	12	3	26	8
Екпінділер	44	51	49	49	53	246	75,6
«3»- бар оқушы	26	17	3	5	2	53	16,3
Таза-3	-	-	-	-	-	-	-
Үлгермеушілер	-	-	-	-	-	-	-

23.10-27.10.2017ж күндері аралығында барлық негізгі пәндер бойынша қорытынды бақылау жұмыстары алынып, ол мектеп бойынша келесі кестедегідей нәтиже көрсетті:

№	Пәннің атауы	Сынып	Орта баға	Білім сапасы
1	Қазақ тілі	7-11	4	91,9 %
2	Орыс тілі	7-11	3,9	74 %
3	Ағылшын тілі	7-11	3,9	75 %
4	Алгебра	7-11	4,1	79,6 %
5	Физика	7-11	4	78,8 %
6	Информатика	7-11	4,5	100 %
7	Биология	7-11	4,0	85 %
8	Химия	8-11	4,0	82,1 %
9	Қазақстан тарихы	7-11	4,0	77 %
10	География	7-11	4,2	92 %
	Барлығы:		4,0	83,5 %

Тоқсандық қорытынды бойынша пәндердің білім сапасы мынадай болды:

1. Алгебра- 92,2 %
2. Геометрия –91, 7 %
3. Физика-93,8 %
4. Информатика- 100 %
5. Химия- 97,2 %
6. География- 99,3 %
7. Биология- 97 %
8. Қазақстан тарихы- 96 %
9. Қазақ тілі-96 %
- 10.Қазақ әдебиеті 97 %
- 11.Ағылшын тілі- 97 %
- 12.Орыс тілі- 100 %
- 13.Орыс тілі мен әдебиеті (7-қазақ сыныптар үшін)-84,5 %
- 14.Орыс әдебиеті- 90,6 %
- 15.Дене шынықтыру- 100 %
- 16.Сызу- 100 %
- 17.АӘД-100 %

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқару мақсатында, жатақханада қазан айында дәрігер,

медбике тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілердің әрбір жұмыстары бақыланып қаралды. Сонымен қатар секция бойынша орналастырылған оқушылардың төсек орындарының тазалығы қадағаланды. Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Мектеп оқушыларының тоқсандық қорытынды бағалары бойынша тәрбиеші мен мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, бақылау жүргізілді. Әсіресе, ортаңғы буын оқушыларына баса назар аударылды. «3»-тік бағалары бар оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Интернат ғимаратында апта сайын жиналыс , тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілер мен түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді. Мектеп және интернат ғимаратында медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады. Мектеп психологы, сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темпераменттік типтерін анықтап, психологиялық сараптамаларын, карталарын түзді.

Сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалады және де тиісті бөлмелерге бөлінді. Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым –қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

Мұғалімдер күніне орай 11-сыныптың ұйымдастыруымен концерттік іс-шара өткізілді.

Оқушылар бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектеп ғимаратында спорттық күндер өтілді.

Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесіне сай, 2017 жылғы қазан айының бірінші, екінші апталарында мектептегі физика пәнінің оқытылуын мектеп әкімшілігі тарапынан тексеру жұмысы жүргізілді. Тексеру барысы төмендегідей бағыттардан тұрды:

1. Мұғалімдердің сабақ өту әдістемесіне анализ жасау
2. Дирекция тарпынан байқау тест алу.
3. Іс-құжаттарының жүргізілуін тексеру
4. Негізгі, және шығармашылық-зерттеушілік әрекет негіздері пәндерінің жоспарлануын қарау
5. Оқушыларды пән олимпиадаларына дайындау жұмыстарын тексеру
6. ОЖСБ (Оқу жетістіктерін сырттай бағалау) және ҰБТ іс-құжаттары мен оған дайындықты тексеру.
7. Сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі (ақысыз үйірмелер т.б)
8. Әдіс бірлестікте физика пәнінің қаралуы

Тексеру қорытындысы бойынша анықтама жазылып, кезектегі педагогикалық кеңес қарауына ұсынылды.

Мектепте жалпы 6 физика пәні мұғалімі жұмыс істейді. Олардың 3-еуі (Орынбаев Бақтияр, Орынбаева Ғалия, Мырзакулова Назира) жоғары санатты, 1-еуі екінші

(Оралбеков Ғалымжан) санатты, 2-еуі (Пияшова Гүлжазира, Анарбай Луиза) санаты жоқ жас мамандар.

16 қазан күні жас маман Анарбай Луизаның 7-«В» сыныбындағы сабағына талдау жасалынды. Қысқа мерзімді жоспары жазылған, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары тарапынан бекітілген. Қысқа мерзімді жоспары орта мерзімді жоспарымен сәйкес жасалған. Сабақтың тақырыбы: «Скорость и расчет средней скорости» Сыныпта 16 оқушы отырды. Оқушылардың барлығы оқу құралдарымен қаруланған

Мұғалімнің сабақты ұйымдастыруы өз дәрежесінде болды. Барлық оқушыларды сабаққа тарта білді. Соңғы қатардағы санаулы балалар ғана назардан тыс қалып отырды. Оқушылардың дәптерлері мұғалім тарапынан тексерілген. Сабақта мұғалім үй тапсырмасын ауызша диалог әдісін пайдаланып сұрады, соңынан қима қағаздар пайдаланды. Сабақты дәстүрлі әдіспен өткізді.

Мұғалімнің өзімен сабақ соңында талдау жасалынды және керекті ұсыныстар айтылды. Ұсыныстар: Сабақта АКТ-ны пайдалану, топтық жұмыстар өткізу.

Мырзакулова Назира Жақсылыққызының 2017 жылдың 17 қазан күні 9-«В» сыныбындағы сабағына талдау жасалынды.

Мұғалімнің біліктігі, білімділігі сабақта байқалып отырды. Қысқа мерзімді жоспары өз деңгейінде жазылған. Орта мерзімді жоспармен сәйкес келеді. Ол сабақта мұғалім «Рымкеевичтің есептер жинағынан» есептер шығарды. Оқушыларға жеке тапсырмалар беру арқылы мұғалім сыныпты толығымен баурап алды. Оқушылар сабаққа белсене қатысты. Тақтамен де жұмыс жасады. Тақтаға қиын есепті шығару үшін шығарды. Есепті шығаруға барлық оқушылар атсалысты. Оқушылардың дәптерлері тексерілген. Бағалары қойылған. Сынып журналы өз деңгейінде толтырылған. Сабақ соңында мұғаліммен талдау жүргізілді. Мұғалімге сабақтарда жаңа оқыту әдістерін көбірек қолдану ұсынылды.

Орынбаев Бақтиярдың 2017 жылдың 6 қазандағы 9 «А» сыныбына өткен сабағына талдау жасалынды. Сыныпта 14 оқушы болды. Сабақтың мақсаты оқушылардың білім деңгейін жан-жақты тексеру болды.

Мұғалім тапсырмаларды 3 деңгей бойынша топтасырған. Оқушылардың дәптерлері өз деңгейінде тексерілген. Бағалары сәйкес қойылған. Мұғалімнің сабақ беру шеберлігі жоғары екені оқушылардың сабаққа қызығушылықтарынан көрініс тауып тұрды.

Орынбаева Ғалияның 2017 ж. 16 қазандағы 9 «А» сыныбына өткен сабағына талдау жасалынды.

Сабақтың тақырыбы: Ньютонның үшінші заңы. Мақсаты: Оқушыларға Ньютонның бірінші, екінші заңдарына күш, масса, үдеу туралы білімдеріне сүйене отырып, динамиканың іргелі заңы болып табылатын Ньютонның үшінші

заңын түсіндіру. Мұғалім-жоғары білікті маман. Оқушылар да сабаққа қарулана келіп, белсене қатысты.

Мұғалім сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайданды. Физикалық шамалардың таңбалануы, өлшем бірліктер, анықталатын формулалары көрсетілді. Мұғалімнің жоспары талапқа сай жазылған. Мектеп әкімшілігі тәрпынан барлығы бекітілген. Ұсыныс: Жас мамандарға әдістемелік көмек ретінде сабақтар (разработкалары) жинақталып, таратылсын.

Пияшова Гүлжазираның 8-«Б» сыныбындағы сабағына талдау жасалынды. Сабақтың мақсаты оқушылардың білімдерін анықтау мақсатындаға бақылау жұмысын алу. Сабаққа 14 оқушы қатысты. Оқушылардың дәптерлері мұғалім тарапынан уақытылы тексерілген. Мұғалімнің қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді жоспарлары қаралды. Жоспарлары талапқа сай жасалынған. Мектеп директоры тарапынан бекітілген. Бақылау жұмысының алыну мерзімі дұрыс. Бақылау жұмысы өз дәрежесінде жүргізілді. Мұғалімнің сабақ өту шеберлігі өз деңгейінде. Ұсыныс: Сабақтарында жаңа технологияларды, оның ішінде топтық жұмыстарды көп ұйымдастыру қажет. Журнал толтырылған. Оқушылардың күнделіктеріне баға қойылған.

Оралбеков Ғалымжанның 2017 ж. 18 қазандағы сабағы талданды. Сабақ 8-«А» сыныбында жүргізілді.

Мұғалім ешқандай деңгейлік курстан өтпесе де сабақтарында түрлі әдіс тәсілдерді тиімді қолдануды білді. Сабақтың тақырыбы: Заттың агрегаттық күйі. Қатты денелердің балқуы және қатаюы. Мақсаты: Барлық оқушыларға заттың агрегаттық күйі және қатты денелердің балқуы және қатаюы туралы мағлұматтар беру. Сабақта 14 оқушы, үш топқа бөлініп отырды. Мұғалімнің қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді жоспарлары бір-бірімен сәйкес, жүйелі жазылған. Оқушылардың жұмыс дәптерлері толық тексеріген, бағалары да дұрыс қойылған. Журнал толтырылған. Оқушылардың күнделіктеріне баға қойылған.

2017 жылдың 10-11 қазан күндері оқушылардың мектепшілік пәндер олимпиадасы өткізілді. Олимпиада төмендегі кестеге сәйкес өткізілді:

№	Пәндер	өтілетін орны	бақылаушы	көмекші
10 қазан				
1.	физика (7,8 сынып)	№302	Пияшова Г.	Анарбай Л.
2.	физика (9,10,11 сынып)	№206	Орынбаева Ғ.	Оралбеков Ғ.
3.	биология (7,8,9,10,11 сынып)	№106	Еликбаева Ж.	Сарыбаева Л.
4.	орыс тілі (7,8,9,10,11 сыныптар)	№307	Нұрлыбекова Н.	Насырова О.
5.	ағылшын тілі (7,8,9,10,11 сыныптар)	№305	Маликова С.	Смайыл С.
6.	Қазақстан тарихы (7,8,9,10,11 сыныптар)	№213	Ербосын Қ.	Бегайдарова И., Эмм А.
7.	қазақ тілі (7,8 сыныптар)	№105	Амирбекова Б.	Жайықбаева Б.

8.	қазақ тілі (9,10,11 сыныптар)	№107	Бейсенбай Н.	
11 қазан				
1.	математика (7,8 сынып)	№301	Джуманов С.	Анарбай Л.
2.	математика (9,10,11 сынып)	№205	Исмаилова А.	Абдикулова Ш.
3.	химия (7,8,9,10,11 сыныптар)	№106	Әлтай Г.	Сарыбаева Л.
4.	информатика (7,8,9,10,11 сыныптар)	№202	Алмуханов Қ.	Бегімқұлов Т.
5.	география (7,8,9,10,11 сыныптар)	№109	Атамкулов Е.	Момбиева Т.
6.	орыс тілі (7,8,9,10,11 орыс сын.)	№309	Насырова О.	Нұрлыбекова Н.
7.	құқық негіздері (9,10,11 сыныптар)	№212	Ербосын Қ.	Бегайдарова И., Эмм А.

7 қазан күні бірлестік жетекшілері олимпиаданың материалдарын бекітуге ұсынды. Олимпиада кезінде кезекшілік жасайтын мұғалімдер бекітілді.

10 қазан күні 8 кабинетте кестеде көрсетілген 6 пән, 11 қазанда 7 кабинетте кестедегі 6 пәндер бойынша өткізілді. Олимпиада өту барысында ешқандай ережебұзушылық немесе келеңсіз жағдай тіркелмеді. Олимпиаданың хаттамалары толтырылып, өз уақытында тапсырылды. Төмендегі мектепшілік олимпиаданың жеңімпаздары облыстық олимпиадаға жолдама алды:

№	Оқушының аты-жөні	сыныбы	пәні	ұпайы
1.	Алтынбек Нұрлан	11	физика	14
2.	Тулбасаев Елдос	10	физика	16
3.	Балабекова Айтолқын	9	физика	21
4.	Әмірбеков Бекболат	11	математика	10
5.	Құрбанбек Ерұлан	10	математика	10
6.		9	математика	
7.	Мырзабоев Алдияр	11	информатика	10
8.	Анарбай Сүндетқали	10	информатика	10
9.	Жармет Нұрдаулет	9	информатика	25
10.	Кененбаев Байел	11	ағылшын тілі	67/100
11.	Мынтай Сүлеймен	10	ағылшын тілі	86/100
12.	Сыдық Аяжан	9	ағылшын тілі	38/50
13.	Оразымбет Нұрдаулет	11	Қаз.тарихы	53
14.	Нұралы Айсәуле	10	Қаз.тарихы	44
15.	Пернебек Ернұр	11	география	37
16.	Сман Айдын	10	география	36
17.	Қаныбек Қуанышбек	9	география	34
18.	Түймебай Ләйлә	11	биология	45
19.	Нәдірбек Балауса	10	биология	44
20.	Ақжол Сымбат	9	биология	29
21.	Мұхсымов Нұрислам	11	АҚҚ	73
22.	Жарылқасын Назарбек	10	АҚҚ	68
23.	Жүрсінбек Жамал	11	қазақ тілі	39
24.	Асанова Арайлым	10	қазақ тілі	41
25.	Алекбар Тоғжан	9	қазақ тілі	37
26.	Амандық Асылбек	11	химия	28

27.	Нұралықызы Ардақ	10	химия	18
28.	Дүйсен Нұржігіт	9	химия	15
29.	Пернебек Тейхан	11	орыс тілі (орыс сын.)	56
30.	Кененбаева Азиза	10	орыс тілі (орыс сын.)	III орын/80
31.	Зікірия Шыңғыс	11	орыс тілі (қаз сын.)	40
32.	Жамал Саян	10	орыс тілі (қаз сын.)	40

25 қазан күні мектепте «Ақбота» интеллектуалды марафоны өткізілді. Марафонға 7-10 сынып оқушылары арасынан барлығы 40 оқушы қатысты. Марафон 2 кабинетте (№307 және №309) өткізілді. Барлық оқушылар түгел қатысты. Тапсырмаларды орындауға 2 сағат 30 минут берілді. Олимпиада сағат 14¹⁰ да басталып 16⁴⁰ та аяқталды. Жұмыстар 26 қазан күні Шымкент қаласындағы №12 М.Тасова атындағы үш тілде оқытатын мектеп-интернатқа жеткізілді.

7^а-сынып оқушыларымен Сайын Мұратбековтың шығармашылығына арналған әдеби кеш «Өмір жырын шерте білген» тақырыбында өткізілді. Оған 24 оқушы қатысты. Сайын Мұратбековтың өмірбаянымен оқушылар таныстырылды, слайдтар көрсетілді. 7^а сынып оқушысы Амангелді Еркебулан Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Жыр өлеңін» оқыды. Сайын Мұратбековтың «Басында Үшқараның» повесінен үзінді оқылды. Мелдахан Аяулым, Алеуетдинов Алтынбек, Әріпбай Назерке, Спабек Адина шығармаларын қара сөзбен жатқа айтып берді.

Жазушының «Менің қарындастарым», «Ауыл оты», «Көкорай», «Отау үй», «Жабайы алма» жинақтары оқушыларға таныстырылды.

7^б сынып оқушыларымен Қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтың туғанына 120 жыл толуына орай әдеби шолу кеші өткізілді.

Жоспарға сай қазан айында ортаңғы буын сынып оқушыларының өзіндік ұстанымдарын, қиялын анықтау мақсатында «Табиғатта кездеспейтін жануар» атты әдістемесі жүргізілді. Интерпритациясы: 7а сынып оқушыларының салған суреттерінде ашық түстерді көбірек пайдаланған, белсенділіктері жоғары, өзін жоғары бағалайтын тұстары да көрініс тапты.

Белсенділіктері жоғары болғандықтан, шешімді жылдам қабылдап, тез әрекет еткенді ұнатады. Сынып ұжымында психологиялық ахуалды қалыпқа келтіру үшін дамыту сабақтарын ұйымдастыру керек. 7б сынып оқушылары өздеріне көбірек көңіл бөлгендерін қалайды. Сыныптың биіктен көрінуі үшін, көп әрекет

етеді. Жұмыла жұмыс атқарады, бірі-бірі тыңдай біледі. Ашушандық реакциясы төмен. Ұйымдастырушылық қабілеттері жоғары. 7в сынып оқушыларының салған суреттерінде, әрбір оқушы өз бойындағы агрессияларын анық көрсеткен. Мүйіз, тырнақ, тістің бейнелері бар. Сынып ұжымында лидерлікке ұмтылу басым көпшілігінде көрініс берген, бірақ та оң нәтижелісі аз. Сынып ұжымында қарым-қатынас деңгейі төмен, сондықтан да сыныппен түзету сабақтарын ұйымдастыру қажет.

7б сынып оқушыларымен «Менің сүйікті оқу орным» тақырыбында пікір алмасу ұйымдастырылды. Онда оқушыларға арнайы сұрақтар әзірленіп, жауап алуда ойын анық жеткізуі, креативтілігіне үлкен мән берілді. Пікірлесумен қатар, сыныптың ұйымшылдығын қалыптастыруда дамыту сабағы өткізілді. Онда орындалған жаттығулар:

1. Сәлемдесу «Бумба-Юмба»;
2. Мейірімді жануар;
3. Кім жылдам «Санамақ»;
4. Құпия дос;
5. Рефлексия.

Оқушының көңіл-күйі мен мінез-құлқындағы өзгерістерді анықтау мақсатында 7абв сыныптар және жаңадан қабылданған оқушылармен мандала әдісі жүргізілді. Оқушыларға бірнеше шеңбер тәріздес суреттер таратылып, акварель, гуашь, қаламмен бояу тапсырылды. Әдістің интерпритациясы жасалынып, жекеленген кеңестер берілді.

10-сыныптың оқушыларымен мимика, пантомимика, ақпарат алмасу әдісі бойынша сабақ өткізілді. Мұнда оқушыларға бірнеше тапсырмалар беріледі, бала соны үдерінен шығып сыныптастарына баяндауы керек. Түрлі жолмен жеткізуге болатынын ескерген оқушылар, қол, тілдің көмегімен тапсырманы орындап шықты. Сабақ соңында кері байланыс жасалынды. Ситуациядан шығу жолдарымен ой бөлісті.

Аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері 11абв сыныптың II топқа бөлінген оқушыларымен тренинг өткізілді. Дамыту сабақтары мен қоса, мини-лекция оқылып, қысымнан құтылу жолдары мен ситуациядан шығу жолдары туралы кеңес беріледі.

Орындалған жаттығулар:

1. «Санамақ»;
2. «Өрт сөндірушілер»;
3. «Бұзық телефон»;
4. Топқа бөліну;
5. Рефлексия.

Профориентатор бағыты бойынша мектептің 9-11 сынып оқушыларының сұранысы бойынша қайталама тест алынды, қорытындысы туралы жекелеген оқушыларға толықтай мәліметтер берілді. Бұл тестпен қатар 11-сынып оқушылары Дж.Голланд әдістемесімен жұмыс жүргізіліп, нәтижесі өңделді.

Қатысушылар: 11^Б сынып

Қатысқаны: 22 оқушы

Тесттің тақырыбы: ДЖ.Голланд әдісі бойынша оқушының мінез-құлқы мен кәсіптік бағдарын анықтау.


Тесттің мақсаты: оқушының мамандыққа икемділігін анықтау.

Күтілетін нәтиже: мамандық таңдауға мүмкіндік, кеңес беру.

11 б сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	Реалистік тип	Зияткерлік тип	Әлеуметтік тип	Конвенциялық тип	Іскер тип	Өртістік тип
1	Ерман А.				+		
2	Айтмахамбет Б.						+
3	Алшынбек Ұ.					+	
4	Оразымбет Н.					+	
5	Бошай А.		+				
6	Лесбай А.					+	
7	Орынбасар Д.					+	
8	Қасымбек М.			+			
9	Кененбаев Б.					+	
10	Зікірия Ш.				+	+	
11	Қабашбаева А.		+				
12	Алтынбек Н.	+			+		
13	Еран Н.				+	+	
14	Хаймділда Н.			+	+		
15	Мухсимов Н.		+	+			
16	Ташкенбай Ғ.					+	
17	Амандық А.			+	+	+	+
18	Сұлтанов Д.						+
19	Әкім Ж.				+		
20	Түймебай Л.	+	+				
21	Тасбалта О.				+	+	
22	Тұрдыбай Ә.			+			
Жалпы		2/10%	4/20%	5/25%	8/31%	10/41%	3/15%

Диаграмма:



Қатысушылар: 10^А сынып

Қатысқаны: 25 оқушы

Тесттің тақырыбы: Климовтың 5 жіктелімі әдісі бойынша оқушының мінез-құлқы мен кәсіптік бағдарын анықтау.

Тесттің мақсаты: оқушының мамандыққа икемділігін анықтау.

Күтілетін нәтиже: мамандық таңдауға мүмкіндік, кеңес беру.

10а сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	А-табиғат	А-техника	А-адам	А-белгілеу жүйесі	А-көркем бейне
1	Сәтбек Еламан		+			
2	Әсілбеков Досымхан				+	
3	Оңалбаева Алтынай					+
4	Әсет Дина			+		
5	Жақсылық Әлия			+		
6	Темір Нұрмахан		+			
7	Әуезов Абзал				+	
8	Қарсыбай Нұрахмет				+	
9	Сапархан Айғаным			+		
10	Сұлтанбек Тоғжан				+	
11	Сман Айдын		+			
12	Түменбай Бексұлтан	+				
13	Қалыбек Иманғали		+			
14	Садуақас Ердаулет	+				
15	Әуезхан Айдана					+
16	Анарбай Сүндетқали				+	
17	Сапабек Ақмейір			+		
18	Жарылқасын Назарбек		+			
19	Мұхтарбек Қаныбек		+			
20	Ордабаева Эльнура			+		
21	Жамал Саян				+	
22	Жұмаділла Аружан		+			
23	Мыңтай Сүлеймен				+	
24	Біләл Болат				+	
25	Мырзалы Рахымжан				+	

Жалпы	2/8%	7/28%	5/20%	9/36%	2/8%
-------	------	-------	-------	-------	------

Диаграмма:



Қатысушылар: 9^А сынып

Қатысқаны: 22 оқушы

Тесттің тақырыбы: ДЖ.Голланд әдісі бойынша оқушының мінез-құлқы мен кәсіптік бағдарын анықтау.

Тесттің мақсаты: мінез-құлқы мен мамандыққа икемділігін анықтау.

Күтілетін нәтиже: бағыт-бағдар және психологиялық қолдау көрсетіледі.

9а сынып оқушыларының зерттеу нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	Реалистік тип	Зияткерлік тип	Әлеуметтік тип	Конвенциялық тип	Іскер тип	Өртістік тип
1	Абдихадир Б.			+			
2	Абдирахим А.					+	
3	Алшынбек М.		+				
4	Ауесхан А.			+		+	
5	Бабаханқызы А.				+		
6	Бейсебай Л.			+		+	
7	Дүйсен Н.	+					
8	Жармет Н.					+	
9	Жүрсінбек Қ.			+			+
10	Қанат Ә.		+				
11	Қалыбек Д.					+	
12	Махамбет М.			+			
13	Мұғал М.		+				+
14	Мыңтай Д.			+			
15	Нұрмахан Е.		+				
16	Нұрмаханбет Н.			+			
17	Оспанова А.		+				
18	Өмірхан А.		+				
19	Өмірхан Е.			+			
20	Өткір Ұ.				+		+

21	Пердебаев Б.				+		
22	Садиев А.	+				+	+
23	Сейдакпар А.		+				
24	Сыдық А.				+		
25	Тастан Д.			+			
26	Төребек Ж.		+				
Жалпы		2/7,7%	8/30,8%	9/34,6%	4/15,4%	6/23,1%	4/15,4%

Диаграмма:



Әр аптада мектеп-интернат оқушыларымен кешкі кездесулер ұйымдастырылып отырды. Онда ортаңғы және жоғарғы буынның қыздары мен ұлдарына кеңес беріліп, түсінік жұмысы жүргізілді.

Кеңес беру бағыты бойынша – 12 О, 1 Ж/М, 2 А-А, 2 Т кеңес берілді. Ата-ана мен тәрбиешілер тарапынан 3 сұраныс келіп түсті. Жеке және топпен жұмыс жүргізу жайында жұмыс жүргізу қажет.

«Тау самалы», «Балдаурен» оқу сауықтыру орталығына баратын оқушыларды іріктеуде психологиялық тесттер алынып, психологиялық мінездеме жазылды.

«Өзіңді өзің тани біл» тренинг-сабағы 7,8,9-сыныптар арасында өткізілді. Тренингтың мақсаты: оқушыларға қоршаған ортаны тануға, өзінің ішкі жан-дүниесіне үңілуге, өзін-өзі тануға, адамгершілік-рухани әлеуетін көтеруге көмектесу, оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнатуға септесу, оқушыларды бірін-бірін сыйлауға, өзің –өзі түсінуге, бағалау білуге және жаман әрекеттен жақсы әрекетті ажырата білуге тәрбиелеу.

09.10.17ж күні 10 сынып оқушыларымен бірге ҚР «Балалар құқығы туралы» заңы мен БҰҰ «Балалар құқықтары туралы» халықаралық конвенциясы талқыланды.

18.10. 17ж күні «Мейрімнен нәр алып» тақырыбында отбасы жағдайы төмен оқушылармен сұхбат өткізілді. Мақсаты: отбасы жағдайы төмен оқушыларды қолдау және оларға құрмет көрсету, проблемаларына көңіл аударып отбасылық құндылықтарын жаңғырту, демеушілік көрсету. Осы мақсатта 8 «а» сынып оқушысы Аман Айданаға 4 айдың тамақ ақысын төлеуге қаржылай көмек көрсетілді. Оған ата-аналар: Тағаев Талғат Мамайұлы, Ақынғазиева Бахытгуль Мамаевна, интернат меңгерушісі: Ұстаев Мақсат Мизамұлы демеушілік жасады.

20.10.17 ж күні 10-сыныптармен «Есірткі-деңсаулық дұшпаны» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Мақсат-оқушылардың зиянды заттар туралы білімдерін тереңдету, салауатты өмір салтына және имандылыққа тәрбиелеу, өзара ой бөлісу, ойлау, қорытындылау қасиеттерін дамыту. Өз деңсаулығының бағалы байлық екендігіне көз жеткізуге жағдай жасау. Дөңгелек үстелге қатысқан әр оқушы өз ойын нақты және түсінікті жеткізе білді.

11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен ұстаздардың еңбектерін бағалауға, сыйлауға, құрметтеуге үйрету мақсатында «Ұстазым-ұлағатым, үлгі өнегем» тақырыбында мерекелік іс-шара өтілді.

02.10.17ж . жас аралық байланыстар , әріптестіктер құруға шақыру, жоғары сынып оқушыларының төменгі сынып оқушыларын қамқорлыққа алу арқылы көшбашылық қабілеттерін дамыту мақсатында өткізілген «Шаңырақтар форумы» жоғары дәрежеде ұйымдастырылды.

20.10.17ж. дәстүрлі «Алтын күз» мерекесі шаңырақтар арасында ынтымақтастық қарым- қатынастар туғызу, оқушыларды достастыру, бірлесіп жұмыс жасауға үйрету мақсатында сайыс түрінде өтті. Нәтижесінде І орын «Жалынды жастар», ІІ орын «Жалын», ІІІ орын «Барс» иеленіп марапатталды.

14.10.17ж.күні ата-аналарды мектеп өміріне араластыру арқылы ынтымақтастық орнату, оқушылардың ата-анасына , отбасына деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында «Менің отбасым осындай жандар» сайысы ұйымдастырылды.

11.10.17ж күні «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы» тақырыбында демократиялық қоғамның негізгі принципі-заң алдында барлығы тең екендігін ұғындыру мақсатында конференция өткізді . Конференциядан оқушылар өз құқықтарының маңыздылығын түсінді.

17.10.17ж күні оқушылардың айналасындағылардың іс-әрекетінің заңға сәйкестілігін қадағалау қабілетін қалыптастыру, оқушылар құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра білуге дайын болына үйрету мақсатында «Адамға құқық не үшін қажет?» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

12.10.17ж күні 9-сынып оқушыларының Отанға, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін ояту мақсатында олармен «Қазақстан патриотизмі деген не?» . тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

03.10.17ж. күні «1 қазан-қарттар күні» – көнекөз қарттарды қатыстыра отырып, “Ата салтымызды сақтайық!” «Асқар тауда асыл көп, аталы сөзде ақыл көп» тақырыптарында оқушыларды әдептілікке , алғырлыққа, адамгершілікке, шабыттылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында кездесулер, дөңгелек столдар ұйымдастырылды.

7.10.17ж. күні 8сынып оқушыларымен оларды адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында «Сенің достарың» «Менің сырт достарым» тренингі ұйымдастырылды.

Оқушыларды табиғатты аялауға, қорғауға ,өсімдік дүниесін қадірлеуді қалыптастыруға баулу, туған жер экологиясын қорғауды үйрету мақсатында «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша бір қатар мектеп жанында жұмыстар жүргізіліп, сенбіліктер ұйымдастырылды.

Оқушыларды жеке бас гигиенаны сақтауға үйрету,оқушы бойында ұстамдылық жігерлілік қасиеттерін тәрбиелеу мақсатында «Жат әрекеттен сақтан!» тақырыбы бойынша оқушылар арасында сауалнама жүргізілді.

Физика пәні мұғалімі Оралбеков Ғалымжан 7Б сыныбымен облыстық деңгейде онлайн сабақ өткізді.

Қараша айында мектеп әкімшілігі тарапынан 4 рет ҰБТ байқау тесті алынды. Соңғы тесттің орта балы 101,6 болды. Педагогикалық ұжым әрбір байқау тест нәтижесіне мұқият анализ жасап, пән мұғалімдері оқушылармен жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізіп отырды.

Мектеп әкімшілігі 11-сынып оқушыларын қажетті тест материалдарымен қамту бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді. Атап айтсақ мектептегі информатика кабинетіндегі компьютерлерге электронды тесттер орнатылып, 11-сынып оқушыларының осы тесттер бойынша дайындылуын реттейтін жұмыс кестесі жасалып, толыққанды жағдай жасалды. Мұнан өзге 2016-2017 оқу жылының базалық тесттері кітапша түрінде шығарылып, оқушыларға ұсынылды.

Ай бойында 9А,Б,В сынып оқушыларынан 3 рет ОЖСБ байқау тесті алынып, нәтижесі бойынша жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізуге терең мән берілді. Алғашқы тесттің орта балы орыс сыныбында- 54,7, қазақ сыныптарында-62,5 болған. Екінші тесттің орта балы орыс сыныбында-53,3, қазақ сыныптарында- 64,7, үшінші тесттің орта балы орыс сыныптарда-57,9; қазақ сыныптарда- 65,7 болды.

Қараша айының 16-17 жұлдыздары аралығында мектеп әкімшілігі тарапынан барлық негізгі пәндерден 7-10 сыныптардан айлық қорытынды тест алынып нәтижесі төмендегідей болды:

№	Пәндер атауы	Қаз.тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Математика	Физика	Қазақстан тарихы	География	Биология	Химия	Барлығы:
	сыныптар										
1	7 ^а -сынып	7,2	5,8	6,5	8,8	9,1	5,7	7,0	7,6		7,2
2	7 ^б -сынып	7,2	5,8	6,7	7,9	8,3	5,3	7,1	7,7		7
3	7 ^в -сынып	8,2	10	7,2	4,9	7,2	5,8	9,5	7,6		7,5
4	8 ^а -сынып	9	9,9	6,2	9,6	10,2	11,1	7,2	7,6	12,1	6,9
5	8 ^б -сынып	9,1	6,3	5,5	9	7,4	10,1	7,8	8,1	9,7	9,2
6	8 ^в -сынып	9,1	9,1	6,8	8,6	7,5	6,6	5,1	3,7	8,9	8,1
7	9 ^а -сынып	8,2	7,8	6,5	4,3	10,5	5,7	6,4	5,1	7,7	7,2
8	9 ^б -сынып	9,8	9,1	8,2	3	10,6	5,9	6	5,1	8	7,3
9	9 ^в -сынып	9,6	8,9	7,9	3	10,4	5,7	5,9	5,0	8	7,1
10	10 ^а - сынып	15,1	11,5	11,1	11,5	17,6	10,5	13,2	17,1	9,4	13
11	10 ^б - сынып	17,2	14,5	10,3	12,3	11,6	9,6	14,1	14,3	7,4	12,3
12	10 ^в - сынып	17,1	14,4	10,1	12,0	11,4	9,3	14,0	14,1	7,2	12,1
	Мектеп бойынша	10,0 1	8,98	7,5	7,99	10	7,63	8,34	8,39	9,02	8,65

20.11.2017 ж. күні «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының озат педагогикалық тәжірибесін пән мұғалімдеріне меңгертуді мақсат еткен «Критериалды бағалау жүйесі-сапалы білім кепілі» тақырыбындағы мектепшілік семинар-кеңес болып өтті. Мектебіміздің 48 пән мұғалімінің басын қосқан семинар-кеңесте баяндамашылар слайдтар қолдана

отырып, лекция түрінде зияткерлік мектептердің тәжірибесінде қолданылатын критериалды бағалау жүйесі жайлы жан-жақты түсіндіре келіп, аталған тәжірибе бойынша пән мұғалімдеріне нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай ақ баяндамашылар мұғалімдердің зияткерлік мектептердің тәжірибесі жайлы ізденуіне жағдай жасау үшін шығармашылық топтардың ғаламторға енуін, пән мұғалімдерінің Шымкент қаласындағы облыстық әмбебап кітапханалардан ізденуін, тьюторлардың ғаламторды қолдануын, пән мұғалімдеріне ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің дәрістерін ұйымдастыруды реттейтін жұмыс кестелері жайлы мағлұмат беріп, слайдтардан көрсетіп өтті. Семинар-кеңес мүшелері баяндамашылар тарапынан берілген әдістемелік кеңестер мен тапсырмаларды тындай келіп бірауыздан:

1. «Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу-тәрбие үрдісіне «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының озат педагогикалық тәжірибесін енгізу бағдарламасы» жүзеге асырылсын;
2. Педагогикалық ұжым аталған бағдарламада көзделген іс-шараларды жүзеге асыруға белсене атсалысып, өздеріне жүктелген функцияларды жауапкершілікпен атқарсын деген екі ұсыныс жасады.

13.11-18.11.17ж. күндер аралығында жас мамандар физика пәнінің оқытушысы Л.Анарбай пен физика пәнінің мұғалімі Ғ.Оралбековтың сабақтарына тәлімгерлердің бір апталық ескертусіз енуі ұйымдастырылды. Тәлімгерлер бір апта бойы аталған екі жас маманның сабақтарына еніп, сабақ өту әдістемесін, теориялық даярлық деңгейлерін мұқият бағамдады, іс-құжаттарын жүргізу деңгейіне, қоғамдық жұмыстарына сараптама жасады. 18.11.17ж. күні осынау іс-шара нәтижесін шығаруды мақсат еткен жас мамандар мен тәлімгерлер қатысқан дөңгелек үстел болып өтті. Тәлімгер ұстаз Н.Мырзакулова сөз алып, жас маман Л.Анарбайдың сабақтарға теориялық даярлық деңгейіне, сабақ өту әдістемесіне, мұғалім іс-құжаттарын жүргізу жұмысының сапасына, өткізген ашық сабақтары мен сыныптан тыс іс-шараларына, қоғамдық жұмыстарына жан-жақты сараптама жасап өтті. Тәжірибелі педагогтардың сабақтарына көп енуге, пәні бойынша білімін жетілдіре түсуге, сынып журналын толтыру жұмысына қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Тәлімгер Ғ.Орынбаева жас маман Ғ.Оралбековтың сабақ өту әдістемесі жайлы пікірін айтты. «Сабақтарда қызығушылығы төмен оқушылармен жұмысқа айрықша көңіл бөліп, әр жаңа сабақ өткенде және сабақ сұрағанда алдымен соларға көңіл бөлу қажет және сыныптың үздік оқушыларын үлгерімі төмен оқушыларға жеке-жеке бекітіп білім деңгейінің көтерілуіне тікелей жауапкершілігін қалыптастыру да оң нәтиже береді»- деп атап көрсетті Ғ.Орынбаева. Дөңгелек үстел қорытындысында жас мамандар Л.Анарбай мен

Ғ.Оралбеков тәлімгерлердің ұсыныстары мен пікірлері өздеріне мол тәжірибе мен сабақ болғандығын айтып, кемшіліктерін жою бағытында жұмыс жасайтындықтарын айтты. Дөңгелек үстел қорытындысында оның мүшелері аталған жас мамандардың педагогикалық қызметін қанағаттанарлық деп тану жайлы және аталған жас мамандарға айтылған ұсыныстар мен кемшіліктерді жою бағытында жұмыс жасау туралы ұйғарымдар жасады.

06.11-07.11.17ж. күндер аралығында «Ұлағат» шығармашылық тобынан И.Бегайдарованың, «Зерде» шығармашылық тобынан Ш.Абдикулованың, «Парасат» шығармашылық тобынан А.Тастанованың жаңартылған білім беру мазмұны жайлы шығармашылық есептері шығармашылық топтар отырыстарында тыңдалды және аталған мұғалімдер көрсетілген күндер аралығында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бір ашық сабақтарын практика жүзінде көрсетті. Шығармашылық топтар ұйғарымымен барлық шығармашылық есептер педагогикалық мерзімді баспасөзде жарық көруге жолданды.

Ай бойында «Жас ғалым» ғылыми қоғамы мүшелерінің ғылыми-шығармашылық жұмыстары тьюторлық қызмет негізінде жүзеге асты.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқаруы мақсатында, жатақханада қараша айында дәрігер, медбике, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілердің әрбір жұмыстары бақыланып қаралды. Сонымен қатар секция бойынша орналастырылған оқушылардың төсек орындарының тазалығы қадағаланды. Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Интернат ғимаратында апта сайын жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілермен қоса түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді. Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалайды. Медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалайды. Мектеп психологы мен бірлесе сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темпераменттік типтерін анықтап, психологиялық сараптамаларын, карталарын түзді.

ДТІЖО-ның түзген кезекшілік кестесіндегі кезекші мұғалімдердің өз уақытысында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалайды және де тиісті бөлмелерге бөлінді. Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым –қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

06.11-16.11.2017ж күндер аралығында «Жас ғалым» ғылыми қоғамының онкүндігі болып өтті. Ғылыми қоғамның әрбір секциясы бойынша ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді.

Осы конференцияларда үздік деп танылған төмендегі ғылыми жобалар оқушылардың республикалық ғылыми жоба жарысының облыстық кезеңіне ұсынылды:

№	Оқушының аты-жөні	секциясы	жетекшісі
1.	Садибеков Асилжан Рустамұғли	математика	С.С.Джуманов
2.	Канибек Қуанышбек Исабекұлы	математика	А.Ұ.Спабек
3.	Құрбанбек Ерұлан Құлыншақұлы	қолданбалы математика	А.Р.Исмаилова
4.	Дүйсембай Абылай Ертуанұлы		А.Р.Исмаилова
5.	Кыдырбай Ернар Зиятұлы	информатика	М.К.Биходжаев
6.	Дүйсен Нұржігіт Үсенұлы	Қоршаған ортаны қорғау	Г.Ә. Әлтай
7.	Абдрахан Гүлфайруз Ұзақбайқызы		Ж.Т. Еликбаева
8.	Курганбаев Азамат Алиджанович		Л.Х. Сариебаева
9.	Сапар Айжан Талғатқызы	История	А.А.Эмм
10.	Толтебаева Қасиет	История	Т.А.Момбиева
11.	Қаныбек Ердаулет Сапарғалиұлы	Краеведение	Атамкулов Е.
12.	Уразалиқызы Ақбота	Этнокультура	Ж.Е.Кененбаева
13.	Сыдық Аяжан Сансызбайқызы	Этнокультура	Н.Ж. Бейсенбай
14.	Жүрсінбек Жамал Шалқарбайқызы	Языкознание (казахская литература)	А.А. Нурсейтов
15.	Нәдірбек Балауса Ільясқызы	Языкознание (английский язык)	С.Ш. Смайыл
16.	Жұмаділла Аружан Ерланқызы	Языкознание (английский язык)	С.С. Маликова
17.	Мырзақұл Гүлжан Нұрматуллақызы	Физика	Г.Ж.Оралбеков
18.	Балабекова Айтолқын Нұрлыбекқызы	Физика	Г.Ж.Оралбеков
19.	Базарбай Думан Қанатұлы	Физика	Н.Ж.Мырзакулова
20.	Мауленова Гулайым Тимурқызы	Техника	Н.Ж.Мырзакулова

Нәтижесінде төмендегі 10 оқушының жұмыстары конкурстың іріктеу кезеңінен өтті:

№	Оқушының аты-жөні	секциясы	жетекшісі
1.	Құрбанбек Ерұлан Құлыншақұлы	қолданбалы математика	А.Р.Исмаилова
2.	Дүйсембай Абылай Ертуанұлы		А.Р.Исмаилова
3.	Дүйсен Нұржігіт Үсенұлы	Қоршаған ортаны қорғау	Г.Ә. Әлтай
4.	Сапар Айжан Талғатқызы	История	А.А.Эмм
5.	Толтебаева Қасиет	История	Т.А.Момбиева
6.	Уразалиқызы Ақбота	Этнокультура	Ж.Е.Кененбаева
7.	Сыдық Аяжан Сансызбайқызы	Этнокультура	Н.Ж. Бейсенбай
8.	Нәдірбек Балауса Ільясқызы	Языкознание (английский язык)	С.Ш. Смайыл
9.	Мырзақұл Гүлжан Нұрматуллақызы	Физика	Г.Ж.Оралбеков
10.	Балабекова Айтолқын Нұрлыбекқызы	Физика	Г.Ж.Оралбеков

Жоспарға сәйкес 15 қарашада республикалық «Русский медвежонок» интеллектуалды олимпиадасы өткізілді. Олимпиадаға төмендегі оқушылар қатыстырылды:

Ай

№	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы
1.	Асилбек Адилет	7 А
2.	Мустапаев Нұртас	7 А
3.	Хасен Исмаил	7 А
4.	Абубакир Зарина	7 А
5.	Мелдехан Аяулым	7 А
6.	Абдіхалық Алия	7 А
7.	Сапарбек Адина	7 А
8.	Тағайбек Нұрбақыт	7 Б
9.	Мадали Нұрайлым	7 Б
10.	Лесбаев Шыңғыс	7 Б
11.	Бурелбай Ерасыл	7 Б
12.	Амантай Ақжарқын	8 А
13.	Сейткарим Айқын	8 А
14.	Ізбасар Диас	8 А
15.	Жұмадилла Ернар	8 Б
16.	Тұрғынов Бауыржан	8 Б
17.	Тлеубаева Алуа	8 Б
18.	Тұрған Дінмұхаммед	8 Б
19.	Әбдіжаппар Әсем	8 В
20.	Ергешов Азамат	8 В
21.	Толтебаева Қасиет	8 В
22.	Мамыров Асаналихан	8 В

бойында 7-10 сыныптың 47 оқушысы география, ағылшын тілі, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен КИО-ға қатыстырылды.

27-28 қараша күндері оқушылардың республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне баратын оқушылармен кездесу өткізілді. Кездесуде оқушылардың жұмыстары қайта тексерілді және әрбір қатысушыға конкурсқа қатысу кезіндегі ережелер, этика, эстетикалық нормалар таныстырылды.

Мектептегі деңгейлік курстардан өткен 20 мұғалім мүше болып табылатын мектепшілік ғылыми әдістемелік кабинет ашылды. Ол кабинетті ашудағы мақсат-мектептегі деңгейлік курстардан өтпеген мұғалімдерге тәлімгерлік жұмыстар жүргізу. Әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспарына сай қараша айындағы әр аптаның сәрсенбі күндері жас мамандарға тәлімгерлік жұмыстар жүргізілді. Атап айқанда, А.Спабектің, Ғ.Оралбековтің, Л.Анарбайдың сабақтарына ену арқылы ол мұғалімдердің сабақтарында кездесетін проблемаларға талдау жасалып, тәлімгерлік немесе коучинг арқылы түсіндірілді.

29 қараша күні Шымкент қаласындағы №1 БИЛ базасында өткен оқушылардың республикалық ғылыми жоба жарысының облыстық кезеңіне 10 оқушы қатыстырылды. Нәтижесінде «Қолданбалы математика» секциясы бойынша 10 сынып оқушылары Құрбанбек Ерұлан мен Дүйсенбай Абылайлардың жұмысы ІІ орын, «Қоршаған ортаны қорғау» секциясы бойынша 9-сынып оқушысы Дүйсен Нұржігіттің жұмысы ІІІ орын иеленіп, 2017 жыл 5 желтоқсанда өтетін ІІ турға жолдама алды.

Ағартушы педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл, жазушы әйгілі публист Бұлқышев Баубектің туғанына 100 жыл, Қазақстанның халық жазушысы Зверев Максим Дмитриевичтің туғанына 120 жыл толына орай кітапханада көрмелер ұйымдастырылды.

Мектеп кітапханасында «Адал жол-Честный путь» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында «Сыбайлас жемқорлық ғасыр дерті» тақырыбында

9в сыныбымен дөңгелек үстел өткізілді. Қатынасушылар дөңгелек үстел аясында сыбайлас жемқорлықпен күрес кезінде ең алдымен әр азамат өзінен бастап, сондай-ақ, айналадағылардан сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік танытуды талап ету қажеттігіне тоқталып ашық ой пікірлерін білдірді.

8^а сыныбымен «Сыбайлас жемқорлық ғасыр дерті» тақырыбында пікірталас өтті.

Ортаңғы буын сынып оқушыларының интеллектісінің шкаласын диагностикалау мақсатында Айзенктің сандық тесті алынды.

Әдістеменің мақсаты – оқушылардың ақыл-ой деңгейін анықтау болып табылады. Қатысқан сынып 7б сыныбы. Барлығы 27 оқушы. Бұл әдіс 6 тесттен құралған.

Қ\с	Аты-жөні	Жинаған балы						Жалпы
		1суб	2суб	3суб	4суб	5суб	6суб	
1	Әзімхан Мереке	13	14	10	15	12	19	83
2	Лесбаев Шыңғыс	13	16	11	9	8	10	67
3	Абдрасил Нұрдаулет	10	14	8	7	9	10	58
4	Сулайманов Нурынбек	12	12	6	8	12	16	66
5	Арапов Алмас	7	8	9	12	16	18	70
6	Қалжигитов Қайрат	12	13	10	11	12	14	72
7	Алқулова Жұлдыз	16	12	13	10	16	18	85
8	Досова Аружан	13	14	13	9	18	19	86
9	Мәдәлі Нұрайлым	15	14	10	11	12	18	80
10	Сапарали Нұрсұлтан	11	13	5	6	9	12	56
11	Әбдірәлі Аслан	13	10	6	9	13	13	64
12	Алшынбек Ерасыл	13	9	6	9	10	14	61
13	Орынбасар Санжар	15	10	9	12	10	19	75
14	Абдуқадыр Мөлдір	13	16	6	8	9	10	62
15	Рысқұл Ерасыл	12	17	6	11	9	9	64
16	Нұржігіт Мәди	16	18	13	10	8	13	78
17	Жорабек Азад	9	15	11	15	17	19	86
18	Сахан Асылбек	16	11	9	10	13	18	77
19	Тағайбек Нұрбақыт	12	10	8	13	10	13	66
20	Тасқұл Жәудір	15	10	9	11	15	14	74
21	Мұзаппар Бақдәулет	12	9	9	12	10	12	64
22	Сламхан Ақбота	13	11	10	9	12	15	70
23	Жолдыбаева Жанел	18	13	9	15	11	16	85
24	Бурилбай Ерасыл	16	11	9	13	18	18	82
25	Асқар Шұғыла	17	12	14	12	11	11	77
26	Мырзақұл Жаңыл	9	10	14	11	9	10	63
27	Шегірбай Асылзат	18	19	18	14	15	14	98

80-90 балл – жоғары деңгейлі - 25

60-79 балл – орта деңгейлі – 66,7

50-59 балл – төмен деңгейлі - 8,3

Қатысқан сынып: 7а сыныбы. Барлығы 24 оқушы.


Қ\с	Аты-жөні	Жинаған балы						Жалпы
		1суб	2суб	3суб	4суб	5суб	6суб	
1	Әбдіхалық Әлия	10	11	9	15	12	14	71
2	Абдурахманов Мұрат	12	12	11	11	9	10	65
3	Абдыхадыр Балжан	10	16	8	8	12	10	64
4	Алеуетдинов Алтынбек	12	12	6	8	12	16	66
5	Амангелді Еркебұлан	10	13	15	15	16	18	87
6	Арипбай Нұрай	12	13	10	11	12	14	72
7	Асильбек Әділет	16	12	13	10	16	18	85
8	Әбдуәлі Алиасқар	13	14	13	9	18	19	86
9	Әбубәкір Зарина	15	14	10	11	12	18	80
10	Арипбай Назерке	11	13	5	6	9	12	56
11	Бошаева Жания	13	10	6	9	13	13	64
12	Дарханбай Дамир	13	9	6	9	10	14	61
13	Сламхан Әділет	15	10	9	12	10	14	70
14	Қуаныш Нұргелді	13	16	6	8	9	10	62
15	Құттыбек Шұғыла	12	17	6	11	9	9	64
16	Мелдехан Аяулым	16	18	13	10	8	14	79

17	Мергенбай Бақытжан	9	15	11	15	17	19	86
18	Мұстапаев Нұртас	16	11	9	10	13	18	77
19	Оразбай Жасарал	12	10	8	15	10	12	67
20	Рахманберді Нұрлыбек	15	10	9	11	15	15	75
21	Сабит Жәніс	12	9	9	12	10	12	64
22	Сапарбек Адина	13	11	10	7	12	13	66
23	Сапархан Али	18	13	9	15	11	11	77
24	Сейлбек Әділбек	9	8	9	11	12	11	60
25	Суннатова Құралай	16	18	13	10	8	14	79
26	Турсумурат Венера	9	15	11	15	17	19	86
27	Хасен Исмайыл	16	11	9	10	13	18	77

80-90 балл – жоғары деңгейлі – 19,3%

60-79 балл – орта деңгейлі – 71,6%

50-59 балл – төмен деңгейлі - 9,1%



№	Ф.И.О.	Набранный балл						Всего
		1суб	2суб	3суб	4суб	5суб	6суб	
1	Нұртас Назгуль	8	10	9	12	11	14	64
2	Мергенбай Назым	9	10	9	11	15	15	69
3	Махамбеталин Мейіржан	10	9	9	12	10	12	62
4	Алдияр Бекзат	11	11	10	7	12	13	64
5	Дүйсенбай Ердаулет	11	13	9	15	11	11	70
6	Сапарбек Айбек	12	8	9	11	12	11	63
7	Нигай Нурсултан	10	12	13	10	16	14	75
8	Абдибай Диана	11	14	13	9	18	11	76
9	Демеуов Жанболат	11	14	10	11	12	13	71
10	Шаденов Нурахмет	9	13	5	6	9	12	54
11	Зікірия Асем	8	10	6	9	13	13	59
12	Джумадилов Нурсултан	9	9	9	11	12	10	60
13	Амирбек А.	10	10	11	12	11	12	66
14	Заманбек Г.	8	10	6	9	13	13	59
15	Рысбаева Гаухар	9	9	9	11	12	10	60
16	Жұмахан Д.	11	14	10	11	12	13	71

17	Сабитов Ә.	11	14	13	9	18	11	76
----	------------	----	----	----	---	----	----	----

80-90 балл – высokiи уровень

60-79 балл – среднии уровень – 84,6%

50-59 балл – низкий уровень - 15,4%

Жүргізілген жұмыс нәтижесін өңдеп, әрбір сыныпта «Мен дарынды баламын» тақырыбында дамыту сабағы өткізілді. Сынып оқушыларының белсенділіктері жоғары, ым-ишарамен көрсету керек тапсырмалардың барлығын тиянақты, әрі жауапкершілікпен орындады. Ә.Ғ, О.Б. сынды оқушыларды жеке кеңеске шақыру қажет.

Әр сыныптың тәрбиешілерімен біргелікте «Өзіңді таны», «Құрметтім, саған не тілейін!» атты дөңгелек үстелі 7-10 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Онда өзін, өзгені құрметтеу керектігі, сыныптастары арасындағы қарым-қатынасты нығайту мәселелері талқыланды.

В русских классах было проведен развлекательные игры и тренинги. По запросу воспитателей с 003 кодом было проведен личный консультация, и по окончанием урока было разданы мандалы. Среднее звено русских класса очень активные, и некоторых классных коллективах есть агрессивные ученики.

Аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері 11-сыныптың оқушыларымен дамыту сабағы ұйымдастырылды. Ондағы мақсат – оқушыға психологиялық қолдау көрсету болып табылады. II топқа бөлінген сынып оқушыларымен психологиялық жаттығулардан бөлек жауап парағының дұрыс боялу жолдары мен мини-лекциялар оқылады. Әр топтың оқушылары сабақта ойларын еркін айтып, бір-бірімен пікір алмасады.

Кеңес беру бағыты бойынша 11 О, 2 Т, 1 М кеңес берілді. Ал, сұраныс бойынша тәрбиешілерден 3, ұстаздардан 1 сұраныс келіп түсті. Сұраныспен түскен оқушылармен жеке жұмыс атқарылып, бағыт-бағдар көрсетілді.

Жоспарға сай сынып сағаттарында «Ұлы Жібек жолы» туралы әңгімелеу арқылы оқушыларға тарихи-мәдени мағлұматтар берілді.

8 қараша күні аудандық ақпараттық- насихат тобының мүшелері Д.Оразбайдың, М.Исақовтың, Ішкі саясат бөлімінің маманы А.Өтегеннің, ауыл имамы А.Нұралының қатысуымен «Дни экстремизм және терроризм елге төнген қауіп» тақырыбында 10-11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді.

Оқушылардың әсемдікті қабылдау қабілеттерін қалыптастыру, өнерге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында 15.11.17ж күні 7-11 сыныптар арасында «Болмасаң да ұқсап бақ» тақырыбында әндер байқауы өткізілді.

9.11.17ж күні оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру, өзіндік саналарының дамуына жағдай жасау мақсатында «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, үш-ақ нәрсе адамның қасиеті» тақырыбында 9 сынып оқушыларымен әдеби кеш өткізілді.

14.11.17ж күні 7-11 сынып оқушыларының оқулықтары мен күнделіктерінің ұсталуына рейд ұйымдастырылып нәтижесінде олардың қалыпты жағдайда екені анықталды.

Оқушыларға жақын адамдарына пайда келтіру мен отбасында өмір сүру қажеттіліктерін түсіндіру үшін 9-сыныптармен және олардың ата-аналарымен бірлесе «Әке-парызы, ана қарызы», «Тәрбие мен білім – ажырамас ұғым» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдау, табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынасты үйрету мақсатында «Жасыл ел» санитарлық тазалық айлығы ұйымдастырылды. Оның аясында оқушылар күзгі және қысқы уақытта өсетін гүлдерді отырғызып, гербарийлер жасады. Сондай-ақ «Табиғатымызды аялайық», «Туған өлкеміздің дәрілік өсімдіктері мен экологиясы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтті.

25.11.17ж күні ұл балалардың бойында ақылдылық, ерлік, өрлік, өнер сүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында «Жігітке жеті өнерде аз» тақырыбында ұлдар сайысы өткізілді.

«Жол ережесін сақтайық!» тақырыбында 7-11 сыныптарда ситуациялық жағдайлардан шығу ойындары, әңгімелер жүргізді.

Салауатты өмір салты дағдылары мен дене тәрбиесі мәдениетінің жоғары деңгейін қалыптастыру үшін «Салауатты өмір салтын сақтау – болашақты жақтау» тақырыбында медицина қызметкерлерінің қатысуымен 7-8 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды, сондай ақ осы мақсатта мектеп дәрігері мен медбикесі «Дені саудың-тәні сау» атты тақырыпта 10-11 сынып оқушыларына лекция оқылды, барлық оқушылардың жеке бас тазалықтарын бақылау рейді жүргізілді.

«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2017-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын және «Қоғамдық денсаулықты сақтау қызметін құру және секторлық өзара іс-қимылды дамытудың» 2017-2019 жылдарға арналған «Жол картасын» іске асыру аясында жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, зиянды әдеттерден сақтандыру мақсатында 2017 жылғы 18-20 қараша күндері 8-9 сынып мектеп оқушыларынан «Ішімдіктің зияны» тақырыбында диктанттар алынды. Диктантқа жалпы мектеп бойынша 130 оқушы оның ішінде 8 «А» сыныбынан 28 оқушы, 8 «Б» сыныбынан 28 оқушы, 8 «В» сыныбынан 15 оқушы, 9 «А» сыныбынан 26 оқушы, 9 «Б» сыныбынан 23 оқушы, 9 «В» сыныбынан 10 оқушы қатысып ішімдіктің зияны туралы толық мағлұматтар алды.

Оқушылардың танымдық қызығушылық пен сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, 10 қараша «Халықаралық жастар күнін» атап өту мақсатында “Біз Қазақстан болашағымыз” тақырыбында КТК ойындары ұйымдастырылып, нәтижесінде «Қаппаров қыздары» командасы 2 орын, «Келте жең» командасы 1 орын, «Дарынды Қаппаров жастары» командасы 3 орын иеленді.

21.11.17ж күні аудандық КТІЖБ инспекторы полиция қызметкері Т.Нурбековтің, полиция капитаны Е.Бақкелдиевтің, полиция лейтенанты Н.Байдүйсеновтің қатысуымен 9-10 сынып оқушыларымен «Кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды.

Оқушыларға Қазақстанның ұлттық валютасы теңге туралы, оның шығу тарихы, негізгі қасиеттері туралы білімдерін кеңейту, патриоттық сезімдерін дамыту, жаңа ғасырда жаңа реңк алған төл теңгеміздің тарихына үңілу, теңгенің тарихы мен бүгінін таразылау мақсатында «Теңгені жасау, шығу тарихы» тақырыптарында интерактивтік лекциялар өткізілді.

Лекция оқыған ұстаздар физика пәні мұғалімі Ғ.Орынбаева, тарих пәні мұғалімі Қ.Ербосын, тәрбиеші Н.Нүрсейітов, тарих пәні мұғалімі И.Бегайдарова, физика пәні мұғалімі Ғ.Оралбеков тек теңгені жасау тарихына ғана тоқталмай, теңгенің шығуы еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолындағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізу үшін қажетті тарихи қадам болғандығын, төл теңгеміз пайда болғалы жүргізіліп келе жатқан, мемлекеттің тізбекті қаржылық саясатының арқасында елімізде нарықтық институттар макроэкономикалық тұрғыдан тұрақталып, біртіндеп қалыптаса бастағандығын шеберлікпен жеткізе алды.

Есірткі заттардың зиянын түсіндіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Нашақорға алыс мұң, алыс қайғы, өзі бірақ өмірден алыстайды» атты бейнефильмдер көрсетіліп, «АҚТҚ/ЖҚТБ жұқтырғандар бізбен бірге болса..» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында бейнефильмдер көрсетіліп талқыланды.

Мектеп кітапханасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жұмыстарға байланысты бұрыштамалар жасалынды.

Сыныптарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Мектептің оқу-тәрбие жоспарында көзделгендей 2017 жылғы қараша айында «Ұлағат», «Зерде», «Шапағат» шығармашылық топтарымен жұмыс жасалды. Шығармашылық топ жетекшілеріне әдістемелік көмек көрсетілді, шығармашылық топтар мүшелерінің жаңа технология бойынша жұмыс жасауы қадағаланды.

Қараша айының басында білім саласының майталман мұғалімдерін анықтау мақсатында өткен облыстық пән олимпиадасында мұғалімдеріміз жұлдемен оралды. Атап айтқанда, техникалық – жаратылыстану бағыты бойынша математика пәнінен Абдикулова Шолпан, физика пәнінен Пияшова Гүлжазира, химия пәнінен Сарибаева Ләззәт «Алғыс хатпен» марапатталды. Ал биология пәнінің мұғалімі Елікбаева Жанат жұлделі ІІ орынды иеленді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша шет тілі пәнінің мұғалімі Смайыл Салтанат «Алғыс хат», тарих пәнінің мұғалімі Ербосын Қалипа, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Амирбекова Балнұр жүлделі ІІІ орын иеленсе, орыс тілі пәнінің мұғалімі Насырова Оксана ІІ орынды қанжығасына байлады.

Бүгінгі күнге дейін аудан, облыс көлемінде қолөнер туындыларымен танылып, тәжірибелерімен бөлісіп келген өрелі ұстаздарымыз, көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Кененбаев Дархан, Кененбаева Жұмагүл Қазығұрт ауданында «Ұлы дала елінің шеберлері» атты тақырыпта өткен байқауда «Бас жүлде» дипломы мен «100 000» теңгелік сыйақы сертификатын жеңіп алды.

20 – 30 қараша аралығында мектебімізде жоспар бойынша құқық онкүндігі өтілді. Онкүндік аясында 22 қараша күні «Өз құқығың туралы не білесің?» атты тақырыпта жасөспірімдер ісі бойынша инспектормен 9-11 сынып оқушыларының кездесуі болып өтті.

ҰБТ байқау тесттерінде төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға пән мұғалімдерінің жеке қосымша сабақтары қойылды.

Оқушыларды электронды және қағаз форматындағы жаңа тест материалдарымен қамтуға көп мән беріліп, базалық тест мектептің баспа құралдары арқылы кітапша түрінде шығарылып, оқушыларға берілді, сондай ақ оқушылар жекелеген пәндер бойынша базалық тест материалдарымен қамтылды.

Мектептегі интерактивті тақтасы бар оқу кабинеттеріне электронды форматтағы тест материалдары орнатылып, 11 сыныптардың сабақтарының мүмкіндігінше сол кабинеттерде өтуі қарастырылды.

Әр апта сайын ҰТО дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.

Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.

Шығармашылық топ отырысында, Методикалық бірлестік отырысында ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

11-сыныптардағы таңдау пәндері бойынша байқау тест нәтижелері өз деңгейінде болмай, төмен көрсеткіштермен сипатталды.

ОЖСБ-ға қосымша дайындық сабақтары оқу бағдарламасындағы барлық негізгі пәндер бойынша қойылып, жүйелі түрде жалпы және индивидуалды дайындық жұмыстары жүргізілді.

9А,Б,В сынып оқушыларынан 3 рет ОЖСБ байқау тесті алынып, нәтижесі бойынша жүйелі түрде қатемен жұмыс жүргізуге, ата-аналармен байланысқа терең мән берілді. 3 тесттің орташа балы орыс сыныбында-62,0, қазақ сыныптарында-64,8 болды.

9-сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен келісе отырып, ата-ана қаражаты есебінен оқушылар ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген тест кітапшаларымен қамтамасыз етілді.

Оқушылардың 1 жарты жылдық бойынша үлгерімі жайлы мәліметтер жинақталып, анализ жасалды және АББ мен ОББ-на қажетті есептер берілді.

Барлық негізгі пәндер бойынша қорытынды бақылау жұмыстары алынып, ол мектеп бойынша төмендегідей нәтиже көрсетті:

Қ/с	Пәннің атауы	Сынып	Орташа баға	Үлгерім	Білім сапасы
1	Қазақ тілі	7-11	4,4	100%	94%
2	Орыс тілі	7-11	4,2	100%	83%
3	Ағылшын тілі	7-11	4,3	100%	97 %
4	Алгебра	7-11	3,9	98,3%	66,8%
5	Физика	7-11	3,7	100%	65,6%
6	Информатика	7-11	4,4	100%	89,0
7	Биология	7-11	4,1	100%	92,2 %
8	Химия	8-11	4,1	100%	85,8 %
9	Қазақстан тарихы	7-11	4	100%	88,9 %
10	География	7-11	4,2	100%	88%
	Барлығы:		4,1	100%	85,0

Жазба жұмыстарының нәтижесі айлық сыныма тест қорытындыларымен және оқушылардың тоқсандық қорытынды бағаларымен сәйкес келді.

21.12-22.12.2017ж күндер аралығында барлық сыныптардан айлық сынама тест алынып, мониторинг жасалды, нәтижесі сынып жиналыстарында, ата-аналар жиналыстарында талқыланып, жеке жұмысқа, кәсіпке жұмысқа көп мән берілді.

Оқу тәрбие жоспарында жоспарланғандай мектебіміздегі математика және информатика пәндерінің оқытылуы 2017 жылдың желтоқсан айының екінші аптасында жан-жақты тексеруден өткізілді.Тексеру барысында мына төмендегі жайттар қаралып өтілді.

9. Мұғалімдердің сабақ өту шеберлігі
- 10.Дирекция тарпынан алынған тест нәтижесі
- 11.Іс-құжаттарының жүргізілуі
- 12.Негізгі, бағыттау және шығармашылық, зерттеушілік әрекет негіздері пәндерінің жоспарлануы
- 13.Оқушыларды пән олимпиадаларына дайындауы
- 14.ОЖСБ және ҰБТ іс-құжаттары мен оның жүргізілуі

15.Сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі (ақысыз үйірмелер т.б)

16.Пән әдіс бірлестігінде математика және информатика пәндерінің қаралуы

Тексеру барысында дирекция тарапынан барлық 7-10 сыныптардан 15- сұрақтық тест, ал 11-сыныптардан ҰБТ-ға дайындық ретінде 25- сұрақтық тест алынып нәтижесі мұғалімдер және оқушылармен талқыланды.


Пән	7 ^а	7 ^б	7 ^в	8 ^а	8 ^б	8 ^в	9 ^а	9 ^б	9 ^в	10 ^а	10 ^б	10 ^в	11 ^а	11 ^б	11 ^в
Матем	10,9	12,3	9,1	10,9	12,2	9,9	12,4	11,9	10,9	11,4	10,2	10,1	20,8	14,2	13,9

Оқушылар қаңтар айының 7-ші жұлдызында интернат ғимаратына ішек құртқа анықтама алып келетіндігі ата-анаға ескертіліп, сонымен қоса тамақ құнын қаңтар айына төлеу қажеттілігі айтылды. Интернат тәрбиешілері оқушылардың қысқы демалыста үйлеріне қайтуын сынып жетекшілерімен бірге қадағалады.

Ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушыларымен диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Орындалған әдістемелер:

1. Айырмашылығын тап;
2. Қызыл-қара кестесі;
3. Интеллектуалды лабильділік тесті;
4. Сөздерді жатта;
5. Әңгіме құрайық;
6. Сөйлемді жалғастыр;
7. Суретте қандай заттар жасырылған;

Ортаңғы буын сынып оқушыларының интеллектуалды лабильділік қабілеттерін анықтау мақсатында тест жүргізілді. Нәтижесі өңделіп, диаграммасы түзілді. Тестті алу барысында әрбір оқушылардың зейін тұрақтылығы, ой жылдамдығы, ақпараттылығына үлкен мән берілді.



Қорытынды: сыныптың таным процестері орта деңгейді көрсетті. Одан әрі дамыту мақсатында сауықтандыру, ынталандыру материалдарымен сабақ ұйымдастыру қажет.

Ортаңғы буын сынып оқушыларына арналған «Ертегілер еліне саяхат» атты әдістемесі ұйымдастырылып, онда оқушылар өз отбасыларының портретін бейнеледі. Бейнелеу барысында оқушының қандай түстерді қолданғанына мән беріліп, интерпритациясы жасалды. Әдістемеге

49 оқушы қатысты. Бұл оқушылардың қалыптасуындағы деңгейдің қалыпты деңгейде екенін байқатады. 7-8 сынып оқушыларынан жоспарға сай сауалнамалар жиынтығы бойынша жұмыс жүргізіліп, анықтамасы түзілді. Мақсаты – оқушы бойындағы зейін тұрақтылығы мен есте сақтау қабілеттерін анықтау.


7-8^{А,Б,В} сынып оқушыларынан 121 оқушы қатысты. «Айырмашылықты тап», «Сөйлемді жалғастыр» атты әдістемесінің қорытындысы:

№	Қатысқан оқушылар саны	30-34 сөз/ Ж	20-29 сөз/ О	10-19 сөз/ Т
7а	24	39,9%	42,3%	16,8%
7б	24	28,9%	45,1%	26%
7в	13	36,2%	40,2%	23,6%
8а	25	54,3%	36,1%	9,6%
8б	24	52,3%	36,3%	13,4%
8в	11	31,3%	21,6%	47,1%

9^{А,Б,В} сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында Басса-Даркидің әдістемесі алынып, қажетіне қарай түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Мақсаты – мазасыздану, қобалжу деңгейін анықтау болып табылады. Әдістеменің нәтижесі бойынша қобалжу деңгейі жоғары деген оқушыларға психологиялық көмек көрсетілді.

Қатысқан оқушылар саны: 52 оқушы

9^{А,Б,В} сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында арнайы сауалнама жүргізілді. Нәтижесі өңделіп, қажетіне қарай түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Әдістеменің нәтижесі бойынша қобалжу деңгейі жоғары деген оқушыларға психологиялық көмек көрсетілді.



Сауалнаманы негізге ала отырып 9-сынып оқушыларымен «Өзгеден табылмайтын қасиетім» атты дамыту сабағы ұйымдастырылды. Мұнда әрбір оқушыға қорапшадағы адам бейнесі көрсетілген суреттер таратылып, сол бойынша әр оқушы өз ойын ортаға салады. Орындалған жаттығулар:

- Сәлемдесу;
- Дәліз 20 минут;
- Бұдан да жылдамырақ болады ма?

- Сиқырлы әріптер;
- Рефлексия.

ҰБТ-ке оқушылардың дайындығын ретке келтіру мақсатында жекеленген кеңес жұмысы жүргізіліп, мамандыққа икемділік туралы мағлұматтар берілді. Аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері 11-сынып оқушыларына дамыту сабаттары өткізіледі. Мәселен, «Мен өз өміріме қожайынмын», «Алынбайтын асу жоқ», «Қарауыл» атты сабақтары. Мақсаты – оқушыларға психологиялық қолдау көрсету болып табылады.

Ортаңғы сынып оқушыларының қарым-қатынастарын ретке келтіру мақсатында «Тазару», «Кеден», «Бір уыс кедергі», «Құрметтім саған не тілейін!» атты тренингі жүргізілді. Сауықтыру материалдары арқылы бірнеше тапсырмалар беріліп, ауызша, жазбаша жұмыс атқарылды. Біршама оқушылардың бойында қобалжу шкаласы орта деңгейді көрсетті.

8-9 сыныптың қыз балаларының қатысуымен «Қыз өссе, елдің көркі» атты дөңгелек үстелі ұйымдастырылды. Мұнда қыз балаға қажетті мәліметтер, жеке бас гигиенасы, сөйлеу мәдениеті, өзара қарым-қатынасы, болашақтағы мамандығы туралы кеңестер берілді. Оқушылардың тәрбиешілерге қойған сұрақтары:

1. «Анасын көріп, қызын ал» деген мақалмен келісуге болады ма?
2. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» мақалының мағынасын түсіндіріңіз?
3. Неліктен әйел баласы еркектен бір саты төменде болады?
4. Отбасында алған тәрбиені неліктен балалар өзгертеді?

Дөңгелек үстел тірек сөздермен қорытындыланып, хаттамасы түзілді. Қыз балалар өздеріне керекті материалды ала отырып, бір-біріне тиімді сұрақтар қойып, оған жауап ала алды.

Тәрбиешілер мен ұстаздар тарапынан 2 сұраныс келіп түсті. Ол оқушылармен жеке әңгіме ұйымдастырылып, түзету жұмыстары жүргізілді. Кеңес беру бағытында 3 М, 3 Т, О 11, 1 А кеңес берілді..

Оқу сауықтыру орталықтарына баратын оқушылардың жеке қабілеттері зерделеніп, мінездеме жазылды.

Жатақханада желтоқсан айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Интернат ғимаратында әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді. Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер, медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалайды. Мектеп психологымен бірлесе сынып жетекші және тәрбиешілер жаңадан келген оқушылардың темпераменттік типтерін анықтап, психологиялық карталарын түзді.

ДТІЖО-ның түзген кезекшілік кестесіндегі кезекші мұғалімдердің өз уақытында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

«Нашақорлықпен күрес» онкүндігі ұйымдастырылды. Осы бағытта жатақханада жататын оқушылар арасында ашық тәрбие сағаттары, КТК ойыны, пікірсайыстар, сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Желтоқсан айының 30-шы жұлдызынан бастап оқушылардың қысқы демалысқа шығуына байланысты оларға жол қауіпсіздігі және өз бетінше қыдыруға болмайтындығы қатаң ескертіліп, өмір қауіпсіздігі ата-аналарына және туыстарына жүктелді. Оқушылардың білім деңгейлерін айтып, үздік болған оқушылар мадақталып, өзге оқушылардың олардан үлгі алу қажеттілігі айтылды. Қысқы демалыс уақыты 30 желтоқсан мен 7 қаңтар аралығы екендігі ескертілді. Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай кітапханада көрме ұйымдастырылды. Онда Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтің өмір жолы ,туып- өскен, оқып білім алған,қызмет еткен жерлері туралы мағлұматтар қойылды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылғанына 25 жыл толу құрметіне орай кітапханада кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сондай ақ мектеп кітапханасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығына орай жоспар бойынша «Тәуелсіздік тұғыры биікте» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Мектеп-интернатта дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай түрлі тәрбиелік іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілді. Соның бірі «Есірткі-денсаулық дұшпаны» атты тақырыптағы дөңгелек үстел.

Мұндағы мақсат-оқушылардың зиянды заттар туралы білімдерін тереңдету,салауатты өмір салтын насихаттау және имандылыққа тәрбиелеу,өзара ой бөлісу, ойлау, қорытындылау, өз ойын жеткізе білу қасиеттерін дамыту.Өз деңсаулығының бағалы байлық екендігіне көз жеткізу. Төменде 11-сынып оқушыларымен өткізілген осынау дөңгелек үстелден фотокөріністер беріліп отыр: 04.12.17ж. күні 9-сынып оқушыларымен « Өзіңді өзің тани біл» тақырыбында тренинг сабақ өтілді. Тренингтің мақсаты: әр оқушыны өзінің ішкі жан дүниесіне үңілуге, өзін-өзі тануға, өзінің адамгершілік-рухани әлеуетін көтеруге, өзіндік «

Менің» қалыптастыруға жетелеу және оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату, адамгершілік құндылықтарын үйренуіне ықпал ету, сенімін нығайтуға жол ашу. Өзін-өзі түсінуге, өзін –өзі бағалай білуге және өзін-өзі жаман әрекеттен жақсы әрекетті ажырата білуге тәрбиелеу.

9-10 сыныптармен «Стреспен күресу жолдары» тақырыбында тренинг сабақ өтілді. Тренингтің мақсаты: жаттығулар жасау арқылы оқушылардың көңіл күйлерін көтеру, стресті жеңу жолдарын үйрету. Тренинг барысында оқушылардан «Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» атты тест алынып, нәтижесі шығарылды, оқушылар тренингтен үлкен әсер алды.

12.12.2017ж. күні 9-10 сыныптармен «Өмір сүюді үйренейік» атты тренинг-сабақ өткізілді. Мақсаты- өмірде оқушыларды суицидтік іс-әрекетке итермелейтін жағдайлардың алдын алу. Оқушылардың өзара қарым-қатынасын анықтау. Сабақ 5 бөлімнен құралды:

1. Сәлемдесу
2. Танысу
3. Жағдаятты талдау
4. Сілкіну жаттығулары
5. Релаксациялық жаттығу

«Суициденттің 40% тек ананың тәрбиесін көргендер. Көбінде ата-анасы ажырасқандар немесе ата-анасы ұрысып керісетіндер. 25%-ын жанұялық сәтті отбасыдан шыққандар құрайды. Елімізде кәмелетке толмағандар арасында суицидтің 750-ден астам фактісі және 1146-дан астам әрекеттенуі болған. Өз-өзін жазым еткен және оған әрекеттенген жасөспірімдердің орташа жасы 14-тен 17-ге дейінгі аралықты құрайды», - деп мәлімдеді әлеуметтік педагог Р.Таласова.

13.12.2017ж күні 8-9 сынып оқушыларымен «Ата-ананың парызын өтеу сенің қолыңда» атты дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: оқушылардың отбасы, сүйіспеншілік, сыйластық туралы түсініктерін кеңейту.

7 сынып оқушыларымен 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арнап «Менің тұңғыш Президентім» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты-оқушыларға Президентіміз Н.Ә. Назарбаев туралы мәлімет беру, оның сан қырлы талант иесі, дарынды тұлға екенін таныту, елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын ақсақтатқан Елбасының кісілік келбетін меңгерту, Отанын сүйуге, елжандылыққа, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу.

8-10 сыныптар арасында «Әлем таныған Елбасы» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл тәрбие сағаттарында еліміздің тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев туралы кең түсінік беріле отырып, Президенттің балалық шағы кеңінен әңгімеленіп, әр жылдардағы өмір жолдары, қызметі баяндалды. Оқушыларға қазақ халқының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұматтар берілді. Шәкірттер жүрегінде Елбасына деген сүйіспеншілік сезімдері оянды.

6-шы желтоқсан күні 9 сынып оқушыларымен «Елбасы ел тірегі, абыройы, айбаты» атты тәрбие сағаты өткізілді. Ондағы мақсат республика Президентін еліне тірек болған азамат ретінде таныту, Елбасынан үлгі алып, елін мақтан етуге тәрбиелеу. Тәрбие сағатының нәтижесінде оқушылар болашақта тәуелсіз елінің өркендеуіне өздерінің де қосатын үлесі мол екенін білдіріп, ол үшін білімді, өз отанын сүйетін ұлт жанды азамат болу керектігін ұғынды.

Мектебіміздің спорт залында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 26 жылдығын мерекелеу аясында «Ел үшін менің еңбегім» тақырыбында «Шаңырақтар» арасында «флешмоб» байқауы ұйымдастырылды.

Байқауға алты шаңырақ балалары үлкен дайындықпен келген. Әр шаңырақ өздеріне үйлесімді киім үлгілерін киіп, патриоттық сөздермен көрнекіліктер жасаған. Әр шаңырақ қатысушылары би қимылдарын шебер үйлестіре отырып, көрермендерге патриоттық сезім сыйлай алды. Нәтижесінде 10в, 8в сыныптары бірлескен шаңырақ «Барс» 1 орын, 10а, 8а сыныптары бірлескен шаңырақ «Жалын» 2-орын, 9б, 7а сыныптары бірлескен шаңырақ «Жалынды жастар» 3 орындарға ие болды. Байқау соңында бүкіл шаңырақтар ұстаздармен бірлесе отырып «Жаса Қазақстан!» әніне флешмоб билеп байқаудан көңілді тарқасты.

Желтоқсан айының 4-күні «Тәуелсіз елдің жастары» атты тәрбие сағаты өтілді. Бұл тәрбие сағатын өтудегі мақсат- оқушыларға 1986 жылғы көтеріліс, жастардың көтеріліске шығу себептері, олардың алға қойған мақсаттары жайлы түсінік беру. Тәуелсіздіктің оңай келмегендігін оқушылар бойына сіңіре отырып, оны қадірлеуге, ұлы тұлғаларды ұмытпауға үйрету.

Оқушылардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттыру мақсатында- «Менің –Тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында сурет сайысы өтті. Сайыс мектептегі еңбек пәні кабинетінде ұйымдастырылды.

Нәтижесінде 11-сынып оқушысы Оралов Б. 1 орын, 9-сынып оқушылары Қонысбек А. II орын, Үсен М. III орын иеленді.

«Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» тақырыбында мәнерлеп оқудан 7-11 сынып оқушылары арасында байқау өткізілді. Байқауда оқушылар қазақтың көрнекі ақын, жазушыларының шығармаларын көрермендерге жеткізе білді. Жеңімпаз оқушылар марапатталды. 7-10 сыныптармен халқымыздың ғасырдан ғасырға жалғастырып келе жатқан салт- дәстүрін дәріптеу мақсатында 11-ші желтоқсан күні «Салт-дәстүр асыл қазына» атты тәрбие сағаты өткізілді.

14-ші желтоқсан күні 10- сыныптармен «XXI-ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойыны өтілді.

1 желтоқсан-Халықаралық СПИД-ке қарсы күрес күніне орай 2-желтоқсан күні «СПИД-тен сақтан!» атты баспасөз конференциясы өтілді.

Мұнда мектеп дәрігерлері оқушыларға дамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын алу тәсілдері, оның жұғу жолдарынан сақтану амалдары, аурудың алғашқы және негізгі белгілері жайлы әңгімелеп берді. 11 сынып оқушыларымен «ЖҚТБ (СПИД) ауруынан қорғанудың жолы салауатты

өмір салтын қолдау», «Біз өмірді таңдаймыз!», «Арақ- ішкен азар, темекі шеккен тозар» атты тәрбие сағаттары өтілді. Тәрбие сағаттардың мақсаты жас ұрпақтың салауатты өмір салтына деген ой өрісін дамыту болды. Бұл тәрбие сағаттардан оқушылар зиянды заттардың адам денсаулығына кері әсері барын ұғынды.

Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеп, наркотик пен темекінің зиянын ұғындыру мақсатында «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. 10 сыныптарға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Сақтан ұрпақ – зиянды әдеттерден» атты тәрбие сағаты өтілді. “Біз- есірткіге қарсымыз” атты тақырыпта 9 сынып оқушыларын салауатты өмір сүре білуге тәрбиелеу, оларға шылым шегудің, ішімдіктің, нашақорлықтың, СПИД-тің адам ағзасына зиянды әсерлерін ашып көрсету мақсатында бейне фильмдер көрсетілді.

2-10 желтоқсан күндері аралығында «Халықаралық құқық күнін атап өту» мақсатында «Балалар құқығы туралы Декларацияны» тарих сабақтарында оқып үйрену жұмысы жүзеге асырылды. 10 желтоқсан -Адам құқығын қорғау күні 10,11 сынып оқушыларына “Өз заңым-өз арым” атты лекция ұйымдастырылды. «Егеменді ел тарихы» атты ғылыми-әдеби кеш ұйымдастырылды. Кеште оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсаты қойылды.

9 сынып оқушыларын адалдыққа тәрбиелеу мақсатында «Көптің мүлкін көргенсіз алар» атты тәрбие сағаты өтілді.

8 сыныптармен «Айналамдағылар менің қандай қасиетімді бағалайды?» тақырыбында пікір талас өтті.

7сынып оқушыларына «Діни экстремистік және террористік ұйымдардың түпкі мақсаты» атты баяндама оқылып, онда теріс ағымдағы діни, террористік ұйымдар туралы ақпараттар берілді және жадынама стенді жасалды.

Оқушыларды адамдық асыл қасиеттерді қастерлеуге тәрбиелеу, қазақ жазушыларының көркем шығармаларымен таныстыру, көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында көркем әдебиеттерді насихаттау жұмыстары жүргізілді.

«Күнделіктің дәрежесі қандай?» атты рейд ұйымдастыру арқылы күнделіктердің ұсталу дәрежесі қанағаттандырылық екені анықталды.

Салт –дәстүрді отбасында сақтаудың маңыздылығын түсіндіру мақсатында 8-сыныптармен «Ата салтын сақтаймыз», «Тәрбие көзі –отбасы», «Еңбекпен тапқан нан» тақырыптарында тәрбие сағаттары өтілді.

«Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқушылардың туған жерге деген мейірімі мен ықыласын арттыру мақсатында «Мен және экология» тақырыбында буклет, қабырға газеттері шығарылып, «Жер тағдыры ел тағдыры» тақырыбында тәрбие сағаты болды.

“Тәрбиесіз алған білім, апат әкеледі” атты жалпы атаумен сынып жетекшілерінің ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Ата-аналарды мектеп өміріне араластыру мақсатында ашық үлгілі сабақтарға ата-аналар қамту, жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілер сыныптарда бала

және ата-ана қатынасы туралы әңгіме, сауалнамалар жүргізу арқылы ата-аналардың балаларымен қарым-қатынастарын анықтады.

Желтоқсанның он екісі күні 9-сынып оқушыларына «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында видеоролик көрсетілді. Бұл видеороликті көру барысында оқушылар «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсініп, пайда болу жағдайлары жайлы түсініктері қалыптасты. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейтті. Өз ойларын еркін жеткізе білді. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиеленді. Патриоттық тәрбие қалыптасты.

9-А сыныбымен 20-шы желтоқсан күні «Елім дейтін ер болмаса, ерім дейтін ел қайдан болсын» тақырыбында ғалым Жамбыл Қаппаровқа өмірі мен қызметіне арналған ашық тәрбие сағаты өтілді.

8-ші желтоқсан күні 9-сынып оқушыларына қазақ халқының емдік сусындары туралы мағлұмат беру, оларды туған жерге деген сүйіспеншілікке баулу мақсатында «Қазақ халқының емдік сусындары» атты тәрбие сағаты өтілді. Осы тәрбие сағатында оқушылар қазақ халқының ұлттық сусындары туралы кеңінен танып білді.

9-сынып оқушыларымен мектебіміздің АКТ залында 1986 жылғы желтоқсанда орталықтың әміршіл - әкімшіл солақай саясатына қарсы алғаш рет бас көтеріп демократия жолында құрбан болған ұл қыздарымыздың ерліктері жайында түсінік бере отырып, жастардың алаңға не себепті, қандай мақсатпен шыққандығын жете түсіндіру мақсатында желтоқсан айының 15-күні «Желтоқсан жаңғырығы-тәуелсіздік бастауы» атты мерекелік іс-шара өтілді.

Желтоқсан айының 18 күні 9-10-сынып оқушыларына «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында видеоролик көрсетілді. Бұл видеороликті көрсетудегі мақсат оқушыларға «Сыбайлас-жемқорлықтың» індет екендігін түсіндіріп, оның пайда болу жағдайлары жайлы түсініктерін қалыптастыру. Оқушылар видеороликке қатысты өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейтті. Талдау барысында өз ойларын еркін жеткізе алды. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарап және әділетті болатандықтарын баяндады.

26-27-ші желтоқсан күндері оқушылардың «Жасыл шырша» мерекелік кештері бекітілген кестеге сай өтілді.

Мерекелік іс-шараларда концерттік бағдарламалар қойылып, оқушылар онда карнавалдық киімдер киіп, тауық жылымен қоштасып, жаңа ит жылын қарсы алып, бір-біріне деген жылы лебіздерін білдірді.

«Дарабоз» оқу орталығы ұйымдастырған мұғалімдер мен оқушыларға арналған республикалық онлайн конкурсқа ұстаздарымыздың үздік ашық сабақтарының, сыныптан тыс іс-шараларының талдамалары жіберілді.

«Нұрлы жастар - Болашаққа жол бастар!» атты республикалық өнер байқауында мектебіміздің 11-сынып оқушысы Оралов Бақдаулет ІІІ дәрежелі диплом иеленді.

Қаңтар айының әр аптасында 9-сынып оқушыларынан ОЖСБ, 11-сынып оқушыларынан ҰБТ байқау тесттері алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен,

пән мұғалімдерімен және ата-аналармен қажетті жұмыстар жүргізілді. 11-сынып оқушылары байқау тесттерде төмендегідей нәтижелер көрсетті:

№	Байқау тестінен өткен оқушы саны	Жалпы балы	Пәндер бойынша орта балы			Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер	
			Математикалық сауаттылық	Оқу сауаттылығы	Қазақстан тарихы	1 бейінді пән	2 бейінді пән
1	58	111,7	16,3	17,3	17,7	30,3	30,1
2	57	114,3	16,4	17,8	17,4	31,8	30,9
3	58	114,9	16,8	17,7	17,4	32	31
		113,6	16,5	17,6	17,5	31,3	30,6

Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесіне сай, мұғалімдердің жаңа технологияны қолдануы және білім сапасын арттыруы, Үйірме жұмыстарының жүргізілуі, Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытылуы мектеп әкімшілігі тарапынан тексерілді.Тексеру қорытындысы бойынша анықтамалар жазылып, Директор жанындағы кеңес қарауына ұсынылды.

Ай бойында 11-сыныптардың «Алтын белгі» белгісіне үміткер 16 оқушысының, Үздік аттестатқа үміткер 13 оқушысының ерекше үлгідегі білім туралы құжаттарды алуға қажетті іс-қағаздарын рәсімдеу жұмыстары жүргізілді.

22.01.2018ж күні «Ұлағат» шығармашылық тобынан Н.Нұрлыбекованың, Зерде» шығармашылық тобынан О.Насырованың, «Парасат» шығармашылық тобынан Л.Сарибаеваның жаңартылған білім беру мазмұны жайлы шығармашылық есептері шығармашылық топтар отырыстарында тыңдалды және аталған мұғалімдер жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бір ашық сабақтарын практика жүзінде көрсетті. Шығармашылық топтар ұйғарымымен барлық шығармашылық есептер педагогикалық мерзімді баспасөзде жарық көруге ұсынылды.

«Жас ғалым» ғылыми қоғамы мүшелерінің ғылыми-шығармашылық жұмыстары жоспарға сай жүзеге асты.

Жатақханада қаңтар айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып,қаралды.

Интернат ғимаратында қаңтар айының 8-ші жұлдызынан бастап сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәрбиешілер ІІ жарты жылдыққа жасалынған тәрбие сағаттарының жоспарларын бекітті. Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер, медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады.

Жатақханаға кезекші мұғалімдердің өз уақытында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, тиісті тәртіп талаптарына сай болмаған оқушыларға қажетті ескертулер мен тиымдар жасалды.

Оқушылардың жатақханада сабаққа дайындығын әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

Тәрбиешілер тарапынан оқушылардың қысқы демалыстан ішек құрт анықтамасымен келіп, тамақ құнының қаңтар айын төлеп кетуі қамтамасыз етілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалады. Үлгермеген пәндерден пән мұғалімдері қосымша сабақтар өтуде.

2017 жылдың 05-06 қаңтар күндері облыстық мамандандырылған үш тілде оқытатын №1 мектеп-интернатының базасында гуманитарлық-қоғамдық циклындағы пәндер бойынша, №1 қазақ-түрік ер балалар лицей-интернатының базасында жаратылыстану-математикалық циклындағы пәндер бойынша өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың үшінші кезеңіне төмендегі оқушылар қатыстырылды:

№	Оқушының тегі, аты, әкесінің аты толық	Сыныбы	Пәні	Оқыту тілі
1	Мұғал Мейрамбек Ұласбекұлы	9	математика	қазақ
2	Құрбанбек Ерұлан Құлыншақұлы	10	математика	қазақ
3	Әмірбеков Бекболат Нұрлыбекұлы	11	математика	қазақ
4	Балабекова Айтолқын Нұрлыбекқызы	9	физика	қазақ

5	Тулбасаев Елдос Нұрғалиұлы	10	физика	орыс
6	Алтынбек Нұрлан Аймуханұлы	11	физика	қазақ
7	Жәрмет Нұрдаулет Амалбекұлы	9	информатика	қазақ
8	Анарбай Сүндетқали Қуатбекұлы	10	информатика	қазақ
9	Мирзабоев Алдияр Колдибекуғлы	11	информатика	қазақ
10	Ақжол Сымбат Саматқызы	9	биология	қазақ
11	Нәдірбек Балауса Ільясқызы	10	биология	қазақ
12	Әкім Жансая Еркінқызы	11	биология	қазақ
13	Қаныбек Қуанышбек Исабекұлы	9	география	қазақ
14	Сман Айдын Қаржаубайқызы	10	география	қазақ
15	Хаймділда Нұркелді Санатұлы	11	география	қазақ
16	Дүйсен Нұржігіт Үсенұлы	9	химия	қазақ
17	Нұралықызы Ардақ	10	химия	қазақ
18	Түймебай Ләйлә Сейдиллақызы	11	химия	қазақ
19	Әлекбар Тоғжан Асқарқызы	9	қазақ тілі мен әдебиеті	қазақ
20	Асанова Арайлым Бахтиярқызы	10	қазақ тілі мен әдебиеті	қазақ
21	Сатылхан Байбек Бактиярұлы	10	қазақ тілі мен әдебиеті	қазақ
22	Жүрсінбек Жамал Шалхарбайқызы	11	қазақ тілі мен әдебиеті	қазақ
23	Пармаш Гүлжан Зеінқызы	9	Қазақстан тарихы	қазақ
24	Нұралы Айсәуле Алтынбекқызы	10	Қазақстан тарихы	қазақ
25	Оразымбет Нұрдәулет Мамықұлы	11	Қазақстан тарихы	қазақ
26	Сыдық Аяжан Сансызбайқызы	9	ағылшын тілі	қазақ
27	Мыңтай Сүлеймен Ғалымжанұлы	10	ағылшын тілі	қазақ
28	Кененбаев Байел Абдурашидович	11	ағылшын тілі	қазақ
29	Бабаханқызы Аружан	9	орыс тілі	қазақ
30	Жамал Саян Нурахметұлы	10	орыс тілі	қазақ
31	Зікірия Шыңғысхан Темірханұлы	11	орыс тілі	қазақ
32	Сарсенбаев Ерсаиын	11	орыс тілі	орыс

	Батырбайұғли			
33	Сайлауов Ернұр Ерболұлы	9	Адам.Қоғам.Құқық	қазақ
34	Жарылқасын Назарбек Оралбекұлы	10	Адам.Қоғам.Құқық	қазақ
35	Мұса Нұрислам Омирбекұлы	11	Адам.Қоғам.Құқық	орыс

2018 жылғы 05-қаңтар күні болып өткен олимпиаданың 1-кезеңінің қорытындысында 23 оқушы 2-кезеңге өтсе, қалған 12 оқушы өту ұпайына 1 немесе 2 ұпай жетпеуіне байланысты 2-кезеңге өте алмады. 2018 жылы 06-қаңтар күні олимпиаданың салтанатты марапаттау рәсімі өтіп, онда мектебіміздің 10 сынып оқушылары Құрбанбек Ерұлан математика пәнінен, Тулбасаев Елдос физика пәнінен, Анарбай Сүндетқали информатика пәнінен, 9-сынып оқушылары Қаныбек Қуанышбек география пәнінен, Балабекова Айтолқын физика пәнінен, Ақжол Сымбат биология пәнінен, Мұғал Мейрамбек математика пәнінен, 11-сынып оқушылары Мирзабоев Алдияр информатика пәнінен, Түймебай Ләйлә химия пәнінен IV дәрежелі Мадақтамамен, 11-сынып оқушылары Әмірбеков Бекболат математика пәнінен, Әкім Жансая биология пәнінен, 10-сынып оқушылары Нұралықызы Ардақ химия пәнінен, Асанова Арайлым қазақ тілі пәнінен III дәрежелі дипломмен, 9-сынып оқушысы Пармаш Гүлжан Қазақстан тарихы пәні бойынша II дәрежелі дипломмен, 11-сынып оқушысы Оразымбет Нұрдаулет Қазақстан тарихы пәні бойынша I дәрежелі дипломмен марапатталды.

15.01-25.01.2018ж күндер аралығында Эстетикалық пәндер әдіс бірлестігінің онкүндігі өткізілді. Онкүндіктің іс-шара жоспарына сәйкес қабырға газеттерінің көрмесі, оқушылардың қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Әдіс бірлестіктің әрбір мүшесі ашық сабақ, сыныптан тыс іс-шара өткізді.

7-11 сынып оқушылары арасында оқушылардың жол ережесін сақтау дағдыларын қалыптастыру, жол белгілерін жадында ұстауға үйрету мақсатында «Абайлаңыз, көктайғақ!», «Біз жол ережесін сақтаймыз ба?», «Жол ережесін білесің бе?» байқауы, жолда жүру ережесін сақтауға байланысты іс-шара өткізілді. Нәтижесінде: Әріппай Н. 1 орын, Алеуетдинов А. 2 орын, Құттыбек Ш. 3 орын иеленді.

9 сынып оқушыларының адамгершілік құндылық туралы түсініктерін дамыту, еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Адамды адам еткен еңбек» атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, өзге адамдардың еңбегін бағалауға үйрету мақсатында «Еңбек – әл-ауқаттың қайнар көзі» тақырыбында 10 сынып оқушыларымен пікір алмасып, әңгімелер жасалды. Ұлттық салт-дәстүрлерді жалғастыруға қабілетті тұлғаны қалыптастыру, бір-біріне құрметпен қарау, сыйлауды үйрету мақсатында 8 сынып оқушыларымен

«Үлкенге кішіпейілмен қарағаны, кішінің кісілікке жарағаны» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Әлеуметтік топтардың өзара мәдени қарым-қатынастарын қалыптастыру, сыйластық пен шыдамдылыққа негізделген түрлі ұлт өкілдерімен тату болуды, бірі- бірін құрметтеуді үйрету мақсатында « Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын!» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары қызықты ұйымдастырылды . Оқушылардың қоршаған ортамен рухани құндылықтар негізінде қарым-қатынас орнату қабілеттерін орнату, бір-біріне шыншыл, адал болуды үйрету мақсатында «Адалдық туралы айтайық» тақырыбында пікір талас өтті.

11 сынып оқушыларының мамандықты дұрыс таңдауына бағыт беру, өздерінің қабілеттерін, қызығушылықтарын түсіндіру, бейінін нақтылай білуге дағдыландыру мақсатында «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Онда оқушылар өздері қалаған түрлі мамандықтар жайлы мағлұматтар алды.

Оқушылардың Семей, Арал теңізі аумағы туралы білімдерін кеңейту, Отанын сүюге, байлығын қорғауға үйрету, табиғаттың тосын төтенше жағдайлары жайлы, ондай кездегі іс әрекеттер жайлы түсініктерін дамыту мақсатында «Мен және экология» тақырыбында экологиялық апатқа ұшыраған Семей, Арал теңізінің қазіргі экологиялық жағдайы туралы 7-10 сыныптар оқушыларымен әңгімелер өткізілді.

Арал теңізі аймағында қалып-тасқан экологиямен оқушыларды таныстыру мақсатында «Аралымның кешегісі мен бүгінгісі» тақырыбында 9-сыныптармен тәрбие сағаты өткізілді.

Оқушылардың білімдерін тереңдету, әр түрлі қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту, іскерлігі мен танымдық белсенділіктерін арттыру үшін 10 сынып оқушыларымен «XXI – ғасыр көшбасшысы», «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалды ойындары ұйымдастырылып нәтижесінде І орынды Құрбанбек Е. , ІІ орынды Нұралықызы А. , ІІІ орынды Ербаев А. иеленді.

«Абайла –тұмау!» тақырыбында санбюллетень шығарылып, барлық сынып оқушыларына тұмаудан сақтану жолдары ескертіліп аурудың алдын алу жұмыстары жүргізілді.

«Басты байлық денсаулық» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды . Нәтижесінде: І орынды Абдуалиева Ш ,ІІ орынды Оралов Б., ІІІ орынды Тұрсынмұрат В. иеленді.

Тәжірибелі тәрбиеші Абуов С.«Тәрбиеші – тәрбиеленушінің ақылшысы» тақырыбында өз тәжірибесінен баяндама оқып, тәжірибесінен мағлұматтар бере отырып, тәрбиешілермен әдіс алмасты.

Оқушыларды заңнан хабардар етіп, білім деңгейін көтеру, жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында КТІЖБ-ң қызметкерлерімен кездесу болды. Онда 9-10 сынып оқушылары өздеріне қажетті сұрақтарға толық жауап алды.

Оқушыларға құқығын, бостандығы мен міндетін, жауапкершілігін түсіндіру іс жүзінде, өз өмір тәжірибесінде білімін пайдалана алу дағдыларын қалыптастыру мақсатында ҚР-ның Қылмыстық Кодексінің жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі туралы баптары 9 сыныппен дөңгелек үстел түрінде талқыланды.

Кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттай отырып, жасөспірімдерді қажетті заңдылық біліммен қамтамасыз ету мақсатында «Адам және заң» тақырыбында сұрақ – жауап кеші қызықты өтті. Жастар заңның негізгі принциптерін біліп оны меңгерді.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы және ата-ана баланың бас ұстазы екенін оқушыларға түсіндіру, ата-ана мен бала арасында байланысты күшейту, оқушыларды инабаттылыққа, тәртіптілікке шақыру мақсатында «Отбасы тәрбиенің басты ұясы», «Аяулы анашым менің» тақырыптарында сынып жиналыстары, әңгімелер өткізілді.

Мектеп пен ата-ана арасында ынтымақтастық қарым- қатынас орнату, мектеп өміріне ата-аналарды араластыру мақсатында мектепте «Ашық есік күні» ұйымдастырылды. Ата-аналар өз баласы оқитын сыныптағы сабақтарға еніп, мұғалімдермен сұхбаттасты.

Бала мен үлкендердің қарым-қатынасындағы жағымды көзқарастарды қалыптастыру, ата-анамен әңгімелесудің нақты негізін анықтау, ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу үшін 7 сынып оқушыларынан сауалнама алынды.

Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана екенін оқушыларға түсіндіру, оларды рухани жетілдіру мақсатында «Дін дегеніміз не?» тақырыбында 7-11 сыныптарға баяндама оқылды.

7 сынып оқушыларының сыныптағы қарым-қатынасын анықтау, сыныптың мәртебесін көтеру мақсатында «Менің сыныптағы орным» сауалнамасы алынып сынып оқушыларының қарым –қатынасы анықталды.

“Нашақорлықпен күресу” онкүндігі ұйымдастырылды. Барлық сыныптар ашық тәрбие сағаттарын өтті. Жас ұрпақтың ЖҚТБ туралы білімдерін тиянақтау, салауатты өмір салтын ұстанудың пайдасы туралы білім алуға жағдай туғызу арқылы оқушылардың ЖҚТБ туралы ойлары тиянақталды.

Онкүндік барысында салауатты өмірді таңдауға, лас істерден аулақ болуға жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сақтауға тәрбиеу, өз болашағына сеніммен қарай алуға үйрету мақсатында “Нашақорлықпен күресу” сурет көрмесі ұйымдастырылды.

«Жастар АҚТҚ-ға қарсы!» атты КТК ұйымдастырылды. Ондағы әзілдер арқылы оқушылар бір-біріне есірткі жайлы кеңінен мағлұмат бере отырып, бір-бірін Отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа, тазалыққа, денсаулыққа шақырды.

7-11 сынып оқушылары арасында темекі және улы заттардың зияндылығы жөнінде әңгімелер өткізіліп, темекінің зиянын және улы екенін түсіндіре отырып, саналылыққа, салауатты өмір салтына үндеу жұмысы жүргізілді.

Қаңтар айында облыс әкімі Ж.Түймебаевтың төрағалығымен өткен облыстық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою мақсатында өткен Кеңесте берілген тапсырмалар бойынша мектепте бірқатар жұмыстар атқарылды. Оқушыларға және еңбек ұжымына қазіргі заманғы тұрғын үйлерде өрттің шығуы негізінен: тұрғындардың отты пайдаланудағы абайсыздығы, жылыту қондырғылары мен аспаптарын, тұрмыстық химия бұйымдарын қолданудағы салақтылық, электр өткізгіштерді, газ қондырғыларын, тоқ көздерін қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау және балалардың отпен ойнауы салдарынан екендігі, тұрғын үйлер мен пәтерлерде тұрмыстық электр аспаптарын жаппай пайдалануы,

пәтерлердің әртүрлі жанғыш заттар және материалдармен толтырылуы және пәтерлерді тұрмыстық химиямен безендірулері өрт қауіптілігін тудыратындығы, өрт болған кезде синтетикалық заттар мен улы газдардың бөлінуі салдарынан адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төну жағдайлары орын алып жатқандығы жан-жақты түсіндірілді. Осыған орай, мектеп- интернат ғимараттарында Қазығұрт аудандық №28 өрт сөндіру бекетінің өрт сөндірушілер бөлімшесінің қызметкерлері мектеп дәрігерлерімен бірлесе отырып дәріс оқыды, интерактивті сабақтар ұйымдастырды. Аталған сабақ барысында Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері 9-10 сынып оқушыларына негізгі өрт қауіпсіздігі ережелері, қысқы мерзімдегі қауіпсіздік, төтенше жағдай кезіндегі олардың іс-қимылдары бойынша мәліметтер берді. Сондай-ақ, оқушыларды қызықтыратын сұрақтарға тиісінше жауаптар берілді. 7-8сынып оқушыларымен осы тақырып бойынша әңгіме, тәрбие сағаттары өткізілді. 7 «А» сыныбымен «Сен және төтенше жағдай», 8 «Б» сыныбымен «Балалардың отпен ойнауы» 11 «В» сыныбымен «Чрезвычайные ситуации – что это?», 10 «В» сыныбымен «Правила поведения при чрезвычайных ситуациях» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

Ондағы басты мақсат өрт оқиғаларын тілге тиек ете отырып, осындай алапаттардың алдын алу үшін балалардың отпен ойнауына жол бермеу, «Өрт қауіпсіздігі ережесімен», талаптарымен таныстыру, уланған кездегі алғашқы көмек көрсету жолдарын үйрету болды.

Мектеп –интернат ғимаратында төтенше жағдай кезінде газбен уланудың алдын алу, өрт қауіпсіздігі болғанда адамдарды шығару сызбасымен таныстыру, бүкіл ұжым арасында «Баршаның назарына!» дабылы бойынша төтенше жағдай туындаған кездегі іс-әрекет әдістерін пысықтау, ережелерін сақтау жөнінде өзін-өзі ұстай білуді, құтқару жұмыстарын практикалық жаттығулар орындату арқылы ұйымдастырылды.

Мектеп –интернат ғимаратының жылытқыш пеш қазандықтарын, электр жылытқыш құралдарын пайдалануда қауіпсіздік техникасының ережелерін бұзуға жол бермеуге байланысты мектеп әкімшілігі тарапынан рейдтер ұйымдастырылып тексеруден өткізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша 7-11 сынып оқушылары стендтер шығарды. Сыныптар арасында спорттық эстафеталық, сондай-ақ аймақтық шахмат, сурет жарыстары ұйымдастырылып, нәтижесінде I орын, II орын, III орын жеңімпаздары анықталды.

Аудандық әскери комиссариатқа баратын 10-11 сынып оқушыларына мінездеме жазу үшін арнайы тест пен оқушының агрессиясы мен акцентуациясын анықтауға арналған әдістеме алынып, жекеленген мінездемелер жазылды. Арнайы тест 90 сұрақтан құралған. Онда оқушының логикалық қабілеті мен жылдам әрекет жасап, ойын жинақтауға арналған сұрақтар берілген. Ер балалардың басым көпшілігі 70-80 баллдық жүйені көрсетті.

«Ана және мен» атты қыздар конференциясы өтті. Конференция қорытындысында «Ең таза бөлме», «Ең тәртіпті оқушы» ауыспалы мадақтамасы №31, №28 бөлменің оқушы қыздарына берілді. Интернаттағы тәртіпті оқушы қыздарға марапат ұсынылды.

10-сынып оқушыларының мінез акцентуациясын анықтау мақсатында Л.Л.Шмишек тесті алынып, нәтижесі өңделді. Жасына сай сыныптың басым көпшілігінде эмоционалдық көңіл-күй басым. Нәтиже:

Қатысушылар: 10^Б сынып. Қатысқаны: 21 оқушы

Тесттің мақсаты: Оқушылардың мінез акцентуациясын анықтау.

Күтілетін нәтиже: бала бойындағы эмоционалды мінез-құлықтары анықталады.

№	Оқушының аты-жөні	Әсірешіл тип	Елікші	Сезімтал	Педантты ы (нанымыл)	Мазасызданғыш – қорқақ тип	Циклотимді тип	Демонстративті (қыр көрсеткіш тұлға)	Тоқыраған тип	Дистимді тип	Аумалы-төкпелі тип
1	Асанова А.		+								
2	Асанова С.								+		
3	Әбубәкір О.							+			
4	Барат Б.							+			
5	Даулетова М.	+	+		+				+	+	
6	Дүйсенбай А.		+								
7	Еділбай Н.										+
8	Ербаев А.		+								
9	Ербосын П.								+		
10	Еркінбек Е.	+				+					
11	Исақ Ж.	+						+			
12	Қайратұлы А.				+						
13	Мамай З.								+		
14	Нәдірбек Б.							+			
15	Нұғманұлы Е.								+		
16	Нұралы А.								+		
17	Нұралықызы А.							+	+		
18	Сауахас М.	+						+			
19	Сатылхан Б.			+				+			
20	Уразбек А.	+									
21	Уралиқызы А							+			
Жалпы		5- 22,7%	5- 22,7%	1- 4,5%	2-9,1%	1- 4,5%		8-36,4%	7- 31,8%	1- 4,5%	1- 4,5%

Қорытынды: сынып ұжымында демонстративтік тип басымырақ болғандықтан, оқушылардың көпшілігі еркін ойларын жеткізіп, сабақтарда белсенділік танытады.



II жарты жылдықтың жоспарына сай ортаңғы және жоғарғы буын сынып оқушыларына арналған сауалнамалар мен дамыту сабақтары ұйымдастырылып, хаттамалары жазылды. Әр аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері 11^{А,Б,В} сынып оқушыларына арналған дамыту сабақтары мен түсінік жұмыстары өткізілді.

Мақсаты – сынама тест барысындағы онды психологиялық ахуалды қалыптастыру болып табылады. Дамыту сабағы барысында орындалған жаттығулар:

1. Сын есіммен танысу;

2. «Мен мәреге жетемін!»;
3. Қарауыл;
4. Бос орынды иемдену;
5. Сантики, фантики;
6. Қасиеттер базары;
7. Климовтың 5 жіктемесі;
8. Құмыра ойыны;
9. Армандар орындалады;
10. Гүл күлтешесіндегі тілек;
- 11.Әңгімелеу емес, бейнелеу;
- 12.Релаксация;
- 13.Рефлексия т.б.

Психодиагностикалық бағыт бойынша ортаңғы буын сынып оқушыларына арналған «Кім жылдам» әдістемесі алынды. Мұндағы мақсат – баланың интеллектуалды ойлауы, логикасы, есте сақтау қабілеттеріне зерттеу жүргізу болып табылады. Нәтижесі өңделіп, қорытындысымен сынып жетекшілері мен тәрбиешілеріне таныстырылды.

Мектептің қыздар ұйымының ұйымдастыруымен қыздар жиналысы өтті. 7-9 сыныптардың шаңырақ қауымдастығының оқушылары арнайы видео даярлап, арнайы сұрақтар әзірлеген. Жоғарғы сыныптың қыз балалары сұрақтарға жауап бере отырып, төменгі сыныптың қыздарына бағыт-бағдар көрсетті.

Ең алғаш мектепке келген оқушының бейімделу әрекеті орындалатынын ескере келе, 7-сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған ағарту сабағы ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету. Оқушылар мен ата-анасының арасындағы қарым-қатынасын нығайта түсу. Сондай-ақ «Мектеп – ата-ана», «Оқушы – ата-ана» байланыстарын бір жолға қою болып табылады.

Күтілетін нәтижесі: Бала мен ата-анасының арасындағы жылылықты орнату. Сабақ 5 бөлімді, яғни жаттығулардан құралды.

1. Кіріспе сөз;
2. «Біз біргеміз!» жаттығуы;
3. «Идеалды отбасы» жаттығуы;
4. «Сіз балаңызды білесіз бе?» жаттығуы;
5. «Жалғасын тап» ойыны;
6. Қорытынды.

Сабақтың бастапқы бөлімінде шаттық шеңбері құралып, танысу, сәлемдесу жаттығулары орындалды. Кіші жеткіншектер идеалды отбасын ата-аналарының балаларына деген махаббаты мен жанашырлығын бейнелеп көрсету үшін постер қорғау тапсырылды. Балаларымен қатар ата-аналар да өздерінің ойын ватманға суреттеп баяндап өтті. Ата-аналар да, балалар да махаббат ұғымының үлкен мәні бар екенін көрсете білді.

Кейінгі бөлімде ата – аналарға «Сіз балаңызды белесіз бе?» атты шағын сауалнама таратылып, нәтижесі өңделді. Сауалнама тапсыру кезінде балаларға

«Жалғасын тап» деген жаттығуды орындау тапсырылды. Яғни, 4 тірек сөзді пайдаланып, бір шумақ өлең жазу қажет.

Қорытынды бөлімде ата-аналар мен балалар «Гүл күлтешесіндегі арман», «Алтын білезік» жаттығуларын орындады. Мұнда қатысушылар өздерінің арман-тілектерін қағаз бетіне түсіріп, бір-біріне тілек тілейді.

Тәрбиешілер мен ұстаздар тарапынан оқушылар психологиясындағы өзгерістерді анықтап беруді өтінген 2 сұраныс келіп түсті. Ол оқушылармен жеке әңгіме ұйымдастырылды.

16.01.2018ж күні 11-сынып оқушыларына «Жастарды қылмысқа итермелейтін не?» атты лекция сабақ өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды құқық бұзушылыққа итермелейтін жағдайлардың алдын-алу.

20.01.2018ж күні 9-сыныптармен «Өмір сүюді үйретейік» атты тренинг сабақ өткізілді.

Мақсат: Оқушылардың суицид туралы білімдерін арттыру, балаларды суицидтік іс-әрекетке итермелейтін жағдайлардың алдын алу. Тренингтің соңында «Мейірімді алақан» жаттығуы өткізілді. Оқушылар тренингтен көп мәлімет алып бір-біріне мейірімді, кешірімді болу керектігін түсінді.

Зияткерлік мектептердің озат тәжірибесін пән мұғалімдеріне меңгертуді мақсат еткен әдістемелік семинар - кеңестер ұйымдастырылды.

«Ұлағат», «Парасат», «Зерде» шығармашылық топтарының жұмысы аталған озат тәжірибені меңгеруге бағытталды.

Пән мұғалімдеріне ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің аталған тілді меңгертуге арналған сабақтары өткізілді. Пән мұғалімдерінен ағылшын тілін меңгеру деңгейіне сай екі деңгейлік топ жасақталды.

Кітапханадан зияткерлік мектептердің озат тәжірибесі жайлы мағлұмат беретін бұрыш ұйымдастырылды.

Критериалды бағалау жүйесін сабақтарда қолдануға көп мән беріліп, бағалаудың осы түрін пән мұғалімдеріне меңгертуге арналған үйрету семинарлары ұйымдастырылды. Пән мұғалімдері сабақтарында критериалды бағалау жүйесінің негізінен формативті типін қолданды. Барлық пәндер бойынша сынып оқушыларымен келісілген түрде критерийлер жасалып, рубрикаторлар айқындалды.

Пән мұғалімдері критериалды бағалау жүйесі бойынша сыныптың негізгі журналынан тыс арнайы журнал арнап, оған бағалаудың бұл жүйесі бойынша оқушылар иеленген ұпайларды бес балдық жүйеге айналдыру негізінде бағалады. Пән мұғалімдері күнделікті сабақ жоспарларының «Бағалау» бөліміне критерийлер мен оған сай дескрипторларды жазып көрсетіп отырды. Барлық пән мұғалімдерінде критерийлер саны тақырыптың ерекшелігіне сай үш немесе төрт. Алайда кейбір пән мұғалімдерінің сабақ жоспарларында критерийлер болғанмен

дескрипторларды әр тақырып сайын көрсетпеу, максималды ұпайды алтыдан кем белгілеу секілді критериялды бағалау жүйесінің стандартына қайшы кемшіліктер кездесті.

Сабақтарға ену бағалаудың бұл жаңашыл жүйесіне оқушылардың да, ұстаздардың да біршама төселгендігін айғақтады. Алайда жазу тақтасынан орын жетпеуінен, уақыттың тарлығынан әр критерийлер бойынша дескрипторларды сыныптың барлық оқушыларына көрнекі түрде көрсете алмау құбылысы кездесті. Оған мүмкіндік тек интерактивті тақтасы бар кабинеттерде ғана болды. Мұны түзету үшін дескрипторларды тұтас тарауға жасап, әр оқушының қолына қағазға шығарып беру тәсілі енгізілді.

Көптілді оқыту бойынша пән мұғалімдері әр тақырып бойынша терминдер және ол терминдер бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілген арнайы бағандар қосылған күнтізбе жоспарын жасап, күнделікті сабақ жоспарларындағы пәндік терминдерді қызыл сиямен көрнекі түрде үш тілде көрсетіп отыруға, оқушыларға арнайы сөздік дәптер арнатуға тапсырма берді.

Ай бойында жаратылыстану пәндері бойынша сабақтарда пәндік терминдер үш тілде өз деңгейінде ұғындырылды, ал оқушылар ол терминдерді арнайы сөздік дәптерлеріне түсіріп отырды. Пән мұғалімдері арнайы күнтізбе жоспарын түзіп, сабақ жоспарларында терминдерді көрнекі түрде үш тілде жазып отырды.

Электронды оқыту жүйесінің орталық порталынан арнайы логин мен код алынып, зияткерлік мектептердің мұғалімдерінің он-лайн, он-оф режимдеріндегі сабақтары пән мұғалімдеріне, оқушыларға көрсетілді.

Мектеп сайты арқылы ата-аналар мен педагогикалық ұжым арасында электронды байланыс орнатылды, сайтқа мектеп жайлы толыққанды мәліметтер қойылды.

Ай бойында оқушылардың пән олимпиадаларына дайындық сабақтарының жүргізілуі, пән мұғалімдеріне арнайы түзілген оқу кестесіне сай жаңа ақпараттық технологияларды меңгертуге арналған сабақтарға қатысуы, пән мұғалімдерінің оқыту үрдісінде ғаламтор материалдарын, электронды оқулықтарды, көрнекі құралдарды қолдануы, таңдау курстарының өз деңгейінде жүруі қадағаланды. Сабақтарға ену арқылы пән мұғалімдерінің оқыту-тәрбиелеу жұмыстарына ғылыми - дидактикалық тұрғыда талдаулар жасалып, жас мамандарға әдістемелік бағыт көрсетіліп отырды.

Аттестатталушы педагогтардың сабақтарына ену кестесіне сай комиссия мүшелері және арнайы бекітілген мамандар ағымдағы оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтардың сабақтарына енді.

Жас мамандармен жыл бойында атқарылатын жұмыстардың жоспарына сай жас мамандар математика пәнінің оқытушысы А.Спабек пен физика пәнінің мұғалімі Ғ.Оралбековтың сабақтарына тәлімгерлердің бір апталық ескертусіз енуі ұйымдастырылып, нәтижесі дөңгелек үстел түрінде талқыланды.

Сондай ақ информатика пәнінің мұғалімі Қ.Алмұханов түзілген кестеге сай жас мамандарға ақпараттық технологиялармен жұмыс жасауды меңгертуге арналған сабақтар жүргізді.

Ай бойында шығармашылық сағаттар алған пән мұғалімдерінің мұрындық болуымен «Жас ғалым» оқушылар ғылыми қоғамы мен облыстық ғылыми-әмбебап кітапханалар, жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми шығармашылық ынтымақтастық одан әрі тереңдеп, бірқатар арнайы келісім-шарттар жасалса, мектеп әкімшілігі тарапынан қоғамның жұмыс жоспарына сай қызмет атқаруына бақылау мен басшылық жасау, ғылыми-әдістемелік көмек ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Сондай ақ қоғам мүшелерінің ғылыми тақырыптары бойынша ғаламтордан ғылыми материалдар жинақтау, ғылыми жұмыстардың жекелеген бөлімдері бойынша жинақталған материалдарды жеке-жеке файлдарға жинақтау жұмыстары қолға алынды.

20.01.2018ж күні «Н.Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының озат педагогикалық тәжірибесін пән мұғалімдеріне меңгертуді мақсат еткен мектепшілік семинар-кеңес болып өтті. Мектебіміздің 48 пән мұғалімінің басын қосқан семинар-кеңесте зияткерлік мектептердің тәжірибесінде қолданылатын озат әдістемелер жайлы мұғалімдерге жан-жақты мәлімет беріліп, аталған әрбір тәжірибе бойынша пән мұғалімдеріне нақты тапсырмалар жүктелді. Сондай ақ мұғалімдердің зияткерлік мектептердің тәжірибесі жайлы ізденуіне жағдай жасау үшін шығармашылық топтардың ғаламторға енуін, пән мұғалімдерінің Шымкент қаласындағы облыстық әмбебап кітапханалардан ізденуін, тьюторлардың ғаламторды қолдануын, пән мұғалімдеріне ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің дәрістерін ұйымдастыруды реттейтін жұмыс кестелері жайлы мағлұмат берілді.

Ай бойында 11-сыныптың «Алтын белгі» белгісіне үміткер 16 оқушысының аталған белгіні алуға қажетті құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілді.

Айдың әр аптасында 11-сынып оқушыларынан ҰБТ байқау тесттері алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен, пән мұғалімдерімен және ата-аналармен

қажетті жұмыстар жүргізілді. 11-сынып оқушыларының наурыз айында алынған тесттерінің нәтижесі төмендегідей болды:

№	Жалпы балы	Пәндер бойынша орта балы			Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер	
		Математикалық сауаттылық	Оқу сауаттылығы	Қазақстан тарихы	1 бейінді пән	2 бейінді пән
1	111,7	16,3	17,3	17,7	30,3	30,1
2	114,3	16,4	17,8	17,4	31,8	30,9
3	114,9	16,8	17,7	17,4	32	31
	113,6	16,5	17,6	17,5	31,3	30,6

26.02-27.02.2018ж күндері 7-10 сынып оқушыларынан Айлық сынама тест алынып, нәтижесі бойынша талдаулар жүргізілді.

Интернат ғимаратында сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді.

Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп ғимаратымен қоса интернат ғимаратында дәрігер мен медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығын қадағалады.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға ескертілді.

Интернатта техникалық қауіпсіздік, санитарлық-гигиеналық нормаларын, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерін сақтауы қамтамасыз етілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

Интернат тәрбиешілері оқушылардың аптаның әр сенбі күні үйлеріне қайтуын сынып жетекшілерімен бірге қадағалады.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалады. Сынып жетекшілермен қатар тәрбиешілерде оқушылардың білімдерін, сабаққа қатысуын үзбей қадағалады.

02-28 ақпан күндері аралығында математика, физика пәндері бойынша өткен Қазақстан интеллектуалды интернет олимпиадаларына 7-11 сынып оқушылары белсене қатысты.

Мектеп әкімшілігі тарапынан физика, математика пәні мұғалімдерінің сабақтарына ену жұмысы жасалды. Физика пәнінің мұғалімі Н.Мырзакулованың 11^В сыныбымен сабағы жоғары дәрежеде өтті.

Бұл сабақтағы мұғалімнің ең үлкен жетістігі оқушыларды дұрыс бағалауы болды. Сабақ барысында оқушылар толық бағаланып, білім деңгейлері нақты көрсетілді.

Мұнан өзге Т.Момбиеваның, Л.Сарибаеваның, Ж.Елікбаеваның сабақтары да өз деңгейінде өтті. Жас мамандардың сабақтарына да қатысу назардан тыс қалмады. Атап айтсақ Спабек Айбектің, Джуманов Сакеннің, Луиза Анарбайдың сабақтарына ену жасалып, ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

02-13 ақпан күндері аралығында «Өзін-өзі тану : Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» тақырыбында мектепшілік онкүндік ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу.

Оқушылардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді дарыту, пән мұғалімдерінің өзара іс-тәжірибе алмасуына жағдай жасау. Онкүндікте атқарылатын іс-шаралар оқушылар мен мектеп ұжымына таңғы салтанатты жиында таныстырылды.

Салтанатты жиын ҚР әнұранымен басталды. «Өзін-өзі тану» пәні туралы жалпы түсінік беру мақсатында «Өзін-өзі тану» пән мұғалімі И.Бегайдарова қысқаша баяндама жасау арқылы пәннің шығу тарихына тоқталды. Сара Алпысқызының жасаған еңбектерін таныстыру мақсатында 11 -сынып оқушысы Мұрат Сұлухан «Алтын жүректі ана» атты баяндама оқыды. 10- сынып оқушысы Асанова Арай Г.Тлеуханның «Ұлты сүйген - ел ана» атты өлеңін оқыды. Салтанатты жиында өзін-өзі тану пәнінің әдісі бойынша «Дорогою добра» топтық әні айтылып, жоба авторы Сара Алпысқызы Назарбаеваның мектептегі рухани-адамгершілік тәрбие жайлы айтылған «Адамды сүю» видеосынан үзінді көрсетілді.

Салтанатты жиын аяқталғанда оқушылар мен мұғалімдер бір-біріне деген жылы тілектерін қабырға стенд газетіне жазды.

03.02.2018ж. күні қолөнер, көркем сурет үйірме жетекшілері Ж.Кененбаева мен Д.Кененбаев оқушыларды жалпы рухани құндылықтар әлеміне тартып, адами қарым-қатынас нормасымен таныстыру, азаматтық мәдениетке баулу және дамыту мақсатында балалардың шығармашылық конкурсын өткізді. Онда оқушылар ана, достық, мейірімділік, тыныштық туралы тақырыптарға суреттер салып, әр түрлі материалдардан жасалған қолөнер көрмесін ұйымдастырды. Бұл көрмеге 31 оқушы өз жұмыстарын ұсынды. Нәтижесінде 11 «В» сынып оқушысы А.Байгөбекова I орын, 10 «Б» сынып оқушысы С.Асанова II орын, 10 «В» сынып оқушысы Ш.Абдуалиева III орын иеленді.

03.02.2018ж. күні «Алтын жүрек анамыз», «Сердце наполненное любовью» тақырыптарында балалардың шығармашылық байқауын қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пән мұғалімдері ұйымдастырды. «Мейірімділік», «Добро» тақырыптарында шығарма жазу байқауына 19 оқушы қатысып нәтижесінде 9 «А» сынып оқушысы Сыдық А, 10 «Б» сынып оқушысы Нәдірбек Б, 11 «В» сынып оқушысы Сәрсенбаев Е. жұмыстары үздік деп табылды.

03.02.2018ж. күні «Құлақтан кіріп бойды алар» тақырыбында мектепшілік әдеби кеш өткізілді. Әділ қазылар алқасы 10-сынып оқушысы А.Әуесханның «Бір бала», 10 -сынып оқушысы Асан Арайдың «Жігерлендіру», 10- сынып оқушысы Асанова Сараның «Мама», 9-сынып оқушысы Садібек Асылжанның «Абайдың қара сөздері», 9-сынып оқушысы Алиакбар Тоғжанның «Шеше» өлеңдерін жоғары бағалады.

04.02.2018ж. 7 «А», «Б», «В» сынып оқушылары мен ата-аналарына арналған «Мен және жанұям» атты тақырыпта ағарту сабағы ұйымдастырылды. Бұл сабақтың мақсаты: оқушылардың отбасылық қарым-қатынас, отбасы беріктігі, ұрпақтар сабақтастығы туралы түсіктерін кеңейту. Ата-аналардың балаларына деген сүйіспеншіліктерін ояту, сондай-ақ «Мектеп – ата-ана», «Оқушы – ата-ана» байланыстарын бір жолға қою болып табылады.

Сабақ барысында видеороликтер көрсетіліп, түрлі ойындар, тапсырмалар орындалды. Өткізілген сабақтың әр бөлімінен оқушылар мен ата-аналардың бір –біріне деген ыстық лебіздерін, ынтымақтастық қарым -қатынастарын, біріне- бірі деген сүйіспеншіліктерін «Гүл күлтешесіндегі арман», «Алтын білезік» жаттығуларын орындату барысында аңғарта білді, өз ойларындағы кей сұрақтарға жауап алды. Сабақ соңында қатысушылар өздерінің арман-тілектерін қағаз бетіне түсіріп, бір-біріне тілек тіледі.

04.02.2018ж. күні әр сыныпта «Өзіміз туралы әңгімелесейік» тақырыбында сұхбаттар, пікірлесулер өткізілді. Онда оқушылар өз отбасы ынтымағын, бірлігін, сыныптағы достық, ұстаздарды сыйлау, құрметтеу, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу төңірегінде сұхбаттасты.

06.02.2018ж. күні балалардың шығармашылық жұмыстарының күні өткізілді. Мұнда әр оқушы еркін тақырыпта бейнероликтер дайындап, презентация қорғады. Бұл іс-шара оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға, өмірде кездесетін жақсы адамдарды үлгі тұтуға бағыттау мақсатында өткізілді. Жалпы мектеп бойынша 10 оқушы әр түрлі тақырыпта бейнеролик, презентация жасаған. Соның ішінде үздік деп танылғандары:

10 «А» сынып оқушысы С.Анарбайдың «Жаныңда жүр жақсы адам» тақырыбындағы презентациясы мектеп ұстаздарына, тәрбиешілеріне арналған.

10 «А» сынып оқушысы Н.Темір «Жақсылық жанды жадыратады» тақырыбында видеоролик көрсету арқылы жақсылық ойлау, игілікті істер жасау арқылы қоғам дамуына үлес қосатындығын айтып жеткізді.

10 «Б» сынып оқушысы А.Нұралы «Достық» тақырыбында сыныптағы достық, татулық туралы презентация қорғады. Қорғалған жұмыстардың мазмұнын оқушылар керемет, мәдени тілде, ойларын ашық айту арқылы жеткізе білді. Әрбір қорғалған жұмысты оқушылар қызығушылықпен, бар ынтасымен жасағанын еңбектерінен көруге болады. Барлығы да жақсылық жасау әр адамның қолынан келетінін аша білді.

07.02.2018ж күні кітапханада «Мейірім төгетін ана» тақырыбында С.А.Назарбаеваға арнап көрме ұйымдастырды. Барлық сыныптар көрмеге саяхат жасап, Сара Алпысқызының өмір баяны, еңбектері туралы презентация, видеороликтер көру арқылы кең мағлұматтар алды.

07.02.2018ж. күні 7 «А» сыныбымен «Мейірімділік-асыл қасиет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларды мейірімділікке, қайырымдылыққа баули отырып, ішкі тыныштық құндылықтарының мәнін ашу. Сабақ барысында оқушылар ән айтты, би билеп, топпен бірге жұмыс жасады, сұрақтарға жауап берді. Мейірімді болу, мейірімділік туралы көріністер көрсетіп өз ойларын кеңітті.

08.02.2018ж. күні оқушылардың демалыстарын көңілді өткізу, оларды салауатты өмір салтына, жеке бас гигиенасын сақтауға, дұрыс тамақтануға, дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға, зиянды әдеттерден аулақ болуға және ұлттық ойындарымызды насихаттауға тәрбиелеу мақсатында «Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

08.02.2018ж. күні «Салауаттылық–менің қалауым», «Өмір, қымбатсың маған!» тақырыптарында жоғары сынып оқушылары арасында мектеп дәрігері, медбикесі конференциялар ұйымдастырды.

08.02.2018ж. күні «Ән-көңілдің ажары» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізілді. Мақсаты: оқушылардың музыка үйірмесінен алған білімдерін дамыту, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру, қазақ халқының ән -би, күйлерін бойларына сіңірту, қазіргі таңдағы өнерге деген көзқарастарын қалыптастыру, өнердің құдіретін насихаттау болды.

09.02.2018ж. Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу мақсатын басшылыққа ала отырып, «Сыйласаң-сыйлы боласың» тақырыбында 8-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырды. Онда қыздар мен ұлдар арасындағы сыйластық жайлы мәселелер кеңінен талқыланып, сыныпта жылылық атмосфера бар екені байқалды.

09.02.2018ж. күні оқушыларды адалдыққа, тазалыққа, сабырлылыққа тәрбиелеу мақсатында «Кәусар бұлақ тұнығынан» тақырыбында 11 «А» сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Сабақтың қорытынды бөлігінде Қадір Айдын С.Алпысқызына, Жүрсін Жамал өз анасына, Есіркепова Мадина сыныптастарына арнап өз шығармашылықтарынан өлең жырларын оқыды.

09.02.2018ж. күні 10 сынып оқушылары арасында патриоттық, адамгершілік және мейірімділік тәрбиені насихаттайтын «Добрата спасет мир» тақырыбында дебат өткізілді

10.02.2018ж. күні мектепте жағымды ахуал туғызу, ұстаздар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Ұстазыңды бала күнінен таны» тақырыбында психологиялық акция өтті. Оқушылар әр бір ұстазды бала күнгі суретінен тануға тырысып қызығушылықтары артты.

10.02.2018ж күні 11 «Б» сыныбымен «Жақсылық жан шуағы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: қайырымдылық, жақсылық жасау дәстүрлері жайында түсінік беру, халқымыздың қайырымдылық дәстүрін жалғастыруға бағыт беру, осы жақсы қасиетті үнемі жадында ұстауға тәрбиелеу. Сабақ барысында оқушылар «Кімге не артық?» ойынын, «Қиын есеп» көрінісін ұйымдастыру арқылы тәрбие сағатының мазмұнын жақсы ашты.

10.02.2018ж. күні 10 «А» сыныбында «Жақсылық –жан жадыратады» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Онда оқушылар жақсылықтың мәнін ашып, жақсылық жасау іскерліктерін дамытты.

11.02.2018ж. күні 8Б сыныбымен «Отан оттан да ыстық» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Мақсаты: «Дұрыс әрекет» құндылығының мәнін ашу. Міндеттері: Қазақстанның байтақ жерін қорғап, сақтап келген ата-бабамыздың тарихы, еліміздің тәуелсіздігін қорғаудағы орасан ерліктері туралы мағлұмат беру. Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеу, Атамекенді ардақтау сезімдерін дамыту. Өзара түсіністікке, сыйластыққа, құрметтеуге тәрбиелеу. Сабақ «Нұрға бөлену», тыныштық сәті, талдау сұрақтары, дәйексөз, әңгімелесу, шығармашылық, топпен ән айту атты бөлімдерден тұрды.

11.02.2018ж. күні 10В сыныбымен «Мечта и реальность» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

11.02.2018ж. күні «Кітап қорын молайтайық» мектепішілік акциясы ұйымдастырылды.

13. 02. 2018ж. күні «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Бұл акцияның мақсаты әлеуметтік есепте тұрған, аз қамтылған, жартылай жетім балаларға сыйлықтар беру арқылы балалардың бойындағы мейірімділік, адамгершілік құндылықтарын дамыту.

13.02.2017ж күнгі «Өзін-өзі тану:Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» атты декаданың жабылу жиынында, 10 күндік іс-шарада белсенділік танытқан оқушылар, ұстаздар марапатталды. Сонымен қатар балалар арасында көңіл күйлерін көтеру мақсатында ойындар жүргізілді. Жиын соңында А.Куванчованың әніне жазылған сөзі О.Оспанованың «Өзін-өзі тану» гимні орындалды.

. 02-13.02.2018ж. күндер аралығында «Өзін-өзі тану» пәнінің видеосабақтарын ғаламтор сайттарына жариялау, БАҚ-тарда онкүндіктің өткізілуі туралы мақалалар жариялау жұмыстары жүргізілді. ([https:// facebook.com](https://facebook.com) Физмат мектебі Қаппаров Физмат Қазығұрт тынысы, ustaz.kz , <http://kapparov-fizmat.mektebi.kz/kz/>)

Мектептегі тәрбиенің рөлін арттыру, оқушылардың талғам мәдениетін тәрбиелеу, интеллектуальды мәдениетті қалыптастыра отырып, ұстаз бен ата-ана арасындағы талғамдық құндылықтарға жету, осы бағыттағы қабілеттерін қалыптастыру мақсатында «Екі жұлдыз» байқауы өткізілді.

Ер балаларды батырлыққа, шешендікке, тапқырлыққа, имандылыққа тәрбиелеу, сегіз қырлы бір сырлы жан-жақты болуға талпындыру мақсатында «Жігіт сұлтаны-2018» байқауы шаңырақтар арасында өткізілді.

14.02.2018ж. күні Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу аясында ауған соғысы ардагерлерінің құрметіне «Ғажайып алаң» отбасылық сайысы өткізілді.

Ғаламтор желісінде жас жеткіншектердің психикасына әсер ететін түрлі сайттардың пайда болуына байланысты мектеп ғимаратында смартфондарды қолдануға тыйым салу жайлы жалпы ата-аналар , оқушылар жиналысы болып, жатақханаға рейдтер ұйымдастырылды.

7 сынып оқушыларымен және олардың ата-аналарымен «Болашағымыз өз қолымызда» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды.

2018 жылдың 6 ақпан күні Қ.Абдалиев мектебінде аудандық «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында «Тәртіпке бас иген құл болмайды» тақырыбында өткізілген кездесуге 11-сынып оқушылары қатыстырылды. Онда ғаламтордағы синии кит ойынының зардаптары, мектептерде смартфондар ұстауға тыйым салынғандығы жайлы айтылды.

Кітапханада Сара Алпысқызы Назарбаеваға арналған «Мейірім төгетін ана» тақырыбындағы видео ролик, газет көрмесі ұйымдастырылды. Бұл іс-шараның мақсаты оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, баланың мейірімді сөздер айту қабілетін арттыру, кішіпейілдікке ,

бауырмалдыққа тәрбиелеу. Сара Алпысқызы туралы, ол кісінің адамгершілік қасиеттері арқылы оқушыларды қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Ақын Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған әдеби-сазды кеш өткізілді. Кештің мақсаты ақын өмірі мен шығармашылығынан мәлімет бере отырып, қазақтың қара өлеңінің құдыретін таныту. Өлеңді бағалауға, қадірлеуге және құдыреттілігін сезінуге баулу.

13.02-23.02.2018ж күндер аралығында Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер пән бірлестігінің онкүндігі болып өтті. Онкүндік аясында 8-сынып оқушыларының қатысуымен 2018 жылдың 14-ақпан күні 16:00-де Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 29 жыл толуына орай Ауған соғысының ардагерлеріне арналған «Белсенді отбасылар» сайысы жоғары дәрежеде өткізілді.

10-сынып оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен «Толағай» отбасылық сайысы өз дәрежесінде ұйымдастырылып өткізілді. Оқушылар мен ата-аналар арасында ұйымдастырылған дене қыздыру жаттығулары мен түрлі сайыстарға сайыскерлер белсене қатысты.

Ортаңғы және жоғарғы буын, жас мамандармен жүргізілетін жұмыс материалы даярланды. 10-11 сынып оқушыларына арналған республикалық деңгейде психологиядан қашықтық олимпиадаға жоғарғы сынып оқушыларынан 6 оқушы қатысты. Тапсырманы орындауға 40 минут берілді. Олимпиада 30 тапсырмадан тұрады.

11-сынып оқушыларының сынама тест барысында психологиялық жағымды ахуалын қалыптастыру мақсатында релаксациялық әдіс, аутотренинг ұйымдастырылды. Сынама тесттің жауап парақшалары таратылып, оның дұрыс боялуы қадағаланды. Аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері өтілетін дамыту сабағы өткізілді. Жағымсыз эмоциялардан арылу мақсатында мектептің спорт залында 11^{абв} сынып оқушыларымен біргелікте спорттық ойындар жүргізілді.

9^{абв} сынып оқушыларының өзара ұйымшылдығын қалыптастыру мақсатында мектеп АКТ залында «Мәреге жетемін!» атты дамыту сабағы өтті. Мақсаты – оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас тудыру. Сабақта оқушылар толығымен өздерінің ойларын ашып айтып, жаттығуларға белсене қатысты. Орындалған жаттығулар:

1. Сәлемдесу;
2. Топқа бөлу;
3. Кім жылдам әрекет етеді;
4. Топтық сайыс;
5. Алдаймын, алдамаймын;
6. Бір уыс кедергі;
7. Бос микрофон. Рефлексия.

Әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері 11 абв сынып оқушыларымен дамыту сабақтары өткізілді. Мақсаты – оқушылардың өзіне деген сенімділігі мен өзара қарым-қатынастарын нығайту. Сабақ барысында орындалған жаттығулар:

1. Қол алысу;
2. Қандай кейіп;
3. Психотехникалық жаттығуы «Асқар айтты»;
4. 10 жылдан кейінгі кездесу;
5. Жағымды сөз;
6. Бұзық телефон;
7. «Сен кімсің»;
8. «Ырылда арыстан, ырылда, тықылда поезд, тықылда»;
9. Құпияны іздейміз. Рефлексия.

Оқушыларды ішкі қысымынан арылту мақсатында психотехникалық жаттығулар орындалды. Қорытынды: 11в сынып оқушысы А.Ф, 11б Б.Е. сынды оқушыларын жеке кеңеске шақыру.

10 абв сынып оқушыларының өзара сенімділіктерін арттыру мақсатында «Алынбайтын асу жоқ» тақырыбында дамыту сабағы өткізілді. Сабақта оқушылар ойларын еркін жеткізіп, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасады. Түрлі берілген техникалық жаттығулар мен тапсырмаларды топпен жоғары деңгейде орындап өтті.

Өзін-өзі тану онкүндігіне орай 7б сынып оқушыларымен «Отан оттан да ыстық» атты ашық сабағы ұйымдастырылып, оқушыларды туған елін, жерін, атамекенін қорғап, құрметтеу керектігі баяндалды. Сынып оқушылары өздерінің туған ауылдарынан шыққан түрлі азаматтарды баяндай келе, тұрғылықты жерлерін мақтан етті.

Аптаның бейсенбі күні интернат ғимаратында кезекшілік атқарылды. 10.02.2018 ж. күні интернат ғимаратында рейд жүргізілді.

Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа, сыйластыққа, қамқорлыққа, татулыққа, сүйіспеншілікке, махаббатты бағалай білуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу мақсатында 8-сыныптармен «Сыйласаң-сыйлы боласың» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда қыздар мен ұлдар арасындағы сыйластық жайлы мәселелер кеңінен талқыланып, сыныпта жылылық атмосферасы бар екені байқалды. Арнайы даярланған сұрақтар қою арқылы, оқушылардың арақатынасы сырттай бақыланды.

Ортаңғы буын сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеті, жылдамдығын анықтау мақсатында лабильдік тесті алынды. Тестте 42 тор көзде тапсырма беріледі, әр тапсырманы орындауға 2-3 секунд беріледі. Оқушылар жылдам қимылдау арқылы төмендегі нәтижені көрсетті.


8^{А,Б,В} сыныптан 60 оқушы қатысты.

4-5 қате жоғары лабильділік

6-10 қате орта лабильділік

11-16 қате төмен лабильділік

17-25 қате өте төмен лабильділік



9-сынып оқушыларының қатысуымен «Менің отбасым - құндылығым» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Өз ойларымен толықтай бөлісу үшін, оқушылар «Гүл бейнесіндегі отбасын» суреттеп, ойларын қорытындылады.

Тәрбиешілер мен ұстаздар тарапынан 3 сұраныс келіп түсті. Сұраныс түскен оқушылармен жеке әңгіме ұйымдастырылды. Кеңес беру бағыты бойынша М - 3, Т - 5, О – 9, А-А - 1 кеңес берілді.

10.02.2018ж күні « Өзіңді өзің тани біл» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренингтің мақсаты: Өзін-өзі тану негізінде, адамгершілік-рухани әлеуетін көтеру, баланың өзіндік «Менін» қалыптастыру және оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату, адамгершілік құндылықтарын үйренуіне ықпал ету, сенімін нығайтуға жол ашу. Өзін-өзі түсінуге, өзін –өзі бағалай білуге және өзін-өзі жаман әрекеттен жақсы әрекетті ажырата білуге тәрбиелеу.

9-11 сыныптармен « Стреспен күресу жолдарын үйрету» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренингтің мақсаты: жаттығулар жасау арқылы оқушылардың көңіл күйлерін көтеру, стресті жену жолдарын үйрету. Тренинг барысында оқушылардан «Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» атты тест алынып, нәтижесіне анализ жасалды.

17.02.2018ж күні 11В сынып оқушыларымен «Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқық бұзушылық» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

Мақсаты:Құқық бұзушылыққа итермелейтін себептерді анықтап алдын-алу. Оқушыларға психологиялық және физиологиялық жағынан көмек беру.

Наурыз айында ҰБТ-ға дайындық жұмыстары күшейтілген түрде төмендегідей бірнеше бағытта жүргізілді:

- 1.Әрбір пән бойынша қосымша дайындық сабақтарының саны арттырылды.
2. Төмен нәтиже көрсеткен оқушыларға пән мұғалімдерінің жеке қосымша сабақтары қойылды.
- 3.Оқушыларды электронды және қағаз формасындағы жаңа тест материалдарымен қамтуға көп мән берілді.

4.Әр апта сайын ҰТО дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.

5.Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.

6.ҰБТ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

Айдың әр аптасында 10,11-сынып оқушыларынан ҰБТ байқау тесттері алынып, нәтижесі бойынша оқушылармен, пән мұғалімдерімен және ата-аналармен қажетті жұмыстар жүргізілді. Наурыз айының соңғы аптасында алынған ҰБТ байқау тестінде 11-сынып оқушыларының жалпы орта балы-114,4 болды.

Ай бойында 11-сыныптың «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушыларының аталған белгіні алуға қажетті құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілді.

Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесіне сәйкес айдың 1-аптасында ОЖСБ және ҰБТ-ға дайындық жұмыстары, Облыстық пән олимпиадасының қорытындысы, 2-аптасында Интернаттағы тәрбие жұмыстары, 3-аптасында ағылшын тілі пәнінің оқытылу жағдайы, III тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысы мектеп әкімшілігі тарапынан тексерілді.

15.03-16.03.2018ж күндері барлық сыныптардан айлық тест алу және оның нәтижесін шығару жұмысы жүргізілді.

Ай бойында оқушылардың білімін тереңдету курстары, қоғамдық үйірмелер т.б. шаралардың сапалы өтілуі үнемі қадағаланды.

Мұғалімдердің жеке құжаттарын, күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарларын, тақырыптық, әдістемелік талдауларын қадағалау жұмысы жүйелі түрде жүргізілді.

III-тоқсан қорытындысы бойынша барлық сыныптарға негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім көрсеткіштеріне мониторинг жасалды.

Жатақханада наурыз айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Интернат ғимаратында әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері жиналыс, тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп және интернат ғимаратында медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығы қадағаланды. Кезекшілік кестесіндегі кезекші тәрбиешілердің өз уақытында, сонымен қоса сенбі, жексенбі және мерекелік күндері интернат қызметкерлерінің кезекшілікке келуі үнемі қадағаланып тұрды.

Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға тиісті ақыл-кеңес берілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

«8-наурыз халықаралық әйелдер күні» мерекелік іс-шарасы өз деңгейінде өткізілді.

Тәрбиешілер оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырды, салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстарын жүргізді. Ата-аналар үшін ағартушылық жұмыстары жүргізілді.

Наурыз айының 19-шы жұлдызынан бастап оқушылардың көктемдік демалысқа шығуына байланысты, оқушылардың жол қауіпсіздігі және өз бетінше саяхатқа шығуға болмайтындығы қатаң ескертіліп, ата-анаға және де туыстарына жүктелді. Ата-аналарға оқушылардың білім деңгейлері хабарланды. Көктемдік яғни III-ші тоқсандық демалыс уақыты 20 наурыз бен 02-сәуір күндері аралығы, ал 03-сәуір күні сабақ екендігі ескертілді.

Күнделікті оқушылардың түнгі демалу уақытына қатаң бақылау жасалынды.

Интернаттың әрбір қызметкерлері еңбек тәртібін бұзбай, тапсырылған жұмыстарды ойдағыдай атқарды.

Оқушылардың көктемгі демалыс кезіндегі жауапкершілігі ата-ана мойнына жүктеліп, III-ші тоқсанның демалу уақытысы аяқталып сәуір айының 03-ші жұлдызында интернат ғимаратына ішек құртқа (эпидокружений) анықтамасыз келмейтінін ескертіп, ата-анаға тапсырылып, сонымен қоса тамақ құнының сәуір айын төлеуі жайында айтылды. Бұл тапсырмаларды орындау ата-аналарға жүктелді.

Интернат тәрбиешілері оқушылардың демалысқа үйлеріне қайтуын сынып жетекшілерімен бірге қадағалады.

Ай бойында 7-10 сынып оқушылары оқу бағдарламасындағы негізгі пәндер бойынша ғаламтор олимпиадасына қатыстырылды. Интернет олимпиада 2 турдан тұрды. I турға мектеп бойынша физика пәнінен 32 оқушы, математика пәнінен 71 оқушы қатыстырылды. 2-турға аудан бойынша физика пәнінен 17 оқушы өтсе, соның 16-сы Ж.Қаппаров мектебінің оқушылары, математика пәнінен аудан бойынша 22 оқушы II турға өтсе, соның 17-сі Ж.Қаппаров мектебінің оқушылары болды. Ғаламтор олимпиадасындағы өзге пәндер бойынша көрсеткіштерді төмендегі кестеден көруге болады:

Республикалық «Ясауи» олимпиадасына оқушылар қатыстырылды. Жалпы бұл олимпиадаға мектептің 11-сыныптарынан 58 оқушысы қатысты.

11-сыныптың 24 оқушысы Сулейман Демирель университетінің ұйымдастыруымен Шымкент қаласындағы №8 М.Х.Дулати мектеп-гимназиясы және Қазақ-Түрік ерлер лицейі базасында болып өткен олимпиадаға қатыстырылды.

Шымкент қаласындағы «Өнер мектебі» базасында өткен «Мұқағали оқулары» сайысына 8-11 сыныптан 9 оқушы қатыстырылды.

Айдың әр сәрсенбісінде мектеп әкімшілігі тарапынан жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында олардың сабақтарына ену жұмысы жүргізіліп, ұсыныстар мен әдістемелік кеңестер берілді.

16.03.2018ж күні мектеп-интернат базасында «Кенгуру-лингвист» және «Кенгуру-математика для всех» халықаралық интеллектуалды сайысы өткізілді. Оған төмендегі кестедегі оқушылар қатыстырылды:

"Кенгуру-лингвист" халықаралық интеллектуалды конкурсы бойынша:

№	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы	Пән мұғалімі
1.	Зулбахар Алмат	8 А	Тастанова Анипа
2.	Қасымбек Назерке	8 А	Тастанова Анипа
3.	Тлеубаева Алуа	8 Б	Тастанова Анипа
4.	Жұмаділлә Ернар	8 Б	Тастанова Анипа
5.	Исабаева Гулназ	8 Б	Тастанова Анипа
6.	Дүйсен Нұржігіт	9 А	Тастанова Анипа
7.	Төребек Жанар	9 А	Тастанова Анипа
8.	Қанат Әсем	9 А	Тастанова Анипа
9.	Садиебеков Асылжан	9 А	Тастанова Анипа
10.	Жүрсінбек Қайсар	9 А	Тастанова Анипа
11.	Нұрмаханбет Нұрдаулет	9 А	Маликова Салтанат Садуакасовна
12.	Жәрмет Нұрдаулет	9 А	Маликова Салтанат Садуакасовна
13.	Молыққан Ернар	9 А	Маликова Салтанат Садуакасовна
14.	Тастан Диас	9 А	Маликова Салтанат Садуакасовна
15.	Балабекова Айтолқын	9 Б	Маликова Салтанат Садуакасовна
16.	Жамал Саян	10 А	Тастанова Анипа
17.	Жарылқасын Назарбек	10 А	Тастанова Анипа

18.	Жұмаділлә Аружан	10 А	Тастанова Анипа
19.	Сатылхан Байбек	10 Б	Тастанова Анипа
20.	Ербосынов Фазыл	10 Б	Тастанова Анипа
21.	Құрбанбек Ерұлан	10 Б	Тастанова Анипа
22.	Мыңтай Сүлеймен	10 А	Тастанова Анипа
23.	Мырзалы Рақымжан	10 Б	Тастанова Анипа
24.	Қуанышбай Айханым	11 А	Тастанова Анипа

"Кенгуру-математика для всех" халықаралық интеллектуалды конкурсына төмендегі оқушылар қатыстырылды:

№	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы	Пән мұғалімі
1.	Сыдық Аяжан	9 А	Джуманов Сәкен
2.	Садиеков Асилжан	9 А	Джуманов Сәкен
3.	Қанат Әсем	9 А	Джуманов Сәкен
4.	Төребек Жанар	9 А	Джуманов Сәкен
5.	Нұрмахан Ернар	9 А	Джуманов Сәкен
6.	Дүйсен Нұржігіт	9 А	Дурменова Ақгулим
7.	Жүрсінбек Қайсар	9 А	Дурменова Ақгулим
8.	Балабек Айтолқын	9 Б	Дурменова Ақгулим
9.	Тайбек Айдынбек	9 Б	Дурменова Ақгулим
10.	Қалыбек Бекболат	9 Б	Дурменова Ақгулим
11.	Қаныбек Қуанышбек	9 Б	Спабек Айбек
12.	Пармаш Гүлжан	9 Б	Спабек Айбек
13.	Сайлауов Ернұр	9 Б	Спабек Айбек
14.	Жармет Нұрдаулет	9 А	Спабек Айбек
15.	Бейсебай Лаура	9 А	Спабек Айбек
16.	Нұрмаханбет Нұрдаулет	9 А	Спабек Айбек
17.	Ауезхан Ақниет	9 А	Спабек Айбек
18.	Тастан Диас	9 А	Спабек Айбек
19.	Әуезов Абзал	10 А	Мырзақұлов Бақытжан
20.	Сапабек Ақмейір	10 А	Мырзақұлов Бақытжан
21.	Әсет Дина	10 А	Мырзақұлов Бақытжан
22.	Қалыбек Иманғали	10 А	Мырзақұлов Бақытжан
23.	Жарылқасын Назарбек	10 А	Мырзақұлов Бақытжан
24.	Анарбай Сүндетқали	10 А	Мырзақұлов Бақытжан
25.	Темір Нұрмахан	10 Б	Мырзақұлов Бақытжан
26.	Нұралықызы Ардақ	10 Б	Мырзақұлов Бақытжан
27.	Ербаев Алмаз	10 Б	Мырзақұлов Бақытжан
28.	Жүрсінбек Жамал Шалқарқызы	11 А	Абдикулова Шолпан

03.03.18ж. күні «Мен қазақ қыздарына қайран қалам» тақырыбындағы қыз сыны байқауы «Шаңырақтар» арасында ұйымдастырылды. Нәтижесінде: «Жалын» шаңырақ бірлестігінің 10 сынып оқушысы «сет Дина бас жүлде иеленсе, І орынды

«Жалынды жастар» шаңырақ бірлестігінің 9 А сынып оқушысы Төребек Жанар, II орынды «Жалын тобы» шаңырақ бірлестігінің 10 сынып оқушысы Әуесхан Айдана, III орынды 9 сынып оқушысы Әуесхан Ақниет иеленді.

Ананың балаға деген махаббатының шексіздігі, оның арман-тілегі туралы түсіндіру, отбасындағы ана мен бала арасындағы қарым- қатынасты нығайту, оқушының шығармашылық ойын, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту, балалардың аналарға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, ана еңбегін ардақтап, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 11 сынып оқушыларымен «Аяулы анашым, мерекенмен!», 10 сынып оқушыларымен «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды», 9 сынып оқушыларымен «Отбасының берекесі имандылықтан басталады», 8-сынып оқушыларымен «Ана өмірдің шуағы», 7-сынып оқушыларымен «Аналар асыл жандар» тақырыптарында ашық тәрбие сабақтары мен мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында 8 сынып оқушыларымен «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында пікір –сайыс өтті.

Оқушылардың бойына адамгершілік, имандылық тәрбие беру, ұлттық салт-санасын дамыту, тәрбиелеу мақсатында «Мен және заң» тақырыбы бойынша жартылай жетім балалармен дөңгелек үстел өткізілді .

Дарынды тұлғаларға, ұлттық қазынаға құрметпен қарауға, арлылық пен кішіпейілділікке, елін,жерін сүйетін ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Ұлт тілін ұлықтаған тарлан ақын» атты тәрбие сағаты өтілді.Осы тәрбие сағаты арқылы оқушылардың өз ұлтына деген көзқарасы жоғарылады.

Адамгершілік құндылықтар негізінде айналадағылармен қарым-қатынас құру және мәдениеттілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, имандылық, адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында 9-10 сынып оқушыларымен «Сәлем – сөздің анасы», «Бата алғанның бақыты бар» тақырыптарында сынып тәрбиешілері әңгімелер жүргізді.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ата-баба дәстүрін құрметтеу, шетелдік, жат-жұрттық әсерден бойды әсте аулақ ұстауға тәрбиелеу мақсатында 7-8 сынып оқушыларымен «Қазақ халқының қолөнері», «Қазақ халқының тұрмыс – салты» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізіліп, оның барысында балалар бойында қазақи салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жөн-жоралғы, әдеп пен иман секілді тектілік қасиеттері дамығаны байқалды.

«Бір тал кессең, он тал ек» акциясы өткізілді. Онда 7-11 сынып оқушылары көшеттер отырғызып, өзі өсіп-өнетін ортасын, қоршаған ортаны, табиғатты бағалай білді, оларға дұрыс қарап, қоғамға пайда келтірді.

Оқушыларды табиғаттың сұлулығын, әсемдігін көре білуге, қорғауға тәрбиелеу мақсатында «Экология тағдыры» атты тәрбие сағаты өтілді. Бұл сабақтан оқушылар табиғатты сүйуге, оған мейірімділікпен қарауға үйренеді. Қоршаған ортаға аса мейірімділікпен қарап, оны әрқашан таза сақтауға, ластамауға бейімделді.

«Шақырады көктем» ән байқауы ұлттық әнге деген сүйіспеншілігін ояту, ән құдіретіне үйрету мақсатында шаңырақтар арасында өткізіліп нәтижесінде «Юные генни» 3 орын, «Болашақ» 1 орын, «Барс» 2 орын иеленіп көрермендердің көңілінен шықты. Жеңімпаздар марапатталды.

Жан-жақты дамуға, талаптануға төзімді болуға, дарындылыққа еліктеуге, қоғамдық тәртіпті сыйлауға және оған бағынуға үйрету мақсатында «Бүгінгі заман қыздарының бейнесі қандай?» тақырыбында мектепшілік қыздар жиналысы болды. Онда қыздар пікір алмасып, ой бөлісті.

Денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызын, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында «Сақтансаң сақтайды!» тақырыбында СПИД, нарко, тері венерологиялық аурулар жөнінде 9-10 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. Оқушылар СПИД ауруының адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін және одан сақтану жолдарын білді.

Сондай-ақ «ЖҚТБ – ғасыр дерті» сұрақ- жауап кешінде 10-11 сынып оқушылары мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруді үйренді.

Жас ұрпағымызды қазақ халқына тән имандылыққа, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге үйрету мақсатында «Ағайын , жекжат, халықтар сыйластығы» атты тәрбие сағаты өтілді. Оның мақсаты халқымыздың салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын үйрете отырып, “Наурыз” қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету.

18.03.2018ж күні оқушыларға Наурыз мейрамы туралы мәлімет беру, оның қадір- қасиетін түсіндіру мақсатында , «Қош келдің Наурыз!» тақырыбында наурыз мейрамы ұйымдастырылды.

9-11 сынып оқушыларының байқау тесттерде жауап парақтарын дұрыс пайдалануға дағдыландыру мақсатында оларға түсінік жұмыс жүргізілді. Арнайы парақшалардағы варианттарды 10-15 минут ішінде белгілеп шығу тапсырылды. Оқушылармен сұхбаттасқанда басым көпшілігі қателесу мен жауап парағын дұрыс боямауда өздерінің сенімсіздіктері мен қобалжуларынан болатындығын айтты. Осы сұхбатқа сүйене отырып, аптаның белгіленген күндері 9-11 сынып оқушыларымен дамыту-түзету сабақтары ұйымдастырылды. Өтілген жаттығулар:

1. Топпен сәлемдесу;

2. Сұрағыма жауап бер!;
3. Тасбақа жүгірісі;
4. Ойымды тап;
5. Кім жылдам;
6. Бойдағы қорқынышты жеңу ойыны;
7. Болады, болмайды;
8. Сөзден сөзді ізде;
9. Джунглидегі жаңбыр;
10. Таңғажайып дорба;
11. Рефлексия т.б.

Жүргізілген сабақтардан соң 11-сыныптың оқушылары қосымша жеке кеңеске келіп, сұрақтарына жауап алды.

Алдын-алу мақсатында 7-11 сынып оқушыларымен сауалнамалар жүргізілді. 7-сынып оқушыларынан алынған сауалнама қорытындысы:

Тесттің тақырыбы: **Кондаштың «Қобалжу шкаласы» тесті.**

Зерттеу нәтижесінде:

1. Мектепшілік

Қалыпты 0-20 балл	34 оқушы
Орта 21-30 балл	12 оқушы
Жоғары 31-40 балл	17 оқушы

2. Өзіндік бағасына байланысты

Қалыпты 0-20 балл	40 оқушы
Орта 21-30 балл	12 оқушы
Жоғары 31-40 балл	11 оқушы

3. Тұлғааралық


Қалыпты 0-20 балл	49 оқушы
Орта 21-30 балл	11 оқушы
Жоғары 31-40 балл	3 оқушы

8-9 сынып оқушыларына «Кактус» әдістемесі жүргізілді. Салынған суреттердің интерпритациясы бойынша әр сыныптан 2-3 оқушыдан ғана агрессияның анық түрі байқалса, қалған бөліктерінде қалыпты гүл ашылған, жағымды ортада өскендерін көрсеткен. Жалпы бұл жастағы балалардың кактусты елестетіп салғанда, тікендерінің көптігі өтпелі кезеңнің өтуіне байланысты талданады. Сурет салумен қатар оқушыларға қосымша сұрақтар қойылды. Мәселен, Кактустың қандай түсі бар?, Кактуста тікеннің көп болғаны дұрыс па?, Кактус қай жерде өсуі керек?, Кактус гүл ашады ма? Және тағы басқа. Бұл сұрақтарға оқушы жауап беру барысында бір-бірімен ақпарат алмасты. Нәтижесі бойынша 7-сыныптан 016.08, 016.24, 017.03 кодтағы, ал 8-9 сыныптан 002.05, 003.11 кодтағы оқушылар жеке кеңеске шақырылды.

Ортаңғы буын сынып оқушыларына арналған ынталандыру материалымен жұмыс ұйымдастырылып, бейнеленген көріністер бойынша жекеленген және топпен дамыту жұмыстары атқарылды. 9^А сынып оқушыларын топқа бөліп (таң, түс, кеш, түн топтары), сол бойынша түрлі түсті қағазбен, красками бейнелеу тапсырылды. Сынып оқушылары өте белсенді және ойлары ұшқыр екенін танытты. Әр топта өзіне тән лидерлер болды. Олар: Айдын, Нұрахмет, Алтынай,

Бексұлтан, Дина. Плакатта орналасқан бейнелерін мақалдармен қорғап өтті. Дәл осы жұмыс 9^Б сыныбында да орындалды. Бұл сыныптағы оқушылардың шығармашылық қабілеттері толығымен шындалмағандықтан, суреттерін толық қорғап бере алмады. Осыған орай сыныпта психотренинг ұйымдастырылды. Мысалы, «Айналым», «1-ден 10-ға дейін», «Детектив», сергіту сәттері. Жекеленген оқушыларға орындауға үй тапсырмалары берілді.

8абв сынып оқушыларының есте сақтау қабілеті, зейіннің көлемдері анықталды. Ол үшін оқушыларға 20 бейнелі суреттер мен логикалық жаттығулар тапсырылды, әр затты есте сақтаған сайын жаттығу қиындатылды. Материалдарды есте сақтау реті бұзылғанымен, оқушылар атауларды жылдам естерінде сақтады. Ал, зейіннің тұрақтылығын анықтағанда бірнеше қателер жіберілді. 1 минутта кесте ішіндегі шатасқан әріптерді табу кезінде, балалардың басым көпшілігі шатасып отырды. «Шатаспаймын», «Оңнан солға» жаттығулары қатар орындалды. Ортаңғы сынып оқушыларымен түзету жұмыстарын жүргізіп, алынған нәтижелер бойынша сынып жетекшілер мен тәрбиешілерге мәлімет берілді. Қайталама алынған (зейін) тестінің қорытындысы:



ҰБТ-ке қатысушы 11-сынып оқушыларына арналған «Менің жетістігім, менің жеңісім» атты психологиялық тренингі жүргізілді. Мақсаты – кезкелген жағдайдағы іс-әрекеті мен өзіне деген сенімділігін қалыптастыру болып табылады. Орындалған жаттығулар:

1. «Қарауыл»;
2. «10 жылдан кейінгі кездесу»;
3. Ситуациядан шығу икемділікті анықтау;
4. «Бір уыс кедергі»;
5. «5 құндылық»;
6. «Детектив»;
7. «Алтын білезік».

Жаттығу барысында әрбір баланың іс-әрекетіне үлкен мән берілді. 11 абв сынып оқушылары қатысқандықтан, сыныпты бірнеше топқа бөлу арқылы, олардың қиындықтан қалай өтетіндіктері, агрессиялығы, шапшаңдағы, өзгелермен қарым-қатынасын анықтау қажет. «10 жылдан кейінгі кездесу» жаттығуында оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің жоғары екені байқалды. «Детектив» атты жаттығуда балалар мамандықтарды жасыру арқылы оны шебер жасыра білді. Қорыта келе, оқушылар алда кездескен қиыншылықты жеңе алатындықтары көрініс берді.

Жоспарға сай алдын-алу бағыты бойынша ортаңғы және жоғарғы буынның сынып оқушыларымен ауызша сұхбаттасу мен дамыту сабақтары, дөңгелек үстелдері өткізілді. Мәселен, «Мен өмірге құштармын» сұрақ-жауап (сұхбаттасу), «Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады» атты тақырыпта дөңгелек үстелі өтті. Оқушылардың жауаптарына қарай талдау жасалып, бағыт-бағдар көрсетілді. Онда талқыланған сұрақтар:

1. Менің ортамдағы өзіндік орным қандай?
2. Мен жететін жетістік...
3. Жолым болмаған жағдайда, өзімді ситуациядан қалай алып шығамын?
4. Достарымды ренжіткен кезде, өзімді...
5. Таңдау жасарда жолдастарым мен ата-анама үлкен үміт артамын...

Мұнда оқушылар өздерінің даярлап келген сұрақтарына да жауап ала алды.

Сұхбаттасу соңында ынталандыру материалдарымен коллаж жасап өтті. Яғни, қазіргі әрекеттерін суреттермен бейнелеп, қорғап өтті.

10-сыныптың оқушыларынан «Өмір, жар, дос» деген сынақ, “Ұстамдылардың қатарынансыз ба?”, «Сдержанный ли ты человек?» атты шағын тест алынып, қорытындысы өңделді. Мақсаты- ашулану деңгейін анықтау. Интерпритациясы: 10^Асыныбынан 22 оқушы қатысты; 10^Всыныбынан 23 оқушы; 10^В сыныптан 12 оқушы . **Тест нәтижелері:**

1,5,7-ші сұрақтарға “жоқ” деп, бұдан өзгелеріне “ия” деп жауап берген болсаңыз, әр сұрағыңыз үшін 1 ұпай есептеледі.

0-3 ұпай. Адамдармен қарым-қатынасыңыз нашар. Мінезіңіздің тұрақтылығы соншалық, қажет болса да, өз дегеніңізден қайтпайтын қырсық адамсыз. Кей адам сізді тік мінезіңіз үшін ұнатпайды. Іштей достарыңызға да, бейтаныс адамдарға да адалсыз. Алайда өзгелерге жылы қабак танытып үйренгеніңіз абзал.

4-6 ұпай. Айналаңыздағылармен қарым-қатынас жасауыңызға байланысты жақсы да, жаман да жақтарыңыз бар. Адал болсаңыз да, ішкі жан-дүниеніңдегі жылы сезімдерді көрсете бермейсіз. Сізге өзгелердің пікіріне құлақ асып үйрену қажет.

7-10 ұпай. Қарым-қатынас мәселесінде өте белсендісіз. Ситуацияға сәйкес кез келген рөлге еніп, өз дегеніңізге жете аласыз. Ең бастысы айналаңыздағыларға жақсы әсер қалдырасыз.

10а сыныбы:

0-3 ұпай жиғандар: 3 оқушы – 13,6%;

4-6 ұпай жиғандар: 14 оқушы – 63,6%;

7-10 ұпай жиғандар: 5 оқушы – 22,7%;

10в сынып:

1. 8 оқушы – 66,7%;

2. 4 оқушы – 33,3%;

10б сыныбы 14 сұрақтан құралған сынақ тапсырды. Сыныптың басым көпшілігі жолдастарына сенім артып, тығырықтан шығарда ортаға жүгінетіндіктерін жазған. Кейбір оқушылар ситуациядан шығуда тек өзіне ғана сенетіндігін жазған.

Сұраныс жас мамандар мен ортаңғы буынның тәрбиешілерінен келіп түсті. Осы бағытта жұмыс жасалып, топпен және жекеленген түсінік жұмысы жүргізілді. Кеңес беру бағыты бойынша М – 2, Т – 2, О – 9 кеңес берілді.

Жас мамандар онкүндігі өткізілді. Онкүндік барысында жас маман дене шынықтыру пән мұғалімі М.Нұршабаев 9Б сынып оқушыларымен «Волейбол» атты ашық сабағын өткізді.

Физика пәні мұғалімі Ғ.Оралбеков 9А-сынып оқушыларымен зертханалық сабақты өз дәрежесінде ұйымдастырып өткізді.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Н.Нұрлыбекова мен О.Насырова және олардың оқушылары орыс тілі пәні бойынша Халықаралық қашықтық олимпиадасына қатысып жүлделі орындарды иеленді. Атап айтқанда А.Оңалбаева, Т.Бердалиев, А.Ергешов, М.Жолдасов І орын, Е.Сәрсенбаев, А.Байгебекова, А.Сапар, Д.Нышан, С.Батырова, Е.Абдихадиров, Ш.Абдуалиева, Г.Мауленова, А.Абдрали, А.Кененбаева, А.Комалов, С.Базарбай, М.Ахмедхужаев, М.Смайыл ІІ орын иегерлері атанып мадақтамалар алды.

8-сынып тәрбиешісі жас маман А.Султанов сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырып өткізді.

«Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мелекеттік мекемесінің өкілдерімен бірлесе отырып 9-11 сынып оқушыларымен ауылдық жерлерде мемлекеттік жастар саясатын дамыту мен жастардың белсенділігін арттыру, «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасын, «Дипломмен ауылға» бағдарламасын насихаттау мақсатында кездесу өткізілді.

Жаратылыстану пәндері әдіс берлестігі мүшелерінің ашық сабақтары ұйымдастырылды.

Физика пәні мұғалімі Н.Мырзакулованың ашық сабағында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары жоғары екендігі айқын байқалды.

Жас тәрбиешілердің ашық үлгілік тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Алматы қаласында жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен Жолдасбеков атындағы халықаралық ғылыми жоба байқауына математика пәні бойынша 10-сынып оқушысы Құрбанбек Ерұлан қатыстырылды.

Қашықтықтан ғаламтор арқылы психология, физика және математика пәндері бойынша ұйымдастырылған Қазақстандық интернет олимпиадасына оқушылар мен мұғалімдер қатыстырылды.

9-сыныптармен «Өзіңді өзің тани біл» атты тренинг сабақ өткізілді. Тренингтің мақсаты: өзін-өзі және қоршаған ортаны тану. Өзінің ішкі жан дүниесіне үңіліп, өзін-өзі тану негізінде, адамгершілік-рухани әлеуетін көтеру, баланың өзіндік «Менін» қалыптастыру және оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату, адамгершілік құндылықтарын үйренуіне ықпал ету, сенімін нығайтуға жол ашу. Өзін-өзі түсінуге, өзін –өзі бағалай білуге және өзін-өзі жаман әрекеттен жақсы әрекетті ажырата білуге тәрбиелеу.

11-сынып оқушыларымен «Стреспен күресу, жолдарын үйренейік» атты тренинг сабақ өткізілді. Тренингтің мақсаты: жаттығулар жасау арқылы оқушылардың

көңіл күйлерін көтеру, стресті жену жолдарын үйрету. Тренинг барысында оқушылардан «Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» атты тест алынды. Оқушылар тренингтен үлкен әсер алды.

03.03-04.03.2018ж күндері 8-10 сыныптармен «Заңды білу –заман талабы» атты тақырпта лекция сабақтар өткізілді. Мақсаты: оқушыларға еліміз қабылдаған Ата заңның өмірлік қажеттілігін ұғындыру. Заңды өмірде қолдана білуге үйрету , құқықтық сауаттылығын жетілдіру . Заң негізінде өз құқығын талап етуге баулу, патриоттыққа тәрбиелеу.

Лекция сабақ барысында оқушылар көптеген мәліметтер алып , бір-бірімен пікір алысып, ойларын ортаға салды .Құқық, әділеттік, теңдік ,ізгілік ,қоғамға негізделген тәртіп ережелерін естен шығармауымыз керек екендігін ұқты.

06.03.2018 ж күні 9-сыныптармен «Отбасы- тәрбиенің басты ұясы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді . Мақсаты: бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы ,өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі , өнегесі және ата-ана баланың бас ұстазы екенін түсіндіру. Дөңгелек үстел барысында оқушылар мен ата-аналар бір-бірлеріне сұрақ қою арқылы пікір алмасты . Бала тәрбиесіне ең алдымен оның өз ата-анасының еңбекқорлығы , ұстамдылығы , ақыл-ой , сана-сезімі ,адамгершілігі әсер етпек деген қорытынды жасалды.

11.03.2018ж күні 9-10 сыныптармен «Кім боламын?» тақырыбында ашық сабақтар өткізілді . Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдауға көмектесу, түрлі маман иелерінің атқаратын қызметін ұғындыру , оқушы шығармашылығын ,тілін,ойын дамыту. Кәсіпке тәрбиелеу , адамгершілік тәрбиесін беру.

15.03.2018ж күні «Темекі шегудің зардабы» тақырыбында 9-10 сыныптармен лекция сабақтар өткізілді . **Мақсаты:** Қазіргі заманның кеселді дерті темекінің зиянды әсері ,туғызатын ауру түрлері туралы түсінік қалыптастыру, денсаулықты сақтау ,бос уақытты тиімді пайдалануға тәрбиелеу. Лекция сабақтар барысында темекінің зиян жақтары жайлы бірнеше қызықты мәліметтер ұсынылып, бейнероликтер көрсетілді. Оқушыларға темекінің шығу тарихына, темекінің зияндылығына байланысты оларды ойландыратын бірнеше сұрақтар қойылды.

18.03.2018ж күні «Мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты мұғалімдерге оқушылармен қарым-қатынас жасау үрдерісінде методикалық көмек көрсету, өзара пікір алмасу. «Бала дамуындағы жеткіншек кезеңінің ерекшелігі- оның аталуында «өтпелі».Бұл ұғымдарда өмірдің бір кезеңінен екінші кезеңіне өтуге байланысты, осы жастағы жүретін даму процесінің қиындығы , күрделілігі мен маңыздығына көз жеткізілген, балалықтан ересектікке өту жеткіншектік кезеңінің жан- жакты дамуындағы дене, ақыл-ой, өнегелік, әлеуметтік тәрбиенің негізгі мәнін және

специялық айырмашылығын құрайды», - деп қорытынды жасады ұйымдастырушы педагог Т.Бегімқұлов. Дөңгелек үстелде қатысушылар тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, соңынан талқылауға, өз ойларымен бөлісуге кезек берілді. Дөңгелек үстел қорытындысында егер үлкендер жеткіншік кезеңінің ерекшелігін, баланың табиғатында болып жатқан өзгерістерін дұрыс түсініп оған дұрыс әсер ете алса бала дұрыс бағытта дамиды деген қорытынды жасалды.

18.03.2018ж күні 11-сыныптармен «Стреспен күресу жолдарын үйрету» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Мақсаты жаттығулар жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру, стресті басу, жеңіл жолдарын үйрету. Тренинг барысында оқушылардан «Сіз стресті бағындыра аласыз ба?» атты тест алынды және релаксациялық жаттығулар мен Сарқырама әдісі орындалды.

25.05.2018ж. соңғы қоңырау салтанатты жиыны ұйымдастырылды. Мерекеге арнайы келген қонақтар қатарында аудандық білім бөлімінен бас маманы Әжібаева Алтыншаш, зейнеткер ұстаз Л. Казиева, демеушілер тарапынан Гулмира Хасенқызы, ата-аналар ұйымының төрағасы К.Бейсенбаев болды.

2017-2018 оқу жылын аяқтау және жалпы білім беретін оқу орындарының білім алушыларының қорытынды аттестаттауын өткізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы №74 бұйрығы, «Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы 29 наурыз күнгі №105 бұйрығы шықты. 2018 жылғы 02 сәуір күні педагогикалық кеңес өтіп, онда емтихандарды өткізу мәселесі қаралды.

2017-2018 оқу жылының 2-жарты жылдығын 325 оқушымен бастадық. 2-жарты жылдық бойында мектебімізге келген оқушы болған жоқ, 6 оқушы кетті. Нәтижесінде 2-жарты жылдық соңында мектеп бойынша 319 оқушы болды. Оның ішінде 7А сыныбында- 27 оқушы, 7Б сыныбында-27 оқушы, 7В сыныбында-17 оқушы, 8А сыныбында-28 оқушы, 8Б сыныбында- 28 оқушы, 8В сыныбында-15 оқушы, 9А сыныбында-24 оқушы, 9Б сыныбында-21 оқушы, 9В сыныбында-10 оқушы, 10А сыныбында- 24 оқушы, 10Б сыныбында- 23 оқушы, 10В сыныбында-17 оқушы, 11А сыныбында-23 оқушы, 11Б сыныбында- 23 оқушы, 11В сыныпта-12 оқушы бар.

Барлық пәндер бойынша қорытынды бағалар қойылып, үздіктердің, екпінділердің, үші бар оқушылардың үлесі төмендегідей болды :

к/с	мазмұны	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып	мектеп бойынша	%
1	II жарты жылдық соңындағы оқушы саны	71	71	55	64	58	319	100
2	Оқу озаты	30	41	25	34	30	160	50,1
3	Екпінділер	40	23	29	29	28	149	46,7

4	«3»- бар оқушы	1	7	1	1	0	10	3,1
5	Таза-3	0	0	0	0	0	0	0
6	Үлгермеушілер	0	0	0	0	0	0	0
7	Екінші жылға қалғандар	0	0	0	0	0	0	0

Жылдық қорытынды бойынша пәндердің білім сапасы мынадай болды:

1. Алгебра- 98 %
2. Геометрия -98,4 %
3. Физика-99,3 %
4. Информатика- 100 %
5. Химия- 99 %
6. География-99,6 %
7. Биология-99,7 %
8. Қазақстан тарихы-99 %
9. Дүние жүзі тарихы-96 %
10. Адам.қоғам.құқық -100 %
- 11.Қазақ тілі-99 %
- 12.Қазақ әдебиеті- 99,6 %
- 13.Ағылшын тілі-100 %
- 14.Орыс тілі-99 %
- 15.Орыс әдебиеті-100 %
- 16.Дене шынықтыру-100 %
- 17.Сызу-100 %
- 18.АӘД-100 %
- 19.Технология-100 %

Мектеп бойынша білім сапасы: 99 %

Барлық негізгі пәндер бойынша қорытынды бақылау жұмыстары алынып, ол мектеп бойынша келесідегідей нәтиже көрсетті:

Қ/с	Пәннің атауы	Сынып	Орташа баға	Үлгерім %	Білім сапасы %
1	Қазақ тілі	7-11	4,4	100	93,8
2	Орыс тілі	7-11	4,4	100	92
3	Ағылшын тілі	7-11	4,7	100	98,2
4	Алгебра	7-11	4,3	100	88,4

5	Физика	7-11	4,1	100	86,1
6	Информатика	7-11	3,8	100	83,3
7	Биология	7-11	4,4	100	96
8	Химия	8-11	4,4	100	93,4
9	Қазақстан тарихы	7-11	4,4	100	92
10	География	7-11	4,2	100	94,3
	Барлығы:		4,3	100	91,7

Жазба жұмыстарының нәтижесі айлық сыныма тест қорытындыларымен сәйкес келеді.

11-сынып оқушыларының мамыр айындағы ең соңғы ҰБТ байқау тестінің жалпы орташа балы-126 болды.

Кешенді тәрбие бағыттары бойынша тәрбие жоспары толыққанды орындалған.

Оқу жылы бойында облыстық, республикалық деңгейлердегі семинарларға-41 мұғалім қатысып, біліктілігін шыңдады. «Назарбаев зияткерлік мектептерімен» тұрақты түрде әдістемелік-шығармашылық байланыс жасалып, оқу-тәрбие жүйесіне зияткерлік мектептердің бірқатар жобалары сәтті кіріктірілді.


2017-2018 оқу жылында ешқандай өрескел жағдай орын алған жоқ.

Келесі оқу жылына қажетті оқу құралдарға, заттарға, кадрларға сұраныс берілді.

2017-2018 оқу жылындағы жетістіктері

Республикалық пән олимпиадасының облыстық кезеңі

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Мұғалімі
1.	Оразымбет Нұрдәулет	тарих	11	I орын	Ербосын Қ.
2.	Пармаш Гүлжан	тарих	9	II орын	Бегайдарова И.
3.	Әмірбеков Бекболат	математика	11	III орын	Абдикулова Ш.
4.	Нұралықызы Ардақ	химия	10	III орын	Әлтай Г.
5.	Әкім Жансая	биология	11	III орын	Елікбаева Ж.
6.	Асанова Арайлым	Қазақ тілі, әдебиеті	10	III орын	Амирбекова Б.
7.	Анарбай Сүндетқали	информатика	10	номинация	Алмұханов Қ.
8.	Мирзабоев Алдияр	информатика	11	номинация	Алмұханов Қ.
9.	Ақжол Сымбат	биология	9	номинация	Еликбаева Ж.
10.	Құрбанбек Ерұлан	математика	10	номинация	Исмаилова А.
11.	Тұлбасаев Елдос	физика	10	номинация	Мырзакулова Н.
12.	Балабекова Айтолқын	физика	9	номинация	Оралбеков Ғ.
13.	Түймебай Ләйла	химия	11	номинация	Әлтай Г.
14.	Қалыбек Қуанышбек	география	9	номинация	Атамкулов Е.
15.	Мұғал Мейрамбек	математика	9	номинация	Джуманов С.



Республикалық пән олимпиадасының республикалық кезеңі

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Олимпиаданың атауы	Оқушының жетістігі	Мұғалімі
1.	Оразымбет Нұрдәулет	тарих	11	Республикалық пән олимпиадасы	Грамота	Ербосын Қ.

Республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі

№	Оқушының аты-жөні	Секциясы	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1	Құрбанбек Ерұлан Құлыншақұлы	Қолданбалы математика	10	II орын	Исмаилова А.
2	Дүйсенбай Абылай	Қолданбалы математика	10	II орын	Исмаилова А.
3	Дүйсен Нұржігіт	Қоршаған ортаны қорғау	9	III орын	Әлтай Г.

Республикалық ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңі


№	Оқушының аты-жөні	Секциясы	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1.	Құрбанбек Ерұлан Құлыншақұлы	Қолданбалы математика	10	грамота	Исмаилова А.
2.	Дүйсенбай Абылай	Қолданбалы математика	10	грамота	Исмаилова А.

Президенттік олимпиаданың облыстық кезеңі

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1.	Әмірбеков Бекболат	математика	11	II орын	Абдикулова Ш.

Жамбыл Қаппаров атындағы физика-математика олимпиадасы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1.	Құрбанбек Ерұлан	математика	10	I орын	Исмаилова А.
2.	Әмірбеков Бекболат	математика	11	II орын	Абдикулова Ш.
3.	Тулбасаев Елдос	физика	10	II орын	Мырзакулова Н.




№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Оқушының жетістігі
1.	Мергенбай Бақытжан	7	III орын
2.	Тілләбек Ердәулет	8	III орын
3.	Байдулла Аяжан	8	III орын
4.	Мошколова Диана	8	III орын
5.	Нурмахан Лаура	9	III орын
6.	Жұмаділлә Сымбат	10	III орын
7.	Қарсыбай Нұрахмет	10	III орын

«Ақбота» зияткерлік сайысы


«Самұрық» облыстық математикалық зияткерлік сайысы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі
1.	Оразбай Жасарал	Математика	7	I орын, медаль
2.	Әбдіәлі Әлиасқар	Математика	7	II орын
3.	Әзімхан Мереке	Математика	7	II орын
4.	Тыныштық Ерболат	Математика	8	II орын
5.	Түменбай Бексұлтан	Математика	10	II орын
6.	Анарбай Сүндетқали	Математика	10	II орын
7.	Жұмаділлә Аружан	Математика	10	II орын
8.	Ешанқұл Айжан	Математика	8	II орын
9.	Зиятай Аяұлым	Математика	8	II орын
10.	Қабыл Мадина	Математика	8	II орын
11.	Абдирахим Аида	Математика	9	II орын
12.	Дүйсен Нұржігіт	Математика	9	II орын
13.	Қанат Әсем	Математика	9	II орын
14.	Ербаев алмас	Математика	10	II орын
15.	Қаныбек Ердаулет	Математика	10	III орын
16.	Жұмаділлә Сымбат	Математика	8	III орын
17.	Жамал Саян	Математика	10	III орын
18.	Төребек Жанар	Математика	9	III орын




**«Алтын ұрпақ» атты облыстық
зияткерлік олимпиадасы**

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі
1.	Есіркепова Мадина	Тарих	11	I орын, медаль
2.	Нұрмахан Лаура	Тарих	8	I орын, медаль
3.	Әзімхан Мереке	Тарих	7	I орын, медаль
4.	Хаймділдә Нұркелді	Тарих	11	II орын
5.	Жарылқасын Назарбек	Тарих	10	II орын
6.	Сыдық Аяжан	Тарих	9	II орын
7.	Төребеков Алихан	Тарих	9	II орын
8.	Орынбек Бақкелді	Тарих	8	II орын
9.	Тұрсунмурат Венера	Тарих	7	II орын
10.	Асқар Шұғыла	Тарих	7	II орын
11.	Садуахас Медеу	Тарих	10	III орын
12.	Қанат Әсем	Тарих	9	III орын
13.	Абдирахим Аида	Тарих	9	III орын
14.	Суннатова Құралай	Тарих	7	III орын
15.	Әбубәкір Зарина	Тарих	7	III орын
16.	Жорабек Азад	Тарих	7	III орын
17.	Айкулова Жұлдыз	Тарих	7	III орын
18.	Сламхан Ақбота	Тарих	7	III орын



**«Алтын қыран-ерекше дарын иесі» атты облыстық
зияткерлік олимпиадасы**


№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Оқушының жетістігі
1.	Тайбек Айдынбек	9	I орын, медаль
2.	Қаныбек Ердаулет	9	II орын
3.	Сман Айдын	10	II орын
4.			



«British Bulldog» халықаралық конкурсы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1.	Хасен Исмаил	Ағылшын тілі	7	III орын	Маликова С.
2.	Жорабек Азад	Ағылшын тілі	7	III орын	Тастанова А.


3.	Азимхан Мереке	Ағылшын тілі	7	III орын	Тастанова А.
4.	Аскар Шугыла	Ағылшын тілі	7	III орын	Тастанова А.
5.	Шаденов Нурахмет	Ағылшын тілі	7	III орын	Тастанова А.
6.	Мырзакул Жаныл	Ағылшын тілі	7	III орын	Тастанова А.
7.	Тағайбек Нурбакит	Ағылшын тілі	7	III орын	Маликова С.
8.	Мустапаев Нұртас	Ағылшын тілі	7	III орын	Маликова С.
9.	Мадали Нұрайлым	Ағылшын тілі	7	III орын	Маликова С.
10.	Арипбай Нұрай	Ағылшын тілі	7	III орын	Маликова С.
11.	Исламхан Адилет	Ағылшын тілі	7	III орын	Тастанова А.
12.	Сахан Асылбек	Ағылшын тілі	7	III орын	Тастанова А.
13.	Абдирахим Аида	Ағылшын тілі	9	III орын	Тастанова А.
14.	Мереке Елдос	Ағылшын тілі	9	III орын	Маликова С.
15.	Батырова Сарвиноз	Ағылшын тілі	9	III орын	Тастанова А.
16.	Оспанова Ақмарал	Ағылшын тілі	9	III орын	Тастанова А.
17.	Музаппархан Бақдаулет	Ағылшын тілі	7	II орын	Тастанова А.
18.	Турсунмурат Венера	Ағылшын тілі	7	II орын	Маликова С.
19.	Сейлбек Адилжан	Ағылшын тілі	7	II орын	Маликова С.
20.	Жұмадилла Ернар	Ағылшын тілі	7	II орын	Маликова С.
21.	Зұлбұхар Алмат	Ағылшын тілі	8	II орын	Маликова С.
22.	Тлеубаева Алуа	Ағылшын тілі	8	II орын	Тастанова А.
23.	Турган Динмухаммед	Ағылшын тілі	8	II орын	Тастанова А.
24.	Мергенбай Бакитжан	Ағылшын тілі	7	II орын	Тастанова А.
25.	Лесбаев Шынғыс	Ағылшын тілі	7	II орын	Маликова С.
26.	Жолдыбаева Жанел	Ағылшын тілі	7	II орын	Тастанова А.
27.	Бүрилбай Ерасыл	Ағылшын тілі	7	II орын	Тастанова А.
28.	Абдукадир Молдир	Ағылшын тілі	7	II орын	Маликова С.
29.	Сейткарим Айкын	Ағылшын тілі	7	II орын	Тастанова А.



Жалпы білім беретін пәндер бойынша
7-8 сынып оқушылар арасындағы республикалық «Жасөспірімдер
олимпиадасының» облыстық кезеңі

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Оқушының жетістігі	Мұғалімі
1.	Бүрилбай Ерасыл	математика	III орын	Дурменова А.
2.	Сламхан Ақбота	биология	III орын	Еликбаева Ж.
3.	Нұржігіт Мәди	физика	II орын	Оралбеков Ғ.
4.	Абдулла Бақдаулет	информатика	II орын	Алмұханов Қ.
5.	Турсунмурат Венера	биология	II орын	Еликбаева Ж.
6.	Мырзахан Даниал	химия	I орын	Әлтай Г.
7.	Әлеуетдинов	физика	I орын	Пиашова Г.

	Алтынбек			
--	----------	--	--	--



«Қоғамдық сананың рухани жаңғыруы» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (ғылыми жоба)

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1.	Сайлауов Ернұр	тарих	9	I орын	Бегайдарова И.

Облыстық Кіші ғылым академиясы сырттай байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1.	Толтебаева Қасиет	тарих	8	II дәрежелі диплом	Момбиева Т.
2.	Сыдық Ааяжан	қазақ әдебиеті	9	Алғыс хат	Бейсенбай Н.

«Ұлы дала дарыны» халықаралық өнер және білім байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Номинациясы
1.	Оралов Бақдәулет	Өнер	11	Бас жүлде, медаль	Жас сахна

«Көк тудың желбірегені» атты Республикалық көркем сөз, ән-би байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Номинациясы
1.	Оралов Бақдәулет	Өнер	11	Бас жүлде (теледидар)	Сахналық көрініс


«Kazygurts got talent» атты Республикалық көркем сөз, ән-би байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	категориясы
1.	Оралов Бақдәулет	Өнер	11	I орын	Ән айту

**«Русский медвежонок-языкознание для всех»
халықаралық конкурсы**

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1.	Мустапаев Нұртас	Орыс тілі мен әдебиеті	7	I орын	Нұрлыбекова Н.
2.	Мадали Нұрайлым	Орыс тілі мен әдебиеті	7	I орын	Нұрлыбекова Н.
3.	Амантай Айжаркын	Орыс тілі мен	8	II орын	Нұрлыбекова Н.

		әдебиеті			
4.	Жумадилла Ернар	Орыс тілі мен әдебиеті	8	II орын	Нурлыбекова Н.
5.	Мамыров Асаналихан	Орыс тілі мен әдебиеті	8	II орын	Насырова О.
6.	Абжаппарова Асем	Орыс тілі мен әдебиеті	8	II орын	Насырова О.
7.	Турган Динмухаммед	Орыс тілі мен әдебиеті	8	III орын	Насырова О.
8.	Толтебаева Касиет	Орыс тілі мен әдебиеті	8	III орын	Насырова О.
9.	Тургынов Бауыржан	Орыс тілі мен әдебиеті	8	III орын	Нурлыбекова Н.
10.	Абубакир Зарина	Орыс тілі мен әдебиеті	7	III орын	Нурлыбекова Н.



«Жарқын болашақ» X республикалық қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңі

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жектешісі
1.	Нәдірбек Балауса	Қазақ тілі	10	III орын	Амирбекова Б.

«Республикалық Мағжан оқуларының облыстық кезеңі» байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1.	Жүрсінбек Жамал	Қазақ тілі мен әдебиеті	11	III орын	Бейсенбай Н.

«XIX облыстық Абай оқулары» байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
1.	Жүрсінбек Жамал	Қазақ тілі мен әдебиеті	11	I орын	Бейсенбай Н.
2.	Нәдірбек Балауса	Қазақ тілі мен әдебиеті	11	II орын	Амирбекова Б.

«Қазақ батырлары эпосы жыршыларының IV байқауы және Махамбет оқулары» байқауы

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі	Жетекшісі
---	-------------------	------	--------	--------------------	-----------

1.	Жүрсінбек Жамал	Қазақ тілі мен әдебиеті	11	II орын	Бейсенбай Н.
----	-----------------	-------------------------	----	---------	--------------

Қазақстан интернет олимпиадасы (КИО)

№	Оқушының аты-жөні	Пәні	Сыныбы	Оқушының жетістігі
1.	Тілеубаева Алуа	физика	8	I орын
2.	Алтынбек Бекнұр	физика	7	I орын
3.	Сүттібаев Бек	физика	9	I орын
4.	Анарбай Сүндетқали	физика	10	I орын
5.	Балабекова Айтолқын	физика	9	I орын
6.	Сламхан Ақбота	физика	7	II орын
7.	Темір Нұрмахан	физика	10	II орын
8.	Спабек Аяұлым	физика	8	II орын
9.	Асқар Шұғыла	физика	7	II орын
10.	Наушабек Аружан	физика	8	II орын
11.	Сүлеймен Самат	физика	8	II орын
12.	Жұмаділла Ернар	физика	8	II орын
13.	Абдиев Ердәулет	физика	8	II орын
14.	Қалыбек Беболат	физика	9	II орын
15.	Мереке Елдос	физика	9	II орын
16.	Зұлбұхар Алмат	физика	8	II орын
17.	Арыстанбаев Алижан	физика	7	II орын
18.	Орынбек Бақкелді	физика	8	III орын
19.	Досова Аружан	физика	7	III орын
20.	Әбдуәлі Әлиасқар	физика	7	III орын
21.	Мәдәлі Нұрайлым	физика	7	III орын
22.	Төребеков Алихан	физика	9	III орын
23.	Тайбек Айдынбек	физика	9	III орын
24.	Пардакулова Арайлым	физика	8	III орын
25.	Мұрат Динара	математика	9	I орын
26.	Бошай Ақнұр	математика	11	I орын
27.	Қабашбаева Айнұр	математика	11	II орын
28.	Мырзақұл Гүлжан	математика	9	II орын
29.	Құрбанбек Ерұлан	математика	10	II орын
30.	Балабеккова Айтолқын	математика	9	III орын
31.	Жұмаділла Аружан	математика	10	III орын
32.	Қанат Әсем	математика	9	III орын
33.	Төребек Жанар	математика	9	III орын
34.	Алшынбек Мағжан	математика	8	III орын

«Золотое Руно» тарих және әлем мәдениеті бойынша халықаралық XVI зияткерлік ойын сайысы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Оқушының жетістігі
1.	Абжаппарова Асем	8	I орын
2.	Мошкалова Диана	8	I орын
3.	Мамыров Усеналихан	8	I орын
4.	Батырова Сарвиноз	9	II орын
5.	Бабаханқызы Аружан	9	II орын

6.	Муратова Аида	10	II орын
7.	Шакирбек Медея	9	II орын
8.	Нурланова Нурлыайна	9	II орын
9.	Абдуалиева Акерке	9	II орын
10.	Кыдырбай Ернар	9	II орын
11.	Тастан Диас	9	II орын
12.	Тургынбек Жибек	9	II орын
13.	Асханбек Байдыбек	9	II орын
14.	Бейсебай Лаура	9	II орын
15.	Жармет Нурдаулет	9	II орын
16.	Садибеков Асылжан	9	III орын
17.	Наушабек Аружан	8	III орын
18.	Торбек Жанар	9	III орын

«Бәйтерек» зияткерлік олимпиадасы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Оқушының жетістігі
1.	Жолдыбаева Жанел	7	II орын
2.	Сахан Асылбек	7	II орын
3.	Зұлбұхар Алмат	8	II орын
4.	Қанат Әсем	9	II орын
5.	Төребек Жанар	9	II орын
6.	Сыдық Аяжан	9	II орын
7.	Мадали Нұрайлым	7	III орын
8.	Лесбаев Шыңғыс	7	III орын
9.	Тілләбек Ердәулет	8	III орын
10.	Сман Айдын	10	III орын



**Облыс оқушылары арасында өткен
«Туған жерге тағзым» атты өнер фестивалі**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Номинациясы	Оқушының жетістігі
1.	Мырзахан Даниял	8	Цирк өнері	Лауреаттық Диплом
2.	Ергеш Бекмұхамбет	8	Цирк өнері	Лауреаттық Диплом

**«Бір Әлем-бір сурет» атты жас суретшілер
байқау-көрмесі**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Оқушының жетістігі
1.	Үсен Мерей	8	Бас жүлде
2.	Асанова Сара	10	I орын
3.	Абдуалиева Шынар	10	II орын

**Облыстық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының
зияткерлік ойыны**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Оқушының жетістігі
1.	Ербосын Фазыл	10	I орын
2.	Жұмаділлә Аружан	10	III орын

**Аудандық «Спорт-Рухани денсаулықтың белгісі» қыздар арасында
волейболдан өткен турнир**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Номинациясы	Оқушының жетістігі
1.	Асанова Арайлым	10	Үздік қорғаушы	Алғыс хат
2.	Асанова Арайлым	10	Үздік ойыншы	Алғыс хат

**Республикалық «Кенгуру-математика для всех»
зияткерлік конкурсы**

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Жетістігі	Жетекшісі
1.	Нуралықызы Ардақ	10	I орын	Мырзакулов Бакитжан
2.	Тинчлик Ерболат Жангибайұлы	8	I орын	Исмаилова Ақмарал
3.	Тайбек Айдынбек Мұхтарұлы	9	I орын	Джуманов Сакен
4.	Нуржигит Мади кайсарұлы	7	I орын	Дурменова Ақгулим
5.	Ерден Омар Толтайұлы	8	I орын	Спабек Айбек
6.	Пардакулова Арайлым Бакытжанқызы	8	II орын	Спабек Айбек
7.	Уразалиқызы Акбота	10	II орын	Мырзакулов Бакитжан
8.	Тағайбек Нурбакит Ганиұлы	7	II орын	Дурменова Ақгулим
9.	Ешанкул Айжан Қуанышқызы	8	II орын	Джуманов Сакен
10.	Оразбай Жасарал Ерболұлы	7	II орын	Спабек Айбек

--	--	--	--	--

Республикалық «Кенгуру-лингвист» зияткерлік конкурсы

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Жетістігі
1.	Тлеубаева Алуа	8	I орын
2.	Алекбар Тогжан	9	I орын
3.	Махамбетали Мейржан	7	I орын
4.	Дуйсенбай Ердаулет	7	I орын
5.	Бердалиев Тимур	8	II орын
6.	Амантай Акжаркын	8	II орын
7.	Жумадилла Ернар	8	II орын
8.	Жолдыбай Бекжан	9	II орын
9.	Нигай Нурсултан	7	III орын
10.	Откир Улбобек	9	III орын

Дарынды балалармен жұмыс істеудің концепциясы

Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының жұмыстарының бағдарламасы.

Ғылыми жетекшілер: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті,

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

1. Дарынды балалармен жұмыс істеу проблемасы.
2. Дарынды балалармен істелінетін жұмыстың мақсаты мен міндеті.
3. Білім беру жұмыстарын ұйымдастыру кезеңдері.
 - Дарынды балалармен жұмыс істеудің мақсаты мен міндеттерін айқындау.
 - Жұмыстың сапасы мен көрсеткіштеріне талдау жасау.
 - Жұмыс нәтижесіне талдау жасау арқылы қорытынды жасау. Ұсыныс пікірлерді жинақтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі №1125 қаулысына сай Қазығұрт ауданы Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасы Заңдарына және «Дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп туралы» Ережеге сәйкес жұмыс атқарады.

Қазығұрт ауданы Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты оқу-тәрбие мекемесі болып табылады. Онда 7-ші сыныптан бастап 11-ші сынып аралығында дарынды балалар облыс көлемінде қамтылып жалпы орта білім беру міндеттері іске асырылады. Оқушылардың табиғи және жан-жақты дамуына жағдай жасау қызметін атқарады.

Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты проблемасы: оқушылардың жеке қабілетімен, қалауына қарай оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру және оқушының жеке шығармашылық қабілетін дамыту.

Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты мақсаты мен міндеттері:

Оқушыларды, жеке ерекшеліктері мен қабілетіне қарай жүйелі, үздіксіз және жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оқытып тәрбиелеу.

Оқушыларды жеке қабілетіне қарай өз қалауы бойынша физика-математикалық бағытта оқыту. Онда математика, физика, есептеу техника негіздері пәндерінен тереңдетілген бағдарламамен оқыту, ғылыми жұмысқа бейімделуіне және жоғары оқу орнында оқуға әзірліктің кәсіптік негіздеріне баулу, қалауына қарай мүмкіндік жасау.

- Қабілетті, дарынды, зерек оқушыларды саралап оқыту.
- Оқушының жеке қабілетін зерттеу. Оның табиғи мүмкіншіліктерін және жан-жақты дамуын бағдарлап отыру.
- Қабілетті, дарынды, зерек оқушылардың жеке шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасау.
- Оқушылардың талап тілегі мен қалауына қарай әлеуметтік сұранымына қарай терең білім алуын таңдауына қарай, техникалық және жаратылыстану пәндері бойынша тереңдетілген бағдарламамен жан-жақты білім алуына мүмкіндік жасау.
- Оқушыларда әлеуметтік және адамгершілік көзқарасты қалыптастыруда тәлім-тәрбие жұмыстары жүзеге асырылады. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрлерімен әлем халықтарының мұраларына құрметпен қарауға адамгершілік, эстетикалық жағынан дамуына және Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігінің дамуына жағдай жасалады.

Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының оқу-тәрбие жұмыстарының мақсаты мен міндеті, оқу жоспары және оқу бағдарламалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен “Дарынды балаларды оқытатын білім мекемелерінің типтік оқу жоспары” негізінде жасалынып: математика, физика пәндері арнайы бағдарлама бойынша оқытылады.

Оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында біртұтас оқу-тәрбие жұмысының үйлесімді жүйесі іске асырылады. Оқушы психологиялық, дәрігерлік жағынан бақылауға алынып, дене ақыл-ой және қабілетінің дамуына ықпал жасалынады. Оқу-тәрбие процесі ғылыми әдістемелік жағынан жоғары оқу орындарымен байланыс жасай отырып қамтамасыз етіледі. Мектеп – интернатта сабақ беретін барлық мұғалімдер конкурстық жүйеде ең білікті, тәжірибелі, іскер мұғалімдер қабылданады және мұғалімдер сабақ беру барысында арнайы бағдарламалармен өтеді. Тәрбие жұмыстарында қазақтың салт-дәстүрлері мен тәлім-тәрбиесі, тарихы кенінен қолданылады. Әрбір оқушыны дамыту үшін жағдайлар жасау, оның интеллектісін байыту бағытында жұмыстар жүргізіледі. Ол үшін жалпы білім беретін пәндердің сабақтастығы үздіксіз қамтамасыз етіліп, олардың қызығушылығы мен қалауына қарай математика, физика, информатика пәндерін бағдарлап оқытылады. 7-ші және 8-ші сыныптарда оқушылар психологиялық жағынан бақылауға алынып, жалпы даму ерекшеліктері мен қабілеттері анықталады. Оқушылардың жеке шығармашылығын дамытумен бірге қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерді оқып-үйрену жүзеге асырылады. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен тәлім-тәрбие тарихы пәндері оқытылып, білім берудің зиялылық сипаты іске асырылады.

Оқушылар сабақтан тыс уақытта қалауына қарай спорт, көркемөнерпаздар, техникалық үйірмелерге қатынасады, жан-жақты дамуына және жетілуіне ықпал жасалынады.

Мектеп-интернатта оқыту мен тәрбиенің бірлігі және үздіксіздігі қамтамасыз етіледі. Әрбір сынып топтарында мұғалімдер мен психолог бірлесе отырып, олардың зейіні, ынтасы, бейімділігі, қабілетінің дамуына, олардың бойында еңбек және қоғамдық қызмет дағдыларын сіңіру, ғылымға қызығушылығын қалыптастыру, мемлекеттік білім стандарт талаптары негізінде білім сапасын арттыру, жан-жақты дамуына жағдай жасау іске асырылады. Білім беруде және тәрбие жұмыстарында озат тәсілдер мен технологиялар қолданылады. Әрбір оқушыға психологиялық жағынан диагностикалық талдау жасалынады.

Блок – модульдік жүйені, рейтингтік жүйелер және әр оқушының біліміне диагностикалық талдау жасалынады. Білім мен тәрбие берудің тиімділігі мен тәсілдерін жетілдіру мақсатында пән әдіс бірлестік жүйесі жұмыс атқарады.

- | | |
|--|---|
| 1. Физика-математика пән әдіс бірлестігі | 4. Сынып жетекшілер пән әдіс бірлестігі |
| 2. Гуманитарлық пән әдіс бірлестігі | 5. Эстетикалық пән әдіс бірлестігі |
| 3. Жаратылыстану пән әдіс бірлестігі | |

Мектеп–интернатына қабылданатын оқушылар арнаулы кешенді тест тапсырады. Тест сұрақтары оқушылардың қалауынша яғни қай бағытта оқуына байланысты беріледі. Мектеп-интернатта оқушылардың пәндік олимпиадаға және ОҒҚ, КҒА конкурстарына қатысуына және дайындалуына мүмкіндіктер жасалынады.

Мектепте мұғалімдерден шығармашылық топ түзіліп, бұл мұғалімдер өздерінің шығармашылық жұмыстарымен бірге оқушыларды да ғылыми жұмыстармен жұмыс істеуге бағыт-бағдар беріп отырады. Әдіс бірлестіктер оқушыларға білім беруде мұғалімдерге бағыт беріп отырады. Олар Қараевтың деңгейлеп оқыту немесе модульдеп оқыту, дамыта оқыту, саралап оқыту сияқты жаңа технологияларды пайдаланып оқытуда, мұғалімдерге көмек көрсетіп және оны талқылап отырады. Мектепте әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, табиғи интеллектілік қабілеттерін дамыту, қабілеттіліктің тек осы оқушыға тән ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін ерекше жағдайлар жасалынады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының талаптарына сай білім беру саясатын жүзеге асыруда тәлім-тәрбиенің принциптері: адамгершілік, дамыта оқыту, жеке дара оқыту, дифференциалды оқыту, жүктемелік оқыту, үздіксіздік принциптері сақталынады.

Дарынды балалармен жұмыс істеудің барысында мына төмендегідей міндеттер іске асырылады.

- Оқушылардың табиғи интеллектілік қабілеттерін жан-жақты дамыту;
- Оқушылардың арнайы шығармашылық қабілетін айқындау және дамыту;
- Оқушының тиянақты ынта-ықыласын және өз бетімен білім алуын дамыту;
- Оқушыларды ғылым негіздерінің терең және жан-жақты меңгеруі негізінде тұрақты дүние-танымын қалыптастыру;
- Оқушының өз бетінше білім алу дағдысын және ғылыми зерттеуге үйрету, сондай-ақ тұлғаның шығармашылық күш-қуатын дамыту;
- Кәсіби білім бағдарламасын игеруге және кәсіп түрін саналы таңдауға, қоғамдық өмірге бейім, жоғары мәдениетті, зерделі тұлғаны қалыптастыру.
- Білім беруді жүзеге асыруда, адамгершілік дамыта оқыту, жеке-дара оқыту, дифференциалды оқыту, білім берудің үздіксіздігі және тәрбиелік принциптері сақталынады.
- Жалпы білім беретін пәндер сыныптық топтар негізінде оқытылады.
- Оқушылар үш тілде еркін сөйлейді.

Түстен кейін балалар қабілеттеріне қарай саралап оқытылады, олимпиада, байқауларға дайындық сабақтары, арнайы курстар жүргізіледі.

Оқу жоспары, оқу бағдарламаларының мазмұнына ғылыми-әдістемелік жағынан профессор оқытушылардың көмегі ұйымдастырылады. Ғылыми әдістемелік ұсыныстарды, жаңа мазмұндағы оқыту формалары мен блоктың модульдік жүйелерін жетілдіру мұғалімдердің жаңа технологиямен жұмыс істеудің шығармашылық лабораториясы ұйымдастырылады. Оқушылар ғылыми зерттеушілік жұмыстарына бейімдеп, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, олимпиадаларға, конкурстарға дайындап, қатыстырылады. Оқушылардың қысқы, көктемгі, күзгі каникул кездерінде лабораториялық, практикалық сабақтарын университет базасында ұйымдастыру көзделген. Әрбір оқушының жеке табиғи интеллектілік қабілетін дамытып, ғылым негіздерін терең оқыту, шығармашылық тұлға қалыптастыру мақсатында ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізіледі. Мектеп ұжымы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының талаптарына сай оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын жоғары деңгейге көтереді. Оқушылардың белсенді әлеуметтік, адамгершілік көзқарасы қалыптастырылады. Халқымыздың ұлттық мәдениеті, салт-

дәстүрлері мен әлем халықтарының мұраларына құрметпен қарауға адамгершілік, эстетикалық жағынан дамуына жағдай жасалады. Тәрбие жұмыстарында қазақ халқының салт-дәстүрлері мен тәлім-тәрбие тарихы кеңінен қолданылады.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының іске асырылуы.

қ/с.	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1.	Қ.Р.Үкіметінің «Дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп туралы Ережеге» сай аудан мектептеріндегі дарынды, қабілетті және зерек балаларды айқындау мақсатында кешенді тест арқылы 7 сынып оқушылары арасында сынақ-емтихандарын өткізу.	мерзімінде	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
2.	Атбұлақ елді мекенінен тыс жерден қабылданған оқушыларды жатақханаға орналастыру.	31 тамыз	Жатақхана мең
3.	Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
4.	Оқушыларды алфавиттік кітапқа тіркеу, оқушылардың қозғалысына бұйрық жазу.	5 қыркүйекке дейін	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
5.	Оқушылардың ісқағаздарын ретке келтіру.	5 қыркүйекке дейін	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
6.	Оқу кабинеттерін көрнекі дидактикалық құралдармен толықтыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
7.	М.Әуезов атындағы ОҚМУ – мен байланыс жасап, келісім шартқа сәйкес жұмыстарды іске асыру.	қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
8.	Жатақханада орналасқан оқушылардың ыстық тамағын, орналасқан бөлмелерінің санитарлық жағдайларын бақылау.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, тәрбиешілер
9.	Жылу жүйелерінің, жылыту қазандығының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.	Қысқы мерзім	Мектеп әкімшілігі
10.	Мектеп бітірушілерін ҰБТ-ға дайындау	Жыл бойы	Дир.оқу ісі жөніндегі орынбасары
